

Жаһандық диалог ^{9.1}

Жылына 3 рет 17 тілде шығады

Жаһандық әлеуметтану – жаңа
бағыттарға

Сари Ханафи

Тап пен теңсіздікті
зерттеу

Тапты талдау жобасы
Пабло Перез
Родольфо Элберт
Светлана Ярошенко
Нгай-Лин Сум
Таня Мюррей Ли
Рут Патрик
Ричард Йорк
Бретт Кларк

Өсім парадигмасынан
кейін?

Джеймс К. Гэлбрейт
Клаус Дёрре
Эрик Пино
Федерико Демария
Анна Сав-Харнак
Коринна Деглер
Барбара Мурака
Габриэль Сакелларидис
Хорхе Рохас Эрнандес

Теорияның болашағы

Ариель Салле

Оңшыл популизм

Лена Лавинас
Гильерме Лейт Гонсалвес
Айше Бугра
Рамиро С.У. Каджано Бланко
Наталиа Тереза Берти
Жустина Кайта

Ашық бағана

- > Мари Яходадан шабыт алу
- > Португалиядағы еңбек қатынастары
- > Жаһандық диалогтың бенгал тобын таныстыру

ЖУРНАЛ



International
Sociological
Association
isa

БАСЫЛЫМ 9/ ШЫҒАРЫЛЫМ 1 / СӨУІР 2019
<http://globaldialogue.isa-sociology.org/>

GD



> Редакциядан

Осы жылдың шілде айында Канаданың Торонто қаласында өткен ХӘҚ XIX Бүкіләлемдік конгресі Сари Ханафиды Халықаралық Әлеуметтанушылар Қауымдастығының жаңа президенті етіп сайлады. 2019 жылғы «Жаһандық диалогтың» алғашқы шығарылымы Ханафидің өз өкілеттілігі мерзімінде ХӘҚ теориялық бағытын топшылауымен басталады. Бұл жерде ол көп заманауилық дәуірінде плюрализмнің жаңа парадигмасы айналасында әңгіме құру үшін постколониялық және поставторитарлық ұстанымдарды біріктіруді ұсынады.

Әлем бойынша оңшыл популистік партиялардың өсуімен қатар тап туралы әлеуметтанулық пікірталастар да жаңа мәнге ие бола бастады. Осы мәселе туралы алғашқы топтама дүние жүзінде таптар мен таптық қатынастардың қалыптасуы мәселелеріне қатысты қайта туындаған қызығушылықпен бірге Латын Америкасында, АҚШ, Германия мен Оңтүстік-Шығыс Азиядағы ағымдық зерттеулерді ұсынады. Аталмыш зерттеулермен байланысты топтама кедейлік пен теңсіздіктің етек алуының салдарларын зерттейді.

Ондаған жылдар бойы экономикалық өсімді қамтамасыз ету экономикалық қызметтің басым бөлігінің, сонымен бірге саяси бастамалар мен ғылыми тартыстардың өзегі болған еді. Соңғы жылдары белсенділердің басым бөлігі, сондай-ақ әлеуметтанушылар мен экономистер өсімнің шегі туралы ауқымды пікірталастарды бастап кетті. Олар болашақты және кейбір аймақтарда өсімнің тұрақты жоғары ырғағының төмендеуін, сонымен қатар ЖҰӨ өсіруге ғана бағытталған сыңаржақты ұстанымның экологиялық және әлеуметтік тұрғыда кері салдарын талқылайды. Ғалымдардың да, белсенділердің де тартыстары мүмкін баламаны және аса маңыздысы, жауапсыз қалмай отырған тұжырымдама

«анти-өсім» идеясын көтереді. Екінші топтама мақалалары болашақтағы өсім және анти-өсімнің мүмкін баламалары туралы пікірталастарды баяндайды.

Жаһандық конъюнктураны назарға ала отырып, Ариэль Салле өзінің теориялық пайымын Жердегі өмірді қамтамасыз ету үшін материалдық дағдыларына қатысты аналарды, шаруалар мен терімшілерді біріктірген таптың жаңа әлеуметтанулық талдауына арнайды. Экофеминизммен байланысты пікірталастар туралы тарихи ойларды қозғай отырып, ол сыни әлеуметтануға және қарапайым материализмге үндейді.

Латын Америкасындағы солшыл үкіметтердің ақыры әлемнің көптеген басқа аймақтарында оңшыл, кейде тіпті авторитарлы үкіметтердің қалыптасумен сәйкес келеді. Осы жерде Бразилия, Колумбия, Түркия және Польша ғалымдары оңшыл популизмнің тарихи және саяси көріністерін зерделейді.

Осы шығарылымның үш мақаласы Ашық бағанаға орналастырылды: Иоганн Бахер, Джулия Хофманн және Георг Хубманн жақында жарияланған Мари Яходаның докторлық диссертациясын таныстыра отырып, біз – әлеуметтанушылар мен саяси мүдделі азаматтар, оның өмірі мен жұмысынан қандай сабақ алуымыз керек екенін есімізге салады. Элисио Эстанке мен Антонио Казими́ро Феррейра «тройкадан» кейінгі Португалияның жаңа саяси және жұмысшы конфигурациясы туралы мәлімет берсе, Жаһандық Диалогтың бенгалдық тобы өздерін және өз жұмыстарын таныстырады. ■

Бриджит Ауленбахер мен Клаус Дёрр,
Жаһандық Диалогтың редакторлары

> Жаһандық Диалог [ХӘҚ ресми сайтында](#) 17 тілде жарияланады.

> Мақалаларды globaldialogue.isa@gmail.com жолдауға болады.

isa International
Sociological
Association

**GLOBAL
DIALOGUE**



> Редакциялық алқа

Редакторлар: Бриджитт Ауленбахер, Клаус Дёрре.

Редакторлардың көмекшісі: Йоханна Грубнер, Кристин Шикерт.

Редактордың орынбасары: Апарна Сундар.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Август Бага.

Кеңесші: Майкл Буравой.

Медиа кеңесшілер: Густаво Танигутти.

Редакциялық кеңес:

Сари Ханафи, Джеффри Плейерс, Филомин Гуттиерес, Элоиза Мартин, Савако Ширахазе, Изабелла Барлинска, Това Бенски, Чи-Ю Я Чен, Ян Фриц, Коичи Хасегава, Хироши Ишида, Грейс Хуню, Элисон Локонто, Сюзан МакДаниель, Элина Ойнас, Лаура Осо Касас, Бандана Пуркаяшта, Рода Рэддок, Мунир Сайдани, Айсе Сактанбер, Сели калон, Назанин Шахрокни.

Аймақтық редакторлар

Араб әлемі: Сари Ханафи, Мунир Сайдани.

Аргентина: Хуан Игнасио Пиовани, Алехандра Отаменди, Пилар Пи Пуч, Мартин Уртасан.

Бангладеш: Хабибул Хак Хондкер, Хасан Махмуд, Джувел Рана, Юс Рокейя Ахтер, Тоуфика Султана, Асиф Бин Али, Харун Нахар, Кази Фадия Еша, Хелал Аддин, Мухамин Чоудари, Эмди. Юнус Али.

Бразилия: Густаво Танигутти, Андреса Галли, Лукас Амарал Оливера, Бенно Уоркен, Анжела Мартинс Джуниор, Дмитри Чербончини Фернандеш.

Франция/Испания: Лола Бусуттил.

Үндістан: Рашми Жаин, Прага Шарма, Ниди Бансал, Сандип Мил.

Иран: Рейханех Жавади, Нияеш Долати, Сина Бастанни, Саед Мухамад Муталеби, Вахид Ленджанзаде.

Жапония: Сатоми Ямомото, Сара Мехара, Масатаки Егуши, Рио Танака, Мари Ямомото.

Индонезия: Каманто Сунарто, Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итрияти, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Джулиаван, Мохаммад Шохибуддин, Домингус Элид Ли, Антониус Арио Сето Харджана, Диана Тереза Пакаси, Нурул Айни, Гегер Риянто, Адитья Прадана Сетиади.

Қазақстан: Айгүл Забирова, Баян Смағамбет, Әділ Родионов, Алмаш Тілеспәева, Қуаныш Тел, Алмагүл Мусина, Ақнұр Иманқұл.

Польша: Якуб Барщевски, Катарзина Дебска, Анна-Дульни Лещинска, Кшиштоф Губански, Моника Хелак, Сара Херзынска, Жюстина Косинска, Люсия Ланге, Адам Мюллер, Вероника Пик, Зофия Пенза-Габлер, Джонатан Сковил, Маржанна Щепаняк, Агнешка Шипульска, Анна Томала, Матеуш Войда.

Румыния: Косима Ружиниш, Райса-Габриела Замфиреску, Люсиана Анастасоайе, Костинел Анята, Мария Лоредана Арсене, Диана Александра Думитреску, Раду Думитреску, Юлиан Габор, Дан Гитман, Александра Иримие-Ана, Джулия Юганару, Бианка Михайла, Андреа Елена Молдовану, Рареш-Михай Мушат, Уна-Елена Негри, Милоара Парашив, Алина Кристина Паун, Кодрут Пинзару, Сусана Мариа Попа, Адриана Соходолиану, Елена Тюдор.

Ресей: Елена Здравомыслова, Анастасия Даур, Валентина Исаева.

Тайвань: Джинг Мао Ху.

Түркия: Гүл Шарбаджоғлы, Ирмак Эврен.



ХӘҚ жаңа президенті **Сари Ханафи** бағдарламалық мақаласында жақын болашақтағы ХӘҚ туралы пікірін ортаға салады. Ол жаһандық «диалогтағы әлеуметтанудың» нығаюы үшін плюрализм парадигмасын ұсынады.



Экономикалық өсім — батыс қоғамдары гүлденуінің негізі, бірақ тауар өндірісінің үнемі артуы жер экологиясын одан әрі нашарлатты. Мұнда әлемнің әр түкпірінен жиналғандар қоғамдағы экономикалық өсімнің рөлін, оның өзекті мәселелері мен сын-тегеуріндерін, сондай-ақ осы парадигма аясынан тыс балама көзқарастарды талқылайды.



Латын Америкасындағы солшыл үкіметтердің көбінің ақыры әлемнің басқа аймақтарындағы, негізінен авторитарлық және популистік тенденцияға ие оңшыл үкіметтердің пайда болу кезеңімен тұспа-тұс келді. Бұл топтамада Бразилия, Колумбия, Түркия мен Польшаның ғалымдары **оңшыл популизмнің** тарихи және саяси дамуын зерделейді.



Жаһандық диалог SAGE

Publications ұсынған риясыз
грант негізінде жүзеге асып отыр.

> Осы шығарылымда

Редакциядан 2

> ӘЛЕУМЕТТАНУ ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕ

Жаһандық әлеуметтану – жаңа бағыттарға
Сари Ханафи, Ливан 5

> ТАП ПЕН ТЕҢСІЗДІКТІ ЗЕРТТЕУ

Жаһандық Диалогтағы Тап үшін
Projekt Klassenanalyse Jena (PKJ), Германия 8

Латын Америкасындағы таптар және таптық мүдде
Пабло Перес, Чили және **Родольфо Эльберт**, Аргентина 10

Посткеңестік Ресейдегі Кедейлік және Әлеуметтік Оқшаулану
Светлана Ярошенко, Ресей 12

Люмпенпролетариат және Қытайдағы қалалық бағыныштылар
Нгай-Лин Сум, Ұлыбритания 14

Таптың қалыптасуы және аграрлық капитализм
Таня Мюррей Ли, Канада 16

Ұлыбританиядағы әлеуметтік қамсыздандыру реформасымен өмір сүру (және күресу)
Рут Патрик, Ұлыбритания 18

Тап және экология
Ричард Йорк және **Бретт Кларк**, АҚШ 20

> ӨСІМ ПАРАДИГМАСЫНАН КЕЙІН?

Шектеуіш тізбегі эффектісі: қарқынды өсімнен тыс капитализм
Джеймс Гэлбрейт, АҚШ және **Клаус Дёрр**, Германия 23

Дамудан кейінгі жағдай
Эрик Пайно, Канада 25

Анти-өсім: түбегейлі әлеуметтік-экологиялық өзгерістерге үндеу
Федерико Демария, Испания 27

Феминизмдер мен Анти-өсім – Альянс па әлде берік қатынастар ма?

Анна Саави-Харнак, және **Корина Денглер**, Германия және **Барбара Мурака**, АҚШ 29

Анти-өсім стратегиясының мәселелері: Грекия мысалында

Габриэль Сакелларидис, Грекия 31

Чили: Неолиберализмнен Пост-Даму қоғамына ма?
Хорхе Рохас Эрнандес, Чили 33

> ТЕОРИЯНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Жаңа тапты талдаудағы экокфеминистік әлеуметтану
Ариэль Салле, Аустралия 36

> ОҢШЫЛ ПОПУЛИЗМНІҢ ЖАҒАНДЫҚ ДАМУЫ

2018 жылғы Бразилия: орта таптың оңшылдарға қарай ығысуы

Лена Лавинас және **Гильерме Лейте Гонсалвес**, Бразилия 40

Популизм, бірегейлену және нарық
Айше Бугра, Түркия 43

Латын Америкасындағы оңшыл популизм: әлеуметтік қамтамасыз етуге жеке мүдде

Рамиро Карлос Умберто Каджано Бланко, Бразилия және **Наталья Тереза Берти**, Колумбия 45

Польшадағы радикалды ұлтшылдық жаңа контр-мәдениет пе?
Жустина Кайта, Польша 47

> АШЫҚ БАҒАНА

Мари Яходадан шабыт алу
Йоханн Бахер, **Юлия Хофман** және **Джордж Хубман**, Австрия 50

Португалиядағы Еңбек Қатынастары және Әлеуметтік Диалог

Элисио Эстанк және **Антонио Казими́ро Феррейра**, Португалия 52

Жаһандық Диалогтың бенгал тобын таныстыру 54

“Әлеуметтанудағы кейбір ілімдердің әмбебаптықты тұжырымдауы аса маңызды, мысалы адам құқығын, бірақ мен әмбебаптылықты құндылықтардың еуро-америкалық тұрғыда әмбебаптануы жолымен емес, тек түйіскен мәдениетаралық ымыра арқылы мүмкіндігін ғана екенін көремін”

Сари Ханафи

> Жаһандық әлеуметтану – жаңа бағыттарға

Сари Ханафи, Бейруттың Америкалық университеті, Ливан, және Халықаралық Әлеуметтанушылар Қауымдастығының Президенті (2018-2022)



Сари Ханафи, Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығының Президенті.

2018 жылдың шілде айында Торонтода болған конгресте Халықаралық Әлеуметтанушылар Қауымдастығының (MCA) төрағасы болып сайлануым – мен үшін абырой. Келесі бөлімдерде мен осы лауазымға үміткер ретінде дайындаған бағдарламаны таныстырамын және оны күн тәртібіндегі диалогтағы әлеуметтану, поставторитарлық ұстанымға қарай ауысу мен секуляризация теориясындағы қазіргі дағдарысқа қатысты үш кезеңге бөліп көрсеткім келіп отыр.

> Диалогтағы әлеуметтану

ХӘҚ-ның сайланған төрағаларының тек екеуі ғана Еуропа мен Солтүстік Америкадан емес, мен – үшіншімін. Сириядағы, содан соң Франциядағы университеттерде оқыған, Мысырдағы, Палестина, Франция мен Ливандағы әртүрлі академиялық институттарда жұмыс істеген адам ретінде жеке және кәсіби бағыттарымның ықпалымен әлеуметтануға ерекше ықыласпен қараймын.

Себебі мен антагонистік бинарлық категорияларға (дәстүрлі/ заманауи, Шығыс/Батыс, универсализм/контекстуализм және сол сияқты т.б.) аса сақтықпен қараймын. Мен әртүрлі әлеуметтанулардың барлық кезде диалогта болуын ұсынамын. Жалпы *Диалогтағы әлеуметтану* ХӘҚ ұлттық қауымдастықтар Кеңесі Төртінші конференциясының нақты атауы болатын және Чин-Чун И-мен екеуіміз редакциялаған болашақ жинақты SAGE жариялайды. Әлеуметтанудағы кейбір концепциялар универсалдықты жақтайтыны аса маңызды, мысалы адам құқығы сияқты, алайда мен олардың әмбебаптығы еуро-америкалық құндылықтардың универсалдануы арқылы емес, әрекеттестіктегі мәдениетаралық ымыра арқылы мүмкін екендігін көріп отырмын. Демократия концепциясынан мысал келтіруге рұқсат етіңіздер. Демократия әмбебап па? Иә, солай, бірақ *телеос* тұжырымдамасы сияқты Флоран Генарды (2016) қайталау мақсатында үлгі ретінде экспорттау емес, әсіресе, 1980-жылдарда Латын Америкасында, одан кейін Шығыс пен Орталық Еуропада және тіпті кейбір араб елдерінде таралуы арқылы қалыпты жағдайға айналған тарихи тәжірибе. Осылайша, шерушілер көтерген бостандық, әділеттілік және абырой жөніндегі ұрандардың салқыны бар демократияға қиялда талпыну әмбебап болып табылады. Осы нормативті универсализм жеңіл және 2016 жылы Армандо Сальваторе «саналуан сыпайылық» деп сипаттаған нәрсеге кедергі жасамайды.

Дегенмен, біз осы пікірталасты тек отарлық жағдайдан және білім өндірісінің батыстық үстемдігінен азат болу жөнінде ғана деп ұсынғымыз келмейді, себебі постколониялық әдіс білім өндірісінің мәселелерін түсіндіру үшін жеткіліксіз. Бұл мен «поставторитарлық ұстаным» деп атайтын нәрсемен толықтырылуы тиіс. Бұл – тек отаршылдықтың ғана емес, сонымен қатар жергілікті авторитаризмнің ықпалын да есепке алу керек деген сөз.

> Поставторитарлық ұстанымға барар жолда

Отарлық дәуірдің сызаттарын мойындамауға болмайды. Олар әлі де бар; олар біреулерді жаралайды және біз қайтадан жүріп өтуге жүрексінетін жолдарды басқалардың есіне салады. Дегенмен, сыртқы факторларға көп назар аударатын, ал жергілікті мойындамайтын постколониялық зерттеулер

>>

қолданылып, зиянын тигізуі мүмкін. *Поставторитарлық зерттеулердің* постколониализммен лексикалық жақындығы біріншінің үйреншікті түрде екінші категорияның негізінде жатырған, әсіресе билік құрылымдары көзқарасы тұрғысынан, кейбір тұжырымдарға сүйенуі мүмкін дегенді білдіреді. Дегенмен, бұл біз авторитаризмге көндік және осы дәуірмен «қоштаспаймыз» дегенді білдірмейді.

Біздің концептілеуімізде авторитаризм – қоғамдық өмірде бюрократиялық және полицейлік зомбылықты қолданып, мемлекеттің жәй ғана демократиялық емес жолмен әрекет ету бағыты емес. Тап осы ақпараттық түсініктемеде барлық мемлекеттер базбір деңгейде авторитарлы. Бұл Карл Шмиттың мүлтіксіз ережесін қолданатын билеушісі бар мемлекет емес. Барлық мемлекеттерде ережеден тыс «сәттер» немесе бағыттар және авторитарлық тәжірибе болатынын білеміз. 2018 жылы Грэм Харрисон айтқандай, авторитаризм – *шындығында халықтық жауапкершілікті жүйелі түрде алып тастау немесе мемлекеттік шешімдерге қатыспауы және атқарушы биліктің бюрократияда қомақты түрде орталықтануы.*

Авторитаризмнің әртүрлі деңгейлері бар: бірі режимге тиесілі; басқасы саяси-экономикалық жүйеге; және үшіншісі тұлға деңгейінде.

> Авторитаризмнің қатыгездігі

Норберт Элиастың атақты «*Өркениеттің процесіндегі*» негізгі идеясы дербес зорлықтың (мінездің жұмсаруы) регресі қозғалысы арқылы қоғам дамиды дегенге саяды. Алайда, қазіргі кезде 2017 жылы Жозефа Ларош «репрессияланғандардың оралуы» деп атаған, немесе осы өркениеттік қозғалыстың ыдырауын көрсету үшін 1991 жылы Джордж Мосс «қатыгездікпен» ойлап тапқанның куәгерлері болып отырмыз. Егер мемлекеттік субъектілер полиция мен әскер аппараты арқылы қоғамға қатыгездікпен қараудың негізгі қатысушылары болса, онда біз мемлекеттік емес субъектілер ықпалының арта түскенінің куәсі де боламыз. Сирия мен Ливанда тұрған адам ретінде мен үшін ДАИШ пен басқа да сектанттық және интерстициалдық субъектілердің мемлекетті қоғамдық ынтымақтастықты ұйымдастыру жолымен айналып өтуі үлгі болды.

Бірақ, 1990 жылы Джеймс Розенау «суверенсіз субъектілер» деп атаған көпұлттық компаниялар мен қаржылық нарықтар сияқты жаһандық мемлекеттік емес субъектілерді туралы да ойлау керек. Дегенмен, мемлекеттік емес субъектілер мемлекеттік субъектілермен келіспей және олардың қатысуынсыз әрекет етуі сирек. Сириялық билеуші элитаның немесе сектанттық жоғары ирак билігінің саяси кеңістікті толық жауып тастамаса ДАИШ мүмкін болмас еді. Мемлекеттік және мемлекеттік емес субъектілер қоғамға ғана зомбылық көрсетіп отырған жоқ, сонымен қатар біз куәсі болып отырған әлемнің қатыгездігінен хабар береді және мүдделі тарап болып табылады. Бәрінен жаманы Сирия, Ливия мен Йеменде соғыс «саясаттың қатыгездігін» тудырып отыр, бұл саясаттың зорлық-зомбылықсыз күрделене түскенін

көрсетеді. Лароштың сөзіне қарағанда, осы қатыгездік процесі әлеуметтік байланыстар мен ынтымақтастығының бұзылуынан басталады, бұл кедейлер және шетелдіктер сияқты топтардың ұлттық қауымдастықтардан оқшаулануы мен оқшаулауға алып келеді және оларға қарсы күнделікті жабайылықты ақыр соңында қоғамға таратады.

> Неолиберал авторитаризм

Мен неолиберал авторитаризм деп атаған экономикалық және саяси өзара ықпалдастықтан ерекше саяси-экономикалық конфигурация пайда болды. Алайда, осы жаңа конфигурация қарапайым комбинаторлық нәтиже емес, неолиберализмді де, авторитарлық билікті де көп жағдайда өзгертетін артикуляцияның нәтижесі деген дұрысырақ.

Біз неолиберализм әлеуметтік және экономикалық әділетсіздік пен кедейлікті кең ауқымда туғызғанын білеміз. Дегенмен, капиталистер табы әлсіз және үстем болып табылмайтын қоғамдардағы капиталистік өзгерістерді жүзеге асыру үшін орталықтанған және күштеу билігін жүйелі және мақсатты қолдану жаңа болып табылады. Егер классикалық капиталистік қоғам билеу жүйесін демократиялық саяси тәртіп арқылы жиі жүзеге асырса, көптеген перифериялық, сонымен қатар капиталистер табы азайған және тартыс туғызатын батыстық қоғамдарда олай емес. Мемлекеттің негізін құрайтын әлеуметтік күштер, Никас Пулансас айтқандай, тек таптардан қалыптаспайды, сонымен қатар, Анибал Кихано биліктің колониялығы деп атаған уақыт пен кеңістікте әртүрлі тәсілдер арқылы көрініс беретін процестер қалыптастырған нәсілдік және гендерлік иерархиялардан тұрады.

> Авторитарланған азаматтар

Мемлекеттік және мемлекеттік емес субъектілер құрайтын саяси жүйе сияқты, авторитаризм де авторитарлы азаматтармен өзара байланыста өмір сүреді. Авторитарлық көсемдердің қиялы таңқаларлық: олар тәуелсіз дербес тұлғаларды емес, бұйрықтарын сөзсіз орындайтын сұрықсыз «ләппай, тақсырларды» іздейді. Авторитарлық азаматтардың қалыптасуы жоғарыдан ғана ұсынылмайды, ол тәжірибелік мақсаттың арқасында пайда болады.

Мейв Куктың айтуынша, авторитарлық практикалық ойдың өзарабайланыстағы екі құрамдас бөлігі бар. Біріншіден, білімнің авторитарлық концепциялары. Олар адамдардың мәртебелі тобының білімге қолжетімділігін шектейді және тарих пен контекстен алшақ ақиқат пен шындыққа деген күмәннің сөзсіз негізін қамтамасыз ететін көзқарасты бекітеді. Екіншіден, ережелер мен нормалардың ақиқаттылығын, адамдардың, олар үшін ақиқат деп жарияланғандар туралы пайымдауларынан бөліп тұратын авторитарлық ақтау тұжырымдамалары бар.

Кейбір, әсіресе, діншіл адамдармен немесе авторитарлық практикалық ойлаудың екі құрамдас бөлігінің бірін жақтаушы болса, көпшілікте сөз таластыру қиын. Жалпы азамат деген

ұғым әрбір адамның саяси дербестігі дегенді білдіргендіктен Мейв Кук азаматтардың этикалық дербестігі болуы тиіс деп есептейді. Бұл дербестік, адамдардың бостандығы жалпы әркімнің өзімдікі деп атай алатын себептерден туындайтын ізгілік туралы пайымын қалыптастыру және жүзеге асыру бостандығынан тұрады деген интуициялық түсінікке негізделеді. Араб әлеміндегі революция мен контрреволюция процесінде, сонымен қатар демократиялық күштерді анықтау туралы пікірталастарда тіпті секуляризация парадигмасына ерекше көңіл бөле отырып, элитаның практикалық пайымдарына сирек назар аударылады. Зайырлы күштер жүйелі түрде авторитарлық практикалық пайымдарды қабылдай қоймайды, ал саяси исламдық қозғалыстар болса, тек осы тұжырымдарды күнделікті қолданатыны анық. Әрине, бұл тым қарабайыр және мұқият зерттеуді талап етеді, өйткені элитаның осы екі тармағында да авторитарлық азаматтар табылуы мүмкін. Бұл жағдай мені секуляризация теориясының нақты дағдарыста және азаматтардың дінмен қарым-қатынасындағы өзгерістерді түсіндіре алмайды деген пайым жасауға итермелейді.

> Секуляризация теориясының дағдарысы

Секуляризация демократия мен заманауилыққа апарар маңызды жол болып отырғанына қарамастан, бұл процесті кейбір ауытқушылық пен дімкәстіктен арылту үшін постсекулярлық негізде қарастырылуы тиіс. ХӘҚ дін әлеуметтануы бойынша Зерттеу комитетінің (ЗК22) президенті Джим Спикардпен жақында болған әңгімеде ол әлеуметтанудың өз тарихында секуляризация теориясын жақтағанын және оны Дэвид Мартин, Мануэль Васкес және өзі сияқты әлеуметтанушылар XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында Францияда ертеректегі әлеуметтанушылардың реакциялық дінге қарсы күресіндегі интеллектуалдық жекпе-жегі деп танытынын мойындады. Питер Бергердің ойынша, бұл теория заманауилықтың дінді құлдырауға алып келетінін анықтаған, эмпириялық тұрғыда жалған және нюансталған плюрализм теориясымен ауыстырылуы тиіс. Дінді «өткен шақ», ал әлеуметтануды «келер шақ» деп сипаттаған эволюционизм біздің санамызға секуляризация қағидасын сіңірді. 1980 және 1990-жылдардағы діннің қоғамдық жаңғыруы нәтижесі аяқасты «фундаментализм» және «заманауилыққа қарсы реакция» деп сипатталды. Ульрике Попп-Байердің айтуына қарағанда, үдей түскен осы пікірталас үш мінсіз типтік мета-нарративтерден қалыптасты. Бірінші – ғылыми дүниетанымның кең таралуына байланысты діни шығу тегі, практика мен көзқарастың құлдырауы туралы әңгіме. Екіншісі – «көрінбейтін дін», «жасырын дін», «мүшеліксіз сенім», «орнын басар дін», «дінді қылмыстық қудалау» дәйектерімен сондай-ақ, соңғы жылдары индивидуалдану және субъективтенуімен қатысты жалпы мәдени және қоғамдық өзгерістердің аясында діннің әлеуметтік формаларының метаморфозасын болжай отырып, айқындала бастаған «руханилықпен» байланысты *трансформация* туралы баян. Үшінші – діни өмірді діни плюрализм және бәсекелес діни ұйымдар нарығымен байланыстыратын өсім

туралы баян; ислам жағдайында бұл өсім радикализммен және тіпті терроризммен байланысты.

Заманауи қоғамдағы діндер мен діншілдіктің санауан түрлерінің пайда болуына алып келген әртүрлі интеллектуалдық дәстүрлер, кең тараған діндер мен институттық көріністерді талдау үшін кейбір географиялық аймақтарды діни немесе зайырлы деп сипаттайтын толып жатқан қалыптардың шеңберінен шығуымыз керек. Әлеуметтанулық пікірталастарда діннің демократия мен көпшілік ортадағы орнын талқылау маңызды. Джон Ролс жасап отырғандай, өзінің саяси көзқарасын ақтап алу үшін қандай дінге сенетініне қарамастан азаматтарға моралдық жауапкершілік жүктеу дұрыс емес. Хабермас *Плюрализмде* діннің қоғамдық саладағы орнын мойындайды және басқа діндер мен дүниетанымдық ойлардың айыптауына, зайырлы білімге, әсіресе, ғылыми тәжірибеге, және саяси алаңдағы зайырлықтың мәртебелілігіне қатысты эпистемологиялық ұстанымды жасақтау үшін діни қауымдар герменевтикалық өзіндік рефлексияға қатысуы тиіс дегенді шегелейді. Алайда, «діни» себептерді «зайырлыдан» айыру шынында мүмкін бе? Даррен Вальхоф (Darren Walhof, 2013) сияқты ғалымдар «құдай сөзі, саясат және діни қауымның ерекшелігі бірі бірімен байланысты, себебі жаңа саяси контексте діни көсемдер мен азаматтар өздерінің діни қағидаларын қолданады және қайта өңдейді» деп тұжырымдайды.

Дегенмен, құқықтың, діннің, саясаттың және қоғамның бірігуі сектанттық сияқты кейбір жағымсыз нәтижелерге алып келді. Таяу Шығыстағыдай шиеленісті аймақтарда сектанттық – қақтығыстың негізгі себептерінің бірі, сонымен қатар 2017 жылы Азми Бишара «қиялдағы секталар» деп атаған жергілікті бірегейліктің қалыптасу тетігі де болып табылады. Осы қисынға сәйкес Израиль жақында Израильде және палестиналық аумақта апартеид саясатын жалғастыра отырып, еврейлердің ұлттық өзін-өзі басқаруға ерекше құқы бар дегенді жариялайтын заң қабылдады.

> Қорытынды

«Либералдық емес демократиялардың» артуымен және кейбір мықты демократиялардың азаматтық құқықтар мен бостандықтарды шектеуіне байланысты ХӘҚ әлем бойынша көптеген адамдардың бүгінгі күнгі үрейі мен сезімдерінен назар аударуы тиіс. Ханна Арентс тоталитаризмнің шығу тегін сыртқы (империализм, көпұлтты империялардың дағдарысы) және ішкі (антисемитизм және нәсілшілдік) факторлардың үйлесімі арқылы көрсетіп берді. ХӘҚ осы сарында отаршылдық пен авторитаризмнің талдауын біріктіруі қажет. Заманауилықтың көптігі дәуірінде дін мен плюрализмнің жаңа парадигмасы айналасында әңгіме жүргізуі тиіс. Бұл тек бүгін жаһандық ахуалды сипаттайтын микро- және макро-өлшемдердің үйлесімін түсіну үшін неғұрлым нақты негіз жасау және 2017 жылғы Алатас пен Синханың кітабының атауындағыдай «ережеден тыс әлеуметтанулық теорияны» құрастыру жолымен ғана жүзеге асуы мүмкін. ■

Хаттарды Сари Ханафиге <sh41@aub.edu.lb> жолдауға болады.

> Жаһандық Диалогтағы Тап үшін

Тапты талдау жобасы, Йена Университеті, Германия

> Таптық теория бізге не үшін қажет – ЙТЖ (РКЖ) серіктестер іздейді

Бүгінгі күні дүниежүзілік экономикалық дағдарыс жағдайында бүкіл әлем бойынша әлеуметтік теңсіздіктің тереңдеуін және күш алып келе жатырған әлеуметтік наразылықтарды байқап отырмыз. Бұл тіпті капиталистік орталықтарға да тән. Ресми статистикаға сәйкес, 2017 жылы неміс халқының 19% кедейлік немесе әлеуметтік оқшаулану қаупіне ұшырады; басқа зерттеулер оған ілесе арта түскен әлеуметтік поляризацияны көрсетіп берді. Дегенмен, әлемнің басым бөлігі саяси құқыққа қарай ойысуда. Осы өзгерістерге сәйкес, қоғамдық пікірсайыстарда соңғы онжылдықта тіпті бой көрсетпеген «тап» ұғымы – әсіресе, Германияда – біртіндеп академиялық және саяси дискурста қайта оралғанын көріп отырмыз. Жақында Йенадағы Фридрих Шиллер Университетінде Projekt Klassenanalyse Jena жобасы (Йена Таптық Зерттеулер жобасы) іске қосылды. Біз бұрынғы таптық талқылауларды қайта өңдеуді, қазіргі заманғы таптық теорияға үлес қосуды және заманауи тап саясатын талқылау үшін алаң ұсынғымыз келеді. Бұл ретте әлемнің барлық ғалымдары мен белсенділерімен пікірталасуды бастасақ дейміз.

> «Тап» туралы әңгіменің керегі не?

Таптың әлеуметтанулық тұжырымдамаларының мық-тылығы – олардың экономикалық, саяси және мәдени теңсіздік арасындағы ішкі байланыстарға бағытталып талдау жасауында. Маркстік дәстүрдегі «тап» терминінің сыни қабілеттілігі – еңбек және оның меншік құрылымдарының экономикалық бөлінуіне негізделген билік пен басқару құрылымын ашатыны. Маркс үшін тап – реляциялық санат: жалдамалы қызметкерлердің табы капиталистік тапқа антагонистік және қарама-қарсы қатынаста. «Орта» немесе стратификация тәсілдері (жоғарғы тап, орта тап, жұмысшы тап және т.б.) сияқты маркстік дәстүрдегі «тап» ұғымы әлеуметтік топтардың экономикалық теңсіздігін сипаттап ғана қоймайды, сонымен бірге олардың өмірі мен еңбегі шарттарын байланыстырады. «Қанау» (Маркс), «әлеуметтік оқшаулану» (Вебер), «айырмашылық» (Бурдьё) және «бюрократиялық бақылау» (Райт) түсініктері арқылы «тап» термині көбінесе теңсіздіктің вертикаль сипатын

көрсетеді және егер билік қатынастарына бағытталған болса, тең дәрежеде әлеуметтік теория концепциясы, сонымен қатар саяси термин болып табылады. Ол саяси гегемония, сондай-ақ таптық қатынастардың мәдени және интеллектуалды тұстарын жария ететін нарративті құзыреттілік мәселелерін де қамтиды.

> Жаңа сын-тегеуріндер

Жаңа сын-тегеуріндер мен динамикалық және деструкциялық әлеуметтік өзгерістерді есепке ала отырып, заманауи тап теориясы мынадай маңызды тақырыптар мен мәселелерді қарастырады:

Таптық фрагментация және саяси сананың дағдарысы

Әлем тұрғындарының өмір сүру жағдайында өшпес із қалдырған неолиберализм таптық талдауда күрделі кедергілерді тудырады. Жұмыс жағдайлары мен өндірістік қарым-қатынастардың бытыраңқылығы жұмысшы табын одан сайын бөлшектеп, қомақты әртектілікті қалыптастырды. Даму бір жағынан ат төбеліндей аз жоғарғы тап пайдасына байлықтың шоғырлануының ұлғаюы және «жаңа қауіпті таптардың» (Гай Стэндинг) пайда болуы мен орта таптағы шиеленістермен қатар жүрді. Бұл – әлеуметтік жіктелу идеологиялары мен оңшыл популизмнің шарықтауына қолайлы жағдай. Қоғамдық ортада және күнделікті саяси өмірде біріктіруші таптық болашақтың жоғалуы – таптық динамика қоғамдық дискурстан тыс әрекетін жалғастыра беретін «демобилизацияланған таптық қоғамның» (Клаус Дёрре), саяси кеңістікте олай аталмауына қарамастан, бар екенін көрсетеді. Қаржылық капитализм және саяси сананың дағдарысы, солшыл партиялар мен кәсіподақтардың әлсіздігі және қорғаныс позициясы, сондай-ақ осы әлсіздікке байланысты ұжымдық сананың құлдырауы саяси өзгерістерді оңға қарай бағыттайтын қақпаны ашты. Сонымен қатар Франция, Португалия, Испания және Грекия сияқты елдерде солшыл күштер мен қозғалыстардың кең етек жаюы байқалды. Жаһандық Солтүстіктің көптеген елдерінде наразылық көші-қонға байланысты мәселелерге ауысты. Саяси солшылдар туралы пікірталастар көбінесе «тап» пен «бірегейлік» арасындағы қайшылықтың дұрыс еместігі туралы тартысқа дейін тарылды. Бұл жағдайда пайда болатын кейбір өзекті сұрақтар:

>>

“Біз жеке қоғамдардың өзіндік ерекшеліктерін ескеретін, сондай-ақ жаһандық деңгейде ортақ тенденцияларды айқындайтын таптар теориясын моделдеу үшін жаһандық айырбасқа үндейміз”

- Экономикалық құрылымдар, саяси сана мен мәдениет арасындағы байланыстар қандай?
- Тап пен шиеленістің басқа бағыттары (жыныс, көші-қон және т.б.) арасындағы байланыс қандай?
- Жоғарғы таптағы басымдылық пен айырмашылықтың рөлі қандай? Саяси ұйымдарда таптық мүдделер болмаған кезде тап қатынастары қалай күшіне енеді?
- Кейбір қоғамдарда, сондай-ақ бүкіл әлемде қандай таптық топтар үстем және олар өз мүдделерін қалай тұжырымдайды?

Таптық теңсіздік және трансұлттық таптық қатынастар

ӘЫДҰ елдері онжылдықтағы нақты жалақының тоқырауымен қатар жүріп отырған жұмыссыздықтың, кедейлік пен прекариаттың өсуімен сипатталады. Байлық пен табыс айырмашылығы адам сенгісіз деңгейге көтерілді. Бұл үрдіс неолибералды жаһандандудың негізгі мемлекеттерінде саяси тұрақтылыққа қауіп төндіретін экономикалық дамуға таптық теңсіздіктің тіпті кедергі болатындай дәрежеде күшейетін түрі бар екенін көрсетіп отыр. Жаһандық Оңтүстікте таптық қатынастар көбінесе қалалық және ауылдық өндіріс әдістерінің саналуандығын (ішінара қатар өмір сүретін) қамтитын әркелкі және бейресми экономикалық қатынастарға негізделген. Бұдан басқа, деиндустриялану үрдістері қазір Жаһандық Солтүстік елдеріне де жетті. Сондықтан мына сұрақтарды қоюымыз қажет:

- Жаһандану және оның дағдарысы аясында таптар қалай қалыптасады? Ұлттық мемлекеттердің рөлі қандай? Трансұлттық таптар деген сияқты нәрсеге сүйене аламыз ба?
- Қандай күресті «таптық күрес» ретінде қабылдауға болады және қайсысы қабылданбайды? Бұл күрес арасындағы жаһандық ұқсастық немесе байланыс бар ма?
- Бейресми экономикалық қатынастарды ескере отырып, Жаһандық Оңтүстіктегі таптар мен таптық шиеленістерді қалай сипаттауға болады?

Экологиялық дағдарыс

Ғаламдық экологиялық дағдарыстан шығуға талпыныстың себептері таптық қатынастар мен капиталдың қорлану логикасымен тығыз байланысты. Экономикалық өсім мен өнімділікті арттыруға деген тұрақты сұраныс өндірістің экологиялық негізі мен биофизикалық шекараларына немқұрайлы. Табиғи ресурстарға қол жеткізу және экологиялық қауіп пен тәуекелді бөлісу нақты таптар үшін - даулы мәселе. Негізінде бүкіл әлемдегі кедейлер, әсіресе, Жаһандық Оңтүстікте – осы экологиялық ауытқушылықтардан зардап шегіп отыр. Бұл әлеуметтік-экологиялық шиеленістер болашақта да күшейе түседі. Таптардың заманауи теориясы оларды үнемі қамтып отыруы қажет:

- Таптық күреске экологиялық ауытқушылықтар қалай ықпал етеді?
- Экологиялық қиындық әртүрлі таптарға қалай ықпал етеді?
- Қай тапты (рациондар) әлеуметтік-экологиялық трансформацияға көндіруге болады?
- Қандай таптық мүдделер мұндай трансформацияға кедергі келтіреді?

➤ Айырбасқа үндеу

Әлбетте, қарастыруға болатын көптеген мәселелер бар, жоғарыда айтылғандардың бәрі кез келген ұлттық жағдайды сипаттамайды. Олар әлемдік капитализмді қалыптастыратын үрдістердің бүгінгі күнін көрсетеді. Олай болса, біз жаһандық айырбасқа – жаһандық диалогқа – осы мәселелер бойынша, жеке қоғамдардың ерекшеліктерін ескеретін таптар теориясын моделдеуге (әрі қарай), сондай-ақ жаһандық ауқымдағы жалпы үрдістерді анықтауға үндегіміз келеді. Біз ынтымақтастық және айырбасқа қатысты кез-келген қадамды асыға күтеміз. ■

Хаттарды <projekt.klassenanalyse@uni-jena.de> жолдауға болады.

> Латын Америкасындағы таптар және таптық мүдде

Пабло Перес, Әлеуметтік шиеленістер мен ынтымақтастықты зерттеу орталығы және Альберто Хуртадо университеті, Чили және **Родольфо Эльбер**, CONICET және Буэнос-Айрес университетіндегі Instituto de Investigaciones Gino Germani, Аргентина және ХӨҚ еңбек қозғалысы жөніндегі зерттеу комитетінің мүшесі (ЗК44)



Сантьягодағы Мамыр күні шеруі, Чили, 2018.
Суретті түсірген: Пабло Переса.

Соңғы онжылдықтарда латынамерикалық ғалымдар бірнеше рет тап концепциясын жерлеуге тырысты. 1980 жылдардан бастап, кейбір айырмашылықтарға қарамастан, ғалымдар неолибералды саясаттың жұмысшы тапты әлсіреткені соншалық, латынамерикалық қоғамдардағы әлеуметтік және саяси шиеленістердің динамикасына әсер етпейтінін айтты. Алайда, соңғы онжылдықта жұмысшылар жұмысшы табымен қоштасуға деген үндеулерді елемеді. Басқа да танымал халықтық қозғалыстармен біріге отырып, нақты елдердегі латынамерикалық жұмысшылар жұмысқа байланысты мәселелерді ұйымдастыру, кәсіподақтар қызметін жандандыру және табысты әділетті бөлуді талап ету

>>

арқылы аймақтағы қақтығыстарды және саясатты түсіндіруде тап маңызды фактор болып қала беретіндігін айтуды қоймады.

Әрине, 2000 жылдардың басынан бастап, тап тұжырымдамасы әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті сандық талдау арқылы (яғни, таптық мобилдікті зерттеу) және қызметкерлердің ұжымдық әрекеттерін сапалы зерттеу арқылы әлеуметтанулық күн тәртібіне қайта енгізілді. Біздің жұмысымыз – кең ауқымды күн тәртібінің бір бөлігі, тапқа объективті механизм ретінде ден қойып, субъективті нәтижелерді, әсіресе, оппозициялық сәйкестіліктер мен мүдделерді қалыптастырады. Соңғы зерттеулеріміз, Халықаралық Әлеуметтік Сауалнама Бағдарламасы деректеріне негізделген, Аргентина мен Чилидегі 10 адамның 9 өздерін әлеуметтік таппен сәйкестендіретіндігін атап көрсетті. Көне тұжырымдама үшін тым көп! Екі елде де үстем таптық позицияға ие адамдарға қарағанда, көбіне жұмысшы табындағы адамдар өзін жұмысшы деп санайды. Біз Чилидегі жұмысшы табын анықтауға арналған жалпы көрсеткіштер Аргентинадан жоғары екендігін анықтадық. Біз бұл нәтижелерді Аргентинадағы мемлекеттік корпоративтік бірлестікпен салыстырғанда, Чилидегі теңсіздіктің жоғары болуы мен экономикалық шоғырлану және осы елдегі «радикалды» партиялық-кәсіподақтық конфигурация тарихын ескере отырып түсіндіреміз.

Зерттеудің мұндай түрі әлемдегі әркелкі деп саналатын өңірдегі әлеуметтік және саяси шиеленістерді түсінуге ықпал ете алады деп есептейміз. Тап тек латынамерикалықтардың әлеуметтік құрылымы мен сәйкестіліктерінде ғана емес, сонымен қатар адамдардың әлеуметтік-саяси мүдделерін қалыптастыру ретінде қарастырылуы мүмкін. Бәлкім әртүрлі әлеуметтік таптағы адамдар әлем туралы таптық тұрғыдан ойлайды (кейбір ғалымдардың қабылдауынан да артығырақ ойлауы мүмкін) және петицияға қол қоюдан және дауыс беруден кәсіподаққа немесе партияға қосылуға дейінгі – өздерінің таптық мүдделерін қорғайтын саяси іс-әрекеттерге қатысады. Осыған сүйене отырып, біздің жаңа жоба тап құрылымы, ұжымдық әрекеттер мен таптық мүдделер арасындағы қарым-қатынасқа баса назар аударады. Таптың сана-сезімін таптың мазмұны мен тапқа тиетін ықпалы бар сананың аспектілері ретінде анықтайтын Эрик Олин Райттың жұмысына сүйенеміз. Ол - талдаудың микро деңгейінде таптың мүдделерін субъективті қабылдау тап санасының басты аспектілерінің бірі. Райттың маркстік негізіне сүйене отырып, біз әртүрлі таптағы адамдар капиталистік институттарды және әлеуметтік тап динамикасын бағалайтын жолдарды зерттеу арқылы таптың мүдделерін зерттейміз.

Соңғы әдебиеттер көрсеткендей, жұмыс берушілерге немесе менеджерлерге қарағанда, көбінесе жұмысшы табындағы адамдар капитализмге және теңсіздіктерге сыни көзқараспен қарауға, тапқа қарсылық көрсетуге және қайта бөлу саясатына қолдау көрсетуге бейім келеді. Алдын-ала алған нәтижелеріміз осы әдебиеттерге сәйкес келеді: елдер арасындағы айырмашылықтарды қоспағанда, жұмыс істейтін немесе бейресми жұмыс істейтін, жеке еңбек қызметімен айналысатын латынамерикалықтар басым тапта орналасқан респонденттерге қарағанда (мысалы, сарапшы-менеджерлер) неолибералды институттарға, идеяларға немесе нәтижелерге қатысты сыни көзқарастарға (мысалы, олар табыс арасындағы теңсіздікті немесе мемлекеттің араласуының болмауын сынауы ықтимал) ие.

Ағымдағы жұмысымыз ұжымдық іс-әрекеттердің адамдар таптық орнымен анықталатын материалдық мүдделерін түсінуін күшейтетін механизм ретінде қарастырып, осы нәтижелерді кеңейтуге бағытталған. Осылайша, біз тапты, ұжымдық әрекеттер мен таптық сана арасындағы себеп-салдардың аз зерттелген тұсын талдауға үлес қосуға тырысамыз. Жақындағы халықты жылдам жұмылдыру тәжірибесі бар, яғни, солшылдардың күшеюін жақтайтын жұмысшы табы мен халықтық секторлар негізгі орталық субъектілер болып табылатын елдерде ы даулы саясат деңгейі төмен немесе жұмысшы табы саяси ынтымақтастықтан ада елдерге қарағанда таптық пен ұжымдық әрекеттер мүдделерге ықпалы күштірек деп болжаймыз.

Тап осы аймақтағы саяси белсенділіктің жалғыз көзі болғандықтан емес, сонымен бірге Латын Америкасындағы азат етудің саяси жобасының мүмкіндіктері жұмысшы табының саяси белсенділігімен анықталатындықтан осы зерттеулерді жүзеге асыруға тұрарлық деп санаймыз. Белсенділіктің осы түрі қанаудың басқа да көздеріне – *femicidios*-ке қарсы әйелдердің жаппай наразылықтары мен ереуілдері және Аргентина мен Чилиде түсікті заңдастыру; немесе жақын арада Бразилияда болған әйелдер мен нәсілшілдікке ұшыраған топтардың оңшыл тегеурінге қарсы белсенді күресі# *EleNao* қозғалысы сияқты (және олардың қиылысатын түрлерімен) қарсылықты жұмылдырумен сөзсіз қатар жүріп отыруы тиіс. Тарихи тұрғыда құқық билікке қайта оралған кезде тек қана жұмысшы табы қаналған басқа топтармен біріге отырып, өзінің таптық мүддесін қорғай алады және неофашизмді тоқтату үшін мықты солшыл қозғалысты ұйымдастыра алады. ■

Хаттарды Пабло Переске <pperez@uahurtado.cl> және Родольфо Эльбертке <elbert.rodolfo@gmail.com> жолдауға болады.

> Посткеңестік Ресейдегі

Кедейлік және Әлеуметтік оқшаулану

Светлана Ярошенко, Санкт-Петербург Мемлекеттік Университеті, Ресей



Үйде жұмыс жасау.

Суретті түсірген: Солмаз Гусейнова.

кедейлік сақталған. Ресейдегі Джини коэффициенті 1991 жылы 0,26-дан 2010 жылы 0,421-ге дейін өсуі әлеуметтік теңсіздіктің тереңдеуінің айғағы.

2000 жылдары Ресейдің Солтүстік аймағында тіркелген кедейлер және қала тұрғындарымен ұзақмерзімді сапалық зерттеулер мен сауалнаманы Коми Ғылыми Орталығындағы әріптестеріммен бірге жүргіздім. Біз әлеуметтік оқшауланудың өршіп бара жатқанын байқадық. Нарықтық экономикаға қатысты таптық, гендерлік және қорғаныс реакциясы кедейліктің және оның ерекшеліктерінің сақталуына ықпал етті. Әлеуметтік оқшаулану институттанды.

Ресейдегі кедейлікті 1990-шы жылдардың басында либералдық нарықтық реформалар дәуірінде зерттей бастадым. Кедейлік кеңестік бөлу жүйесінен капиталистік жүйеге көшу кезіндегі радикалды әлеуметтік трансформацияның бағасы ретінде қарастырылды. Нарыққа көшу экономикалық дамуға, кедейлікті азайтуға және адамдарға экономикалық игілікке қол жеткізуіне және үкіметтің қолдауынан босануына мүмкіндік туғызды.

Оптимистік болжамдар мен 2000-шы жылдардағы экономикалық тұрақтылыққа қарамастан, Ресейде кедейлік сақталып отыр. Түрлі талдауларға көз салсақ, ресейліктердің 11%-25% аралығында халқы кедей деп айтуға болады. 2017 жылы кедейліктің төмен деңгейі ресми түрде шамамен 13% болды, бұл көрсеткіш кедейлік пен өмір сүрудің құнын есептеу үшін қолданылатын ең қарапайым әдіс арқылы алынды, бейресми және ақысыз жұмыспен қамтудың кеңеюіне байланысты жұмыссыздықтың төмен көрсеткішіне қол жеткізілді. Ресейдегі ірі қалалардың жедел өсуі ішкі көші-қон, бұрынғы кеңестік республикалардан жұмысшылардың қоныс аударуы және мегаполистен тыс аймақтардағы кедейлікті арттырды. Дегенмен, нарықтық экономиканы ресейліктердің 40% ғана пайдаланатынын мемлекеттік сарапшылар мойындайды. Ресейліктердің осы бөлігінің кірісі соңғы жиырма жыл ішінде өссе, қалған 60% кірістері бірдей немесе айтарлықтай азайған. Жұмыспен қамтылған адамдар мен балалары бар отбасылар арасында

Жалақысы төмен жұмыс орындар секторы кеңейді. 1990 жылы жұмыспен қамтудың бастапқы реструктуризациясы ауыр өнеркәсіптегі жұмыстан босатуға және бөлшек сауда мен қызметтердің кеңеюіне алып келді. Әдетте, осы жаңа жұмыс орындарында жалақы да, кіріс те төмен. Кейіннен, 2000-жылдары мемлекеттік сектор оңтайландырылды және әлеуметтік қызметтерге, оның ішінде білім беру және медициналық қызмет көрсету сияқты нарықтық емес қызметтерге қолжетімділік шектеулі болды. Деиндустриализация ықпалымен, кейінірек қызметтердің нарықтық экономикасы тез дамығандықтан, нарықтық реформалардан қай сала ең көп зардап шеккендігі туралы пікірталас туындады, демек, ең мұқтаж топтар – жұмысшылар немесе мемлекеттік қызметкерлер болды. Жұмысшылардың нарықтық реформалардан зардап шеккендердің алдыңғы қатарында ғана емес, сондай-ақ ең кедей адамдар арасындағы ең үлкен сегментті құрайтынын да анықтадық.

Сонымен, әлеуметтік тұрғыда қорғалмаған ресейліктердің басым бөлігі, яғни ұзақ уақыт бойы тақыр кедейлікте өмір сүретін адамдар еңбек нарығының перифериясында орналасты. Нарық сондай-ақ гендерлік факторларға да

>>

әсер етті: кедейліктің феминизациялану деңгейінің тым жоғары болғанын ғана емес, сонымен қатар ерлер арасында люмпенденуге ұшырағандардың кең тарағанын анықтадық. Көп жағдайда адамдардың жартысына жуығының табыстары өзінен басқаны асырай алмайтындай өте төмен болды.

2000-жылдардың басында адам неғұрлым төменгі әлеуметтік тапта болса, оның кедейлену ықтималдығы соғұрлым жоғары болды, он жыл өткеннен кейін жынысы әлеуметтік топқа тәуелді болған жоқ: әртүрлі әлеуметтік таптағы жалғыздікті аналар экономикалық қиындықтарға жиі тап ұшырады. Басқаша айтқанда, бұрынғы нақты тәжірибедегі социализм тұсында жалдамалы жұмысшылар алған әлеуметтік төлемдердің қысқарған орнын дамушы нарықтық экономикадағы арта түскен мүмкіндіктер толықтыра алмады. Құрылымдық шектеулердің қиындығы арта түсті: тап пен жыныс қатар ықпал етті.

Нарықтық қатынастар жұмыспен қамтылу (өндіріс пен ұдайы өндіріс) саласына тарала бастаған уақытта әлеуметтік саясат түбегейлі өзгерді. Еркін нарыққа деген сенім, нақты социализм және кеңестік патернализмнен (мемлекетке тәуелділік мәдениетін қалыптастырған «тиімсіз» және «тоталитарлық» кеңестік жүйе) босап шығудың қажеттілігі туралы кең тараған риториканы біржақты сынға алу жағдайында халық тұрмысының базалық деңгейін сақтап тұру бойынша мемлекеттік міндеттемелер де-факто қысқарды. 1991 жылдан бастап Ресейде өмір сүрудің ең төменгі деңгейін есептеу әдісі үш рет өзгеріске ұшырады және өте қатаң бола бастады, ал қаржылық қамтамасыз ету үшін ең төменгі жалақы мен нақты минимум арасындағы корреляция үзілді.¹

Сонымен қатар, жалпыға ортақ тауарларға қолжетімділікті қамтамасыз етудің еңбекке негізделген принципі әлеуметтік саясаттың негізгі өлшемі ретінде сақталып отыр, бұл – ең төменгі жалақы, зейнетақы және бала күтімі бойынша жәрдемақы мен ең төменгі күнкөріс деңгейі арасындағы корреляция.² Дегенмен, жұмыс орны негізгі кіріс орны емес; бұл енді үй қожалығына ауыстырылды. Бала күтімі бойынша жәрдемақыға, тұрғын үй жәрдемақыларына және атаулы әлеуметтік көмекке қол жеткізу қазіргі таңда үй қожалықтарының табысын бағалау арқылы анықталады. Әлеуметтік саясат бенефициардың белгілі бір талаптарға сай келетін кірісі мен қалауы бойынша таңдау бойынша жүзеге асырылады.

Нәтижесінде, кедейлік стигматизацияға ұшырады: ол кеңес заманындағы секілді өмір және уақытша құбылыстан, тұрақты жалпы мәселеге айналды. Бұдан басқа, әлеуметтік көмек көрсетуде ең мұқтаж адамдар елеусіз қалып отыр. Тіркелген кедейлердің үштен бірі кедейліктің ең төменгі деңгейінде өмір сүреді, үштен екісі жұмыс істейді, ал үштен екісі – әйелдер асырап отырған отбасылар. Осылайша,

атаулы әлеуметтік көмек төмен жалақының есесін қайтарады. Бұл жұмыссыздық пен кедейліктің мүмкіндігінен сақтандырмайды.

Жеке жауапкершіліктің идеологиясы тақыр кедейлерден өздерінің бар ресурстарын жұмылдыруды және кедейлік пен әлеуметтік оқшаулануға ұшырамас үшін орасан зор күш жұмсауды талап етті. Олар қайта құрылымдалған жұмыспен қамту жүйесінің салдарын, бұрынғы социалистік бөлу жүйесі күйреуінің өтеуі және бұрынғы социалистік елдегі ең либералды нарықтық жобаны жүзеге асыру үшін бұрын жинақталған ресурстарды пайдаланады. Жұмысшылар жұмыс іздеп көшуге мәжбүр болды және екінші және толық емес жұмысқа орналасты. Қызмет көрсету саласындағы әйелдер жекешелендірілген әлеуметтік көмек аясында жұмыскер ретінде де, бастапқы қамқоршы ретінде де гендерлік мәселелер үшін күресуде. Зейнетақы төмен жалақыға қосымша секілді: біздің жұмыс істейтін респонденттеріміздің үштен бірі – жұмыс жасайтын зейнеткер.

Қазіргі уақытта біз дауылдың күшейіп келе жатырғанын байқап отырмыз, себебі дәрігерлер мен университеттің оқытушылары сияқты мамандар да экономикалық тұрақсыздыққа бейім. Татьяна Лыткинаның Коми Республикасының дағдарысты секторында жүргізген зерттеуі бойынша, шоғырланған шеңберлер шегінен шығып, кедейлік қаланың барлық тұрғындарын қамтыды. Әлбетте, ірі қалалардағы белгілі бір топтар пайдаланатын мүмкіндіктер мен артықшылықтарды нарық қамтамасыз етеді, өйткені нарық көптеген басқа адамдарды қоғамның шетіне қарай ығыстырады.

Сонымен қатар мемлекет жақында ұсынған зейнетақы реформасы, оның ішінде зейнеткерлік жастың артуы, елдің болашағы мен қатардағы ресейліктердің қажеттіліктерін талқылауға арналған форум емес, әртүрлі саяси топтардың өздеріне назарын аударуға арналған алаңға айналды. 1990-жылдардағыдай, Ресей жастары наразылық танытып қала көшелеріне шықты, олар өздеріне жақсы болашақты талап етті.


Осы эссе мына мақалаларға негізделген: Светлана Ярошенко (2017), «Артық адамдар немесе посткеңестік қоғамдағы оқшаулау тәртібі туралы», *Ekonomicheskaja sotsiologija* 18 (4): 60-90; Татьяна Лыткина және Светлана Ярошенко (дайындалуда) «Ресейде еңбекші таптар үшін әлеуметтану мүмкін бе?», *Mir Rossii*. ■

1. Ең төменгі жалақы күнкөріс минимумына тек 2018 жылдың 1 мамырынан бастап қосылды.

2. 2010 жылы Ресейде ең төменгі күнкөріс минимумы 5 685 рубль болды. Ең төменгі жалақы айына 4330 рубль болды. Ең төменгі айлық жәрдемақы 850 рубль болды, ал максимум - 4900 рубль болды. Ең төменгі зейнетақы айына 6177 рубль, ал университет ғалымдары ай сайынғы стипендия ретінде 1 370 рубль алды. Бала күтіміне арналған ең төменгі жәрдемақы айына 2020 рубль, орташа айлық жалақы - 20 952 рубльді құрады.

> Люмпенпролетариат және Қытайдағы қалалық бағыныштылар

Нгай-Лин Сум, Ланкастер Университеті, Ұлыбритания



| Арбу иллюстрациясы.

Негізінен Маркс пен Энгельс *люмпен-пролетариат* терминін сипаттау, кемсіту және риторикалық мағынада қолданды. «Тап тармағы» жақын арадан бері экономикалық және саяси дискурста осындай орын алады, ал «прекариат» туралы оң түсінік қалыптасқан. Бұл мақалада әртүрлі бағынышты топтарды қанаудың, күштеудің және маргиналдығының көпөлшемді сипатын, сондай-ақ олардың үстемдік етуші әлеуметтік топтар гегемониясына салыстырмалы түрде тәуелділігін қамтитын Грамшидің «төменгі» немесе «бағынышты» таптар туралы ұғымы пайдаланылады. Менің кейстік зерттеуімде 2008 қаржы дағдарысынан кейін Қытайдағы қала кедейлерінің белгілі бір қабатының кедейлік пен теңсіздіктің өмірлік тәжірибесі қалайша *diaosi* сынды жаңа бірегейліктің дамуына әсер етуі туралы мәселе қарастырылады, *diaosi* – гегемониялық құндылықтар мен нормативтерді жеткілікті дәрежеде бұзатын жеке

нарративтер мен субмәдениетті жасау үшін әлеуметтік желілерді пайдаланады.

> Қытайдағы бағынышты *diaosi* (жолы болмаған) бірегейлігі

2008 жылғы қаржы дағдарысы қаладағы төменгі таптың ахуалын, біріншіден, жұмыссыздықтың өсуіне байланысты, содан кейін қалалық қарыздың мега-жобасы және ірі үкіметтік ынталандыру бағдарламасы нәтижесінде жылжымайтын мүлік нарығындағы жағдайдың орын алуына байланысты нашарлатты. Қарыздық міндеттемелерден туындаған жылжымайтын мүлік дүмпуі тұрғын үй, жалдамалы үйді және елес-қалалардағы төлемнің жоғары бағасын орнықтырды; көбірек жұмыс істейтін еңбек мигранттары қалада тұруға және әлеуметтік жәрдемақыларсыз төмен жалақымен ұзақ уақыт бойы жұмысқа шыдауға мәжбүр. Зауыт

>>

қамтамасыз еткен жатақханасы жоқтар қала шетіндегі стандартты емес тұрғын үйді жалдауға немесе жергілікті орталықтарда (мысалы, балкондарда, шатырларда, контейнерлерде немесе жерасты қоймаларында) өмір сүруге мәжбүр болды. Мәселен, 2014 жылы Бейжіңде миллионға жуық мигранттар орташа есеппен айына 65 АҚШ долларына жуық ақшаға табиғи жарықсыз, ортақ дәретханасы мен асханасы бар жергелер мен сақтау қоймаларындағы кішігірім бөлмелерді жалдаған. Олардың қатарында даяшылар, шаштараздар, көше сыпырушылар, сатушылар, көше саудагерлері, аспаздар, күзетшілер мен құрылысшылар сияқты төмен ақылы қызмет көрсетушілер бар. Бұл бағынышты топтарды С.У. Сим 2015 жылғы өзінің видеосында «тышқандар тайпасы» деп атады: <http://creativetimereports.org/2015/01/24/sim-chi-yin-rat-tribe-beijing-underground-apartments/>.

2011 жылдың соңына қарай интернеттегі поп-мәдениет пен әлеуметтік желілерге белсене қатысатын шынайы немесе цифрлық фабрикаларда жұмыс жасайтын көптеген жас мигранттар Интернет желісінде теңсіздік және әділетсіздік сезіміне, өздерінің маргиналдығы және әлсіздігі туралы жаңа сәйкестілік тұрғысынан жауап берді. **Diaosi** субъектісінің позициясы – сөзбе-сөз алғанда футболшының жанкүйерлері дегенді білдіреді – яғни бәсекелес жанкүйерлер арасында онлайн шайқаста қалыптасты. Бұл сәйкестілік одан кейін «жыныстық жанкүйер» деп мазаққа жақын омоним ретінде түсінілді. Көп ұзамай бұл қозғалыс әлеуметтік желілерде танымал болды. Осы тұлға ойлап табылғаннан кейін екі ай өткен соң Twitter-ге ұқсас қытайлық Weibo блогында Google-ға 41,1 миллион іздеу салынған және 2,2 миллион блог жазбалары таратылды. Бағынышты жастар өздерін *diaosi* деп жариялай бастады және чаттар мен әлеуметтік желілер құрылды (мысалы, YY және QQ чат түрлері).

Жаңа мән мен мағына әлеуметтік желілерде дискурс және бірегейліктің таралуына байланысты қосылып отырды. Көп ұзамай ол еңбекші-мигранттардың теңсіздік, маргиналдық, оқшаулану, экономикалық қиындықтар, ауытқулар мен әлеуметтік қиыншылық, сондай-ақ қанағаттандырылмаған тұтынуы мен арман-тілектерін сезінуін біріктіре бастады. Олар өздерін әлеуметтік жағдайы төмен, өте аз жалақы алатын, аз тұтынатын және әлеуметтік байланысы жоқ адамдар деп есептейді. Аз табыс, тұтыну және қарызға бату, сондай-ақ олардың әлеуметтік жағдайы төмендігіне әлеуметтік-эмоциялық жағынан өмірінің құнсыздандығандығы сезімі қосылады: жұмыс уақыты тым ұзақтығы, нашар

баспана, мансаптық болашақтың белгісіздігі, отбасылық өмірдің болмауы, ата-ана алдында өзін кінәлі сезінуі және эмоция мен романтикадан ада тіршілік. Бұл *diaosi* нарративтерінде Әулие Валентин Күнін, Рождествоны, мерекелік күндерді және түнгі уақытын интернет-серіктестер іздеуде өткізгені туралы айтады. Мұндай аффективті дискурстар күнделікті қалалық экономикалық және әлеуметтік өмірде пайда болатын теңсіздіктерге негізделген ұжымдық әлеуметтік тәжірибені білдіреді.

Diaosi-дің ойын ашық айта алмайтын осы күнделікті тіршілігі табысқа, тұтыну мүмкіндіктеріне, билік желілеріне, махаббатқа, романтикаға және жақындыққа қолжетімдіктегі теңсіздіктің негізінде тәттің екі гендерлік типін білдіретін биосаяси бинарлы код арқылы көрсетіледі. *Diaosi*-Ерлер «кедей, тапал және сүйкімсіз» жолы болмайтындар деп өздерін кем тұтады. Қыздарға сыйлық беру/немесе олардың көңілінен шығу арқылы, өздеріне қартуда табысқа жете алуының кемшіндігі мен дене бітімінің тартымсыздығының кесірі тиеді деп есептейді. Оларда «үй, автокөлік, қалыңдық/қыз жоқ» және олар өз үйінде көп уақытын арзан ұялы телефондармен ғаламторды шарлап, DotA сияқты мультимедиялық ойындарды ойнаумен өткізеді. Бұл конструкция бірте-бірте әйелдер арасында тарала бастады. Содан кейін *gaofushuai* бар. Осы мәртебелі топтың мүшелері: (1) «бойшаң, бай және сымбатты»; және (2) оларға арнайы партиялық және мемлекеттік байланыстар көмегімен жұмысқа орналасу мен игіліктерге қол жеткізуде артықшылыққа ие болуға мүмкіндік беретін «мырзалар». Олар «үш қазынаға» (iPhone, спорттық машина және дизайнерлік сағаттар) кенеледі және әдемі қыздарды өзіне қарата алады. Осы бинарлы файлға бүркемеленген сын, өзіне сыни баға, өзін-өзі қорғау мен өзін-өзі алдарқату енеді. Бұл - мемлекеттік-капиталистік Қытайда қауіпсіздіктің болмауына наразылық пен оны жеңілдетудің күнделікті тәсілі. Осы қиялдағы қос топтың арасындағы бос кеңістік интернетте әзіл-сықақты мультфильмдер, фотосуреттер, теледидар шоулары, фантастикалық әңгімелер және т.б. көмегімен тағы да қосымша толығы түседі. Екі топтың әртүрлі көлік түрлері (автобустың орнына BMW), смартфондар (Nokia-ның орнына iPhone), тамақтану орындары (шағын дүкендер мен қымбат мейрамханалар) және романтикалық кездесулері бар. Қысқаша айтқанда, *diaosi* туралы әңгімелер болашағы жоқ және үміті үзілген тағдырды келеке ету; романтикалық өмірдегі эмоциялық шыңырау; «мырзалар» қол жеткізген әлеуметтік элитарлыққа деген жасырын дұшпандық; және бізді әділетсіз қоғам қабылдамады деген шарасыздық. ■

Хаттарды Нгай-Лин Сумга <n.sum@lancaster.ac.uk> жолдауға болады.

> Таптың қалыптасуы және аграрлық капитализм

Таня Мюррей Ли, Торонто университеті, Канада



Зәйтүн плантацияларымен қоршалған елдімекен.
Суретті түсірген: Тания Ли

Кімге не тиесілі? Кім немен айналысады? Кім неге қол жеткізеді? Артық өнімді не істейді? Аграрлық сала ғалымы Генри Бернштейн қойған қысқа ғана осы төрт сұрақ – ауыл табының қалыптасуын талдаудың пайдалы бастапқы нүктесі. Бұл сұрақтар ауыл шаруашылығы алқаптарына меншік құқығы мен қандай фермалардың өздерін сақтап қалуы мен қор жинақтауын, ал қайсыларының жерінен айырылуын анықтайтын шаруашылық көлемінің ұлғайып, өнімділігінің артуына бағытталған инвестициялау мүмкіндігі бар өңірлерде жақсы жұмыс жасайды. Осындай жерді Индонезияның шалғай ауылында зерттедім, таулы жерлердегі жергілікті шаруалар кезінде қауымның ортақ жерінен жеке жер телімдерін бөліп алып, какао отырғыза бастаған соң тез қалыптаса бастаған ауыл табын байқадым. Сол кезден бастап олардың натуралды шаруашылықпен айналысуына мүмкіндігі болмады, себебі кішкентай ғана жер телімдерінде өсірілетін өнімдер отбасын тамақ және киім-кешек, оқу ақысына және т.с.с. қажетті қаражатпен қамтамасыз етуге жеткіліксіз болды. Сондықтан, олар нарыққа бағытталған өндірісті күшейтіп, отбасы қажеттіліктерін қанағаттандыру және шаруашылығының өнімділігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаражат табуға

тырысты. Сәтсіздікке ұшырағандар жерінен айырылды. Бұл шағын шаруашылықтың шағын фирма күйіне түскендегі қалыпты жағдайы еді: капиталистік қатынастарға бағынатын олардың осал жері – кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін сақтап қалу үшін инвестиция жасай алмағанда, барлығынан айырылып қалу мүмкіндігі; сондай-ақ, олар әрі қарай жұмыс жасай да және кедейлікте өмір сүре де алмайды.

Мен сипаттаған аграрлық таптың қалыптасу процесі басқа факторлардың ықпалымен жиі өзгеруде. Ең маңыздылары – мемлекеттік трансферлер мен ақша аударымдары. Бразилиялық «Bolsa Família» сияқты мемлекеттік трансферден немесе басқа салаларда жұмыс жасайтын отбасы мүшелерінен жүйелі қаражат алып отыратын шаруа отбасында қиын кезеңдерде шаруашылығынан айырылып қалудан сақтайтын «қауіпсіздік жастығы» (мысалы, бағаның төмендеуі, басқарылмайтын қарыз, егін шықпаған жыл, ауру немесе отбасындағы төтенше жағдай) бар. Ақша аударымдары жер сатып алуда, несие беруде немесе білімге инвестиция жасауда пайдаланылады. Ысырап болып көрінгенмен, оларды отбасы әлеуметтік желілерінің кеңейіп, өндіріс

ресурстарына (мысалы, келісім-шарттар, несиелер, акпарат, субсидиялар) «қол ұзартатын» керемет үй құрылысына немесе салтанатты той өткізуге жұмсауы да мүмкін. Бүгінгі күні ауылдық Азия, Африка және Латын Америкасының бүкіл территориясында «ақша аударымдары үйлері» мен жер, еңбек және капитал рөлінің трансформациялануының басқа белгілерін де көріп отырмыз. Осы кезеңде жоғарыда қойылған төрт сұрақ (кімге не тиесілі? кім немен айналысады? кім неге қол жеткізеді? артық өнімді не істейді?) ауыл табының қалыптасуын талдауда әлі де қызмет ете алады, бірақ шаруашылықтан тыс қатынастың кең ауқымын да қарастыру үшін оларды жан-жақты интерпретациялау қажет.

Шағын немесе үй шаруашылықтарынан ірі жер алқаптарын басқаруға ауысқанда тап талдауы ауылдық жерлерде «кімге не тиесілі?» және «кім немен айналысадыны?» анықтайтын нарықтан тыс күштермен күрделенеді. Латын Америкасының үлкен бөлігіндегі сияқты Филиппинде испаниялық отарлау кезеңінде жерге ие болған ірі жер иелері саясатта басым болып, жерінің өнім беретін-бермейтіндігіне қарамастан өз жерлерін сақтап қалу үшін ережелер бекітеді. Ірі жер иеліктерінің отарлық саясаты жоқ Индонезия мен Оңтүстік-Шығыс Азияның басқа мемлекеттерінде заманауи саясаткерлер мен мемлекеттік шенеуніктер ірі жер алқаптарын алу үшін қызметінің ресми және бейресми қуатын қолданады. Бұл өңірлерде жер саяси өкілеттілік бермейді, саяси өкілеттілік жерге иелік береді. Жерге алып-сату және пайда табу мақсатында иелік ету мүмкін болғандықтан, «жер иеленушісі» болу үшін капитализмге немесе ауыл шаруашылығына тікелей қатынасыңыздың болуы міндетті емес.

Өндіріс едәуір ұлғайып жатқандықтан, бүгінгі күні ірі шаруашылықтар мен плантациялардың таптық сипатын түсіну маңызды. Индонезияда, мысалы, май пальмаларының плантациялары 10 миллион гектар жерді алып жатыр, ал мемлекет оның көлемін 20 миллионға жеткізуге ынталы. Лаос пен Камбоджада каучук плантацияларының алқаптары ұлғаюда. Бразилия мен көршілес мемлекеттерде бұл – ірі механикаландырылған соя шаруашылықтары. Әдетте, осы ірі шаруашылықтар мен плантациялар жеке тұлғаға немесе ұлттық немесе трансұлттық корпорацияларға тиесілі екендігіне қарамастан, ғылымдағы «капиталистік» ұғымына сәйкес келмейді, себебі бірде бір ресурстары үшін нарық құнын төлемейді. Олар мемлекеттік жерді жалға беру келісімімен тегін немесе ең минималды құн негізінде,

мемлекет инфрақұрылымымен, салық жеңілдіктерімен және арзан несиеленумен субсидияланады. Кейде мемлекет қолдап отырған көші-қон бағыттары арзан жұмыс күшімен де қамтамасыз етеді. Шындығында, капиталист үлгісі елестейтін көпұлтты «инвестор» тегін және субсидияланатын ресурстарға сене отырып, өте аз қаражат салуы немесе мүлдем ештеңе инвестицияламауы мүмкін. Ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындары негізінен келісім шаруашылықтары мен өндіруші жобасына сенім артады, бұл, шындығында «кімге не тиесілі?» және «кім табыстың қандай бөлігіне ие?» сұрақтарын туындатады. Ірі шаруашылықтарға субсидиялар даму мен жұмыстың басқа түрлерін ығыстыра отырып, есепке алмайтын ірі өндіріс «даму» мен жұмыс орындарын ұсынады немесе олардың монополиялық позициясына сәйкес келетін мәжбүрлеу мен бопсалау мүмкіндігі дәйегімен ақталады.

Мемлекеттік шенеуніктер мен саясаткерлер ірі шаруашылық кәсіподақтардың ұлғаюынан пайда табады, себебі олар рұқсатнамадан, алымдардан, сыйақыдан және бопсалаудан түсетін кіріске жол ашады. Корпоративтік басқармадағы бір орын көбіне осылардыкі. Тұлға-мемлекет-корпорация гибридтері құрайтын таптар конфигурациясын қалай талдай аламыз? Өндіріс процесінде капитал мен еңбек арасындағы таптық қатынас әлі де маңызды, бірақ басқа деңгей мен қатынасты да зерттеу қажет. Жаһандық капитал Бразилия немесе Индонезия сияқты мемлекеттерге жай ғана келмейді – ол байланыстардың, коалициялардың, заңдар мен пікірталастардың барлық түрлерінен өте отырып қамтамасыз етіледі. Әдебиеттерде кездесетін кейбір терминдер осындай инвестициялармен қамтамасыз етуде мемлекеттік және мемлекеттік емес қызметтің, яғни «ашкөз элита» немесе «капиталистер кланының» ажырамастай екенін айтады. Мұндай гибридтер ауыл шаруашылығы мен Жаһандық Оңтүстік үшін таң қаларлық жәйт емес. Ірі корпорациялар, әдетте, саясат пен мемлекет лицензия берген монополиялардан қолдау тауып, еңбексіз табылған жалдау ақысын алу қабілетіне сүйене отырып, мега-табыс табады. Осы құрылымдарға талдау жасау үшін алғашқы төрт сұрақты әлі де басшылыққа алуға болады: біз «кімге ненің тиесілі?», «кім немен айналысатынын?», «кім неге қол жеткізгенін?», «артық өнімді не істейтінін?» білуіміз қажет. Алайда, сұрақтар меншік формаларын, жұмыс пен инвестиция түрлерін қамтуы үшін кеңейтілуі керек. Таптың қалыптасуы созылмалы және күрделі болған сайын идентификациялай алмайтын өндіруші қатынастарға бұғауланған, сондықтан бәсекеге қабілетсіз плантация жұмысшылары, жалданатын фермер немесе тәуелсіз ұсақ жер иелері үшін түсініксіз. ■

Хаттарды Тания Мюррей Лиге <tania.li@utoronto.ca> жолдауға болады.

> Ұлыбританиядағы әлеуметтік қамсыздандыру реформасымен өмір сүру (және күресу)

Рут Патрик, Йорк университеті, Ұлыбритания

Авторлық құқық: Poverty 2 Solutions, 2017



Соңғы 35 жылда Ұлыбританияның әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі бірнеше рет реформаға ұшырады. Едәуір өзгерістер саясаткерлер «әлеуметтік қамсыздандыруға тәуелділік мәдениеті» деп атаған үрдісті тежеуге бағытталған шаралар аясында жүрді және әл-ауқат жағдайының – жәрдемақы алуға жағдайлардың (әдетте, жұмыспен байланысты) тәуелді болуының маңызды рөлі анықталды. Жаңа лейбористік үкімет кезеңінде, сосын 2010 жылдан кейінгі консерваторлар билігімен елеулі өзгерістер орын алды. Мемлекеттік қолдаудың қысқаруы таңқаларлық, ал нәтижесі – үрейлі. Үлгі ретінде бірнеше көрсеткішті ұсынамыз.

2010 жылмен салыстырғанда 2021 жылға қарай бағаның өсуі мен өмір сүрудің қымбаттауына қарамастан, жұмысқа қабілетті халықты әлеуметтік қамсыздандыруға [£37 миллиард](#) жұмсалады. Бұл – жәрдемақыға жұмсалатын шығынның 25%, яғни қоғамымыздың ең әлсіз топтарына көмектесуге бағытталған еңбекке жарамсыздық бойынша төленетін жәрдемақының едәуір қысқаруы.

Әлеуметтік қамсыздандырудың қысқаруы балалар кедейлігінің, кедейліктің күшеюі және Ұлыбритания кедей отбасылары басым бөлігінің азық-түлік қорларына тәуелділігінің

артуына ықпал еткендігі таңқаларлық жәйт емес. Қазыналық зерттеулер институтының бағалауынша, абсолютті балалар кедейлігі 2015-2016 және 2021-2022 жылдар аралығында төрт процентке өседі, оның төрттен үш бөлігі (400,000 балаға сәйкес) өзгерістердің орын алып жатқандығын түсіндіреді. Кедейлікпен күрес жөніндегі қайырымдылық ұйымы – Джозеф Раунтри қоры (Joseph Rowntree Foundation) – 2017 жылы [1.5 миллион](#) адам бір сәтте кедейлікпен бетпе-бет келгенін, ал Ұлыбританияның азық-түлік қорының ірі тасымалдаушысы – Трассэл Траст (The Trussell Trust) – 2017-2018 жылдардағы қаржы дағдарысы кезінде адамдарға [1 332 952](#) азық-түліктің үш күндік шұғыл қорын жыл бойы таратты.

Ұсынылған көрсеткіштерге қарамастан, Ұлыбритания үкіметі әлі де өзгерістердің болуына мүдделі және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін реформалауды ақтап және қолдап отыр. Ол жеңілдіктер жүйесін оңтайландыру мен жұмыс жасауға ынталандыруды көздейтін, бірақ әзірлеу мен жүзеге асыруда кедергілері көп Әмбебап несиені ендірумен жалғасып жатыр. Қазіргі уақытта кедейлікте өмір сүретіндердің үштен екісі бір мүшесі жұмыс жасайтын отбасында тұратындығы туралы мәліметтерге қарамастан, премьер-министр Тереза Мэй «жұмыс – кедейліктен шығудың ең тиімді жолы» деген сенімде.

>>



> Әлеуметтік қамсыздандыру реформасының нақты тәжірибесі

Осындай жағдайда әлеуметтік қамсыздандыру реформасы тікелей ықпал ететіндердің күнделікті тәжірибесіне жәрдемақы өзгерістері әсерін зерттеу мен оларды құжат бетіне түсіру өте маңызды. Бұл – Англияның солтүстік қаласында өмір сүретін, жәрдемақы өзгерісі ықпал ететін адамдардың шағын тобы қарастырылған «Әлеуметтік қамсыздандыру реформасының нақты тәжірибесі», зерттеуінің мақсаты. Жұмыс іздегендермен, жалғызбасты ата-аналармен, мүгедектермен жүргізілген қайталанған сұқбат әлеуметтік қамсыздандыру реформасының жеке тұлға өміріне қалай ықпал еткендігін және «әлеуметтік қамсыздандыру реформасы қажет және ол жұмыс жасайды» деген саяси үндеумен баяндалатын әдістердің реформа тікелей ықпал ететін адамдардың нақты тәжірибесіне сәйкес келмейтінін көруге мүмкіндік берді.

Зерттеуге қатысушылардың жәрдемақыларындағы бірнеше өзгеріс өзгерістің салдары және адамдардың орларды қалай еңсеретіндігі туралы қобалжу мен үрейі басым *әлеуметтік қорғауға сенімсіздік* күйін тудырған. Жәрдемақыны, әсіресе қорқыныш пен сенімсіздік негізі болып отырған еңбекке жарамсыздық жәрдемақысын рәсімдеу процестері де қобалжу тудырып отыр. Шэрон еңбекке жарамсыздық жәрдемақысының үнемі қайта бағаланып отырғанындағы сезімін: «Бұл – [мен] үшін үлкен күйзеліс... Мен үнемі осы туралы ойлаймын», – деп жеткізді.

Сондай-ақ, әлеуметтік қамсыздандыру талаптарының күшеюі аса жағымсыз құбылыс ретінде қабылданып жатыр, себебі үміткерлердің санкция және әрі қарай кіріс көзінен айырылып қалу қатері жәрдемақыларынан айырылып қалған жағдайда қалай күн көретіндігі туралы үрейін күшейтіп отыр. Шартты режимнің әрбір талабын сақтап отырғандардың өздері де үрейленіп, Плюс еңбекпен қамту орталығының (JobCentre Plus) «қолдауын» пайдаланғысы келмейді, себебі бұл санкцияның жүзеге асу ықтималдылығын жоғарылатытын жағдайлардың орын алуына алып келеді деп қауіптенеді.

Кедейлік пен жоқшылықтың өскенін көрсететін мәліметтер бар, қатысушылардың басым бөлігі (әдетте, күнделікті) таңдау жасаудың қиындықтары, мысалы, жылыну немесе тамақтану, балаларының мұқтаждықтарын қамтамасыз етудегі ата-ананың амалы туралы әңгімелейді. Хлоя: «Біз пақырмыз, біз сондай кедейміз. Біз – сіздер білесіздер, сондай хабарландырулардың

Dole Animators (2013) ұсынған «Бәрі бірге. Өмір сүру стилін таңдау ұтымды ма?» фильмінен кадр. Авторлық құқық: Dole Animators

барлығын көргенде – кеудемізге жан бітеді – өтініш, балаларымызды тамақтандырыңыздаршы – менің қарғыс атқан балаларымды тамақтандырыңыздаршы».

Зерттеу, сондай-ақ, адамдардың жәрдемақы стигмасын сезінетінін және шартты режим және жәрдемақыларын қайта бағалау жеке құқықтары мен қолдау алу құқықтарына күмән келтіргендерін көрсетті. Сонымен қатар, олар Job Center Plus келгенде немесе жұмыстарында әлеуметтік қамсыздандыруды қолдау шараларына қатысқанда бетпе-бет кездесетін институттық стигманы да сипаттайды. Мұнда, олардың пікірінше, оларға менсінбеушілік танытатын, қадір-қасиетін таптайтын қатынас жасайтын кеңесшілермен кездеседі. Софи: «Негізінен, олар [жұмыспен қамту орталығының кеңесшілері] бізге қоқыс ретінде қарайды».

Жалпы, зерттеу «әлеуметтік қамсыздандырудың» әйгілі саяси сипаттамасы және шынайы өмірдегі, кедейлікте өмір сүретіндердің жағдайын одан әрі қиындатқан әлеуметтік қамсыздандыру реформасы әдістері арасындағы абсолютті сәйкессіздікті көрсетті.

> Қарсылықтың күшеюі

Соңғы жылдары жалғасып отырған жәрдемақы өзгерістерімен қатар, Ұлыбританияда жүргізілген реформаларға қарсылықтың күшейгенін байқаймыз. Бұл кедейлікте өмір сүру тәжірибесі бар, әлеуметтік қамсыздандыру жәрдемақысын алатын, жұмыс жасамайтын және әйгілі «әлеуметтік қамсыздандыруға» қарсы шығып, өзгерістерді талап ететін науқанды өткізу үшін жиналатын адамдар тобымен жүзеге асып жатқандығын ескеру қажет. Мысалы, «Әлеуметтік қамсыздандыру реформасының нақты тәжірибесі» зерттеуінің кейбір қатысушылары 2013 жылы, Dole Animators жобасы ретінде белгілі болған, өздерінің тәжірибесі суреттелетін фильм түсіру үшін жиналды. Dole Animators әлі де белсенді, жақында ғана кедейлікпен күресте, шынымен-ақ, маңызды болатын шешімдерді әзірлеуде тағы басқа екі топпен Poverty 2 Solutions қатысты. Осы екі мысал – басқа да көптеген шаралардың бір бөлігі, билік басындағы саясаткерлер ұсынған әлеуметтік қамсыздандыру реформасы туралы жарым-жарты есепті қабылдауға қарсылықтың көрінісі. Ұлыбританияда жәрдемақы тағайындаудағы өзгерістерді енгізу жалғасып және кедейлік пен жоқшылықтың өсіп жатқан кезеңінде бұл – өте маңызды әрекет және үміттің қажетті алғышарты. ■

Хаттарды Рут Патрикке <ruth.patrick@york.ac.uk> поштасына немесе твиттерге @ruthpatrick0 жолдауға болады.

> Тап және ЭКОЛОГИЯ

Ричард Йорк, Орегон университеті, АҚШ және Бретт Кларк, Юта университеті, АҚШ



Жақсы әлемді құру және қоршаған ортаны сақтау үшін капиталдың бүкіл әлемге ықпалын жою қажет. И. Рэнсли / Flickr. Кейбір құқықтар қорғалған.

Капитализм — капиталистер табының және капиталистер табы үшін жинақтаудың үздіксіз әрекетіне негізделген жүйе. Капиталистік жүйе бұл мақсатқа экологиялық құлдырау мен әлеуметтік теңсіздікті туындататын қатал тәркілеу және қанау жолымен жетеді.

Тәркілеу — тонау процесі — әдеттің және капиталистік емес өндіріс қарым-қатынастарының құлдырауына, езіп-жаншуға алып келді. Отарлау зорлық-зомбылығы мен жерді тартып алу, жинақтаудың таптық және нәсілдік жүйесін қалыптастыра отырып, өндіріс құралдарын жекешелендіруге мүмкіндік берді. Осы процесс бүкіл әлемде табиғи ресурстары мен халықты тонауға жол ашты,

ал олар өндірістік капитализм дамуының іргетасын құрады. Барынан айырылған халықтар күнелтуге қажеттіні сатып алуға керек каражатты табу үшін жұмыс күшін сатуға мәжбүр болды. Жалақысы төмен мемлекеттерде жұмыс күшін қанау өте жоғары. Шектен шыққан қанау артық өнімді жаппай негізгі капиталистік елдерге жөнелтудің негізі болды. Капиталистер әлеуметтік артық, яғни үлкен биотабиғи әлеммен өзараәрекеттестікте қоғам өндіретін, өнімді басқарады және капитал жинақтайды. Сондай-ақ, олар өмірдің жалғасуын қамтамасыз ететін тегін әлеуметтік репродукциялық еңбекті де тәркілейді. Әйелдер осы еңбекті пропорционалды жүзеге асырмағандықтан, қосалқы әлеуметтік теңсіздік туындайды.



Капитализм адамдар әл-ауқаты мен қоршаған ортаға қауіп төндіреді.
М.Крэндаль/ Flickr. Кейбір құқықтар қорғалған.

Капитализм дамуының императивін ескерсек, бұл жүйе әлемдік шекараларды мойындамайды. Экономикалық әрекеттерді кеңейту, қарқындылығын сақтау мақсатында өндірістік процестің әрбір ұлғаюы қосымша ресурстарды (яғни материя мен энергия) талап етеді және ластануды күшейтеді. Нәтижесінде экожүйелер регенеративті қабілетінің қалыпты жұмысының бұзылуына, экологиялық ағындардың бітелуіне, табиғи айналымның үзілуіне және ресурстардың таусылуына ықпал ете отырып, адамзат тарихында бұрын болмаған көлем мен категорияларда сипаттауға болатын қоршаған орта құлдырауы орын алады. Капиталдың окшауланған әлеуметтік метаболизмі – қоғам және үлкен биотабиғи әлем арасындағы қатынас – ауа-райы өзгерісінен, биотүрлер жойылуының артуынан және мұхиттың қышқылдануынан көрініс табады. Бұл – өзекті экологиялық мәселелердің бірсыпырасы.

Капитал логикасында әлемдегінің барлығы – адамдар, адами емес жануарлар, өсімдіктер, тастар, ауа, су және т.б. – жеке пайданың жинақталуын қамтамасыз ететін құралдар. Капитализм принциптерін дұрыс ұғынғанда, таптық қанау мен қоршаған орта құлдырауы арасындағы тығыз байланыс айқын байқалады. Осыдан таптық, оның ішінде әлеуметтік әділеттілік пен қоршаған ортаны қорғаудың батыл қозғалыстары күресінің маңыздылығын байқауға болады.

Алайда, бүкіл әлемде капитализмнің билік құруы қоршаған ортаны қорғау мәселелері мен әлеуметтік әділетсіздіктің себептерін ғана емес, сондай-ақ, өмір сүру жағдайларын жақсарту жолдарын түсінуді қиындатты. Екі ғасыр бойы – әсіресе, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін үдей түскен – көп мемлекеттерде экономикалық өсу «әлеуметтік прогресс» пен «дамудың» синонимі ретінде қабылданды. Сондықтан, қоғам үздіксіз (ақшаның айырбас құнымен өлшенетін) экономикалық өсуге талпынуы

керек екендігі туралы түсінік нық орнықты. Осы әдіс, тең бөлінген жағдайда, барлығын табыспен қамтамасыз ететін тұтыну сұранысының, тауарлар мен қызметтер сапасы мен санының артуын қамтамасыз етуі қажет еді. Дамудың бұл түрін кәсіпкерлер мен үкімет басшылары кедейлікті жою және жұмысшылардың жағдайын жақсартуға бағытталған мәселелерді шешу жолы ретінде ұсынады. Сонымен қатар, бұл – инновациялар мен технологиялық жаңалықтарды әзірлей отырып, қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешудің тиімді әдісі деп те қабылданады. Басқаша айтқанда, барлық жақсылық үздіксіз экономикалық өсуге байланысты. Жалпыға түсінікті үрдіс болып көрінетін капитализм модернизациясы бағдарламасы миллиондаған адамдарды кедейлікке ұшыратып, мемлекет ішіндегі және мемлекетаралық теңсіздік, қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің үсті-үстіне қабаттасып жатқан фактісін толығымен жоққа шығарады.

Дегенмен, капиталдың идеологиялық басымдығынан, оның құрылымдық ұйымдасуынан, жаһандық билігінен және өндірістің окшауланған жүйесінен әлем жұмысшыларының, кәсіподақтарының бір бөлігі мен солшыл үкіметтер дамудың капиталистік бағдарламасын өмір сапасын жақсартудың толығымен немесе жартылай әдісі деп қабылдайды. Мұның ерекше бір қатыгез аспекті – капитализмнен зардап шеккен адамдар өз қиындықтарында капиталистер мен экономикалық жүйені емес, қоршаған ортаны қорғаушыларды, иммигранттарды, социалистерді, феминистерді, басқа нәсілділерді және басқа топтың мүшелерін кінәлайды; олар – шындығында жау емес, ықтимал одақтастар.

Капитализм жұмысы жүйеге қарсы күштерді жұмылдыру үшін әртүрлі мәселелер мен кедергілерді қалыптастырады. Стратификацияланған жаһандық экономикалық жүйе тең емес дамуға жол ашып, нәтижесінде жаһандық Оңтүстіктегі

арзан жұмыс күші Солтүстікке арналған тауарларды өндіруге пайдаланылады. Осындай жағдайларда экономикалық артық өнім Солтүстіктің капиталистеріне беріледі де, ал тауар өндірумен байланысты қоршаған орта құлдырауы және өндірістік ластану Оңтүстікте шоғарланады. Барлығынан жаманы, ауа-райы өзгерісінің сел және құрғақшылық сияқты салдары жаһандық Оңтүстік, әсіресе халықтың әлсіз топтары үшін үлкен соққы болды. Капиталистік операциялар әртүрлі түсті адамдар мен кедейлерге ауыртпалық салып, халық арасындағы қосымша бөліну мен теңсіздіктің пайда болуына ықпал ететін экологиялық әділетсіздікті туындатты. Өз кезегінде, капитал өз қызметін жалғастыруға және ауа-райы өзгерісі сияқты қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуге бағытталған маңызды азаматтық пікірталастар мен саяси әрекетті алдын-алуға өз билігі мен беделін қолданады. Осыған қарамастан, капиталистік жүйе – көптеген әлеуметтік және экологиялық қарама-қайшылықтардың негізі. Тәркілеу мен қанауды басынан өткізу тәжірибесі бар әртүрлі таптардың біріккен көтерілісі қажет екендігі айқын. Алайда, оппозицияның жағрафиялық шекаралар мен әртүрлі әлеуметтік бөліністі қалай ұйымдастырып, қалай еңсеретіндігі – енді ғана қалыптасып жатқан процесс.

Жаһандық көтеріліс жақсы әлемді құруға мүмкіндік береді. Осы революциялық трансформация іргетасының кейбірі капитализм даму, өмір сүру деңгейі, өмір сүру сапасы және әл-ауқат ұғымдарын қалай талқылайтындығы туралы мәселені қамтиды. Капитализм жұмысы адам қажеттіліктерін қамтамасыз етуге, әлеуметтік әділеттілікке жетуге және қоршаған орта құлдырауын тоқтатуға қарсы қызмет етеді. Капитализмге батыл, бірақ дұрыс балама басты мақсаты жеке байлықтың жинақталуын қамтамасыз ететін өндіріс пен тұтынудың ұлғаюы болмайтын қоғамды құруы қажет. Теңдік пен әділеттілікке негізделген, адамдар

алғашқы қажеттіліктерін қамтамасыз етіп қана қоймай, шығармашылық мүмкіндіктерге, бос уақытқа және эстетикалық қанағаттануға, ғажайып қоршаған ортаға ие бола алатын қауымдастықтарды құру адамдар өмірін жақсарту үшін жасалады. Осындай балама әлемді құру отынмен, көп көлікпен, көп ұшақпен, көп пластмассамен, көп электрондық тауармен, көп сауда орталықтарымен және көп ірі фемерлік шаруашылықтармен жүзеге аспайды. Сондықтан, қоршаған ортаға зақым келтірілмейді. Ол әлеуметтік, саяси және экономикалық өзгерістерді талап етеді.

Қысқасы, әлемді капитал қадағалауынан босату үшін әртүрлі экожүйелерді, тұрақты ауа-райы мен уланбаған қоршаған ортаны қолдайтын, барлық адам үшін сапалы өмірді қамтамасыз ететін қоғамды құру қажет. Осы тұрғыдан қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешу жолдарын нарық және технологиялық іс-шаралар арқылы іздейтін неолибералдық әдістер сәтсіздікке ұшырайды. Билікке қарсы шығатын және әлеуметтік-экономикалық, яғни оқшауланған емес, қажетті жұмысты қалыптастыратын қатынастардың қайта құрылымдануына қызмет ететін қоршаған ортаны қорғаудың батыл қозғалысы керек. Ол отаршылық пен империализм мұрасының мемлекет ішінде және мемлекетаралық нәсілдік және экономикалық әділетсіздіктің мәңгі орнығуы мен корпорациялардың, үкіметтердің және даму ұйымдарының экожүйелерді аяусыз пайдалануына қарсы күресті де қамтиды.

Сонымен, егер жақсы әлемді құрғымыз келсе, социалистер, феминистер, отарлыққа қарсылар және әлеуметтік әділеттілік жолында қызмет етіп жүргендер қоршаған орта дағдарысы – көп мәселелердің бірі ғана емес, халықты қанаумен үйлескен және капитализммен қарама-қайшылықтағы мәселе екенін мойындаулары қажет. ■

Хаттарды Ричард Йорк <roryork@uoregon.edu>
пен Бретт Кларкқа <brett.clark@soc.utah.edu>
жолдауға болады.

> Шектеуіш тізбегі эффе́ктісі:

қарқынды өсімнен тыс капитализм

Джеймс Гэлбрейт, Техас университеті, АҚШ және Клаус Дёрр, Йена университеті, Германия



«Ұлы трансформация. Заманауи қоғамдар болашағы» конференциясы 2019 жылдың қыркүйегінде Германиядағы Йенада өтеді. Авторлық құқық: Сара Кордс.

Өндірісі ерте дамыған елдердің экономикалары қарқынды өсімін артта қалдырды. Осы елдер экономикасы қарқынды өсімінің тежелу себептерінің бірі – Джеймс Гэлбрейт «шектеуіш тізбегі эффектісі» деп атаған табыстың қысқару тенденциясы.

Бұл ұғым 1945 жылдан кейін Шығыста да, Батыста да пайда болған және өсім қарқындылығы есебінен дамуды қамтамасыз еткен ресурс пен қуат сыйымдылығы экономикасының өзгеріссіз қала алмайтындығы фактісін сипаттайды, себебі мұндай экономика түрінің нәтижелігі ресурстар арзан болғанда ғана жоғары болуы мүмкін. Дегенмен, ресурс сыйымдылығы ұзақ уақытта ғана амортизацияланатын үнемі қыруар шығын дегенді де білдіреді. Жүйенің ұзақ уақыт бойы табыс алып келетіндігі күтілген жағдайда ғана шығындар ақталуы мүмкін. Сондықтан, саяси және әлеуметтік тұрақтылық – осы экономикалық әрекет түрінің орталық функциялық шарты. Тұрақтылық талаптарының болуынан жоғары тиянақталған құн жүйесі осал. Бірақ, заман тұрақсыз болғанда және шикізат пен қуат көздерінің құны қымбаттағанда жағдай қандай болмақ? Табыс пен инвестицияның уақыт көкжиегі қысқарып, жалпы табыс немесе компания табысы, тұрақтылық кезеңіне қарағанда, азаяды. Табыс азайғандықтан, барлық қабаттардағы бөлудегі шиеленіс ушыға түседі, себебі позитивті дамуға сенімділік шайқалады.

Шектеуіш тізбегі эффектісі әрі қарай (а) негізгі ресурс дефициті, яғни қалыпты бағадағы ұсыныстан сұраныс артық болғанда және (ә) осы тауар ұсынысын жинақтау және алып-сату (спекуляция) арқылы басқару мүмкін болғанда күшейе түседі.

Иттің қамытына ұқсаған осы эффект міндетті түрде экономикалық өсімді тежемейді. Бірақ, қуат ресурстарын тұтыну қарқыны артқандықтан, баға тез өседі де,

>>

рентабелдік жылдам төмендейді. Бұл инвестицияны азайтады, өсім тұрақтылығына күмән келтіреді және басқа экономикалық тетіктерді (жөнсіз) күшейтуге алып келуі мүмкін.

Осы өтемақылар ауа-райы өзгерісіне жұмсалатын қыруар шығындарды да өтей алмайды. Тауар мен қуат шығындары 2007-2009 жылдары болған дағдарыстың және көне капиталистік орталықтардың салыстырмалы баяу өсімінің жалғыз себебі емес. Дегенмен, ауа-райы өзгерісі құны «өткір» бола бастағанда, ресурс мәселесі өсімнің негізгі кедергісіне айналуы ықтимал. Мәселе айқын: жердегі ұйымдасқан өмірдің тап осы қалыпта өмір сүруін қамтамасыз ету үшін көміртектің ауаға шығарылуын едәуір қысқарту қажет болады және ол қымбатқа түседі, сондай-ақ қазіргі қуат сыйымды іскерлік белсенділіктің басым бөлігі шығынды болады.

Осының айналасында орын алған ішкі экономикалық пікірталасқа қарамастан, капитализм, өсім және демократияны талқылауда үш жақты талдау жасау маңызды. Біріншіден, өсімді бастан кешірген қоғамдар, нақтырақ бай Солтүстіктегі салыстырмалы әлсіз немесе өсім мүлдем жоқ өсімнен кейінгі капитализмдер әлеуметтік шындыққа айналғаны қай заман. Мұның себептері – жартылай құрылымдық, жартылай саяси. Банктерді құтқару мақсатымен жеке қарыздардың мемлекеттік қарыздарға айналдырумен Еурокеңістік мемлекеттері уақыт ұтқанымен, қабылданған шараларда құрылымдық экономикалық үйлесімсіздікті тұрақты шешу жолдары қарастырылмаған. Еуропаның қатаң үнемдеу саясаты сәтсіздікке ұшырады, ал оның кейбір басты қайраткерлері, әсіресе, Грекия жағдайында, мұны мойындап отыр.

Бірақ, жоғары жалақы мен жоғары сұраныс кейінгі саясаты шын мәнінде балама бола алмайды. Қазіргі ұсыныстары еуропалық қарыз режимімен біріктірілген биліктегі құрылымдық аралықты есепке алмайды. Қаржы нарықтары жаһандық деңгейде байланысты болғандықтан, ал инвесторлар тәуекелді халықаралық деңгейде бағалайтындықтан, жеке мемлекеттердегі реттегіш тетіктерінің нәтижелігі шамалы. Басқаша айтқанда, құрылымдық кедергілер экономиканың тұрақты қалпына келуін тежейді. Кей елдер мен өңірлер экономикасының ұзақ уақыт қарқынды өсімі әбден мүмкін, алайда өсім мен бөлу алшақтай түседі және өсімнің бұрынғы жоғары қарқыны қайтып оралмайды.

Екіншіден, егер осы рас болса, онда бұл өсімнен кейінгі қоғам тұжырымын нормативті асыра сілтеудің

немесе посткапиталистік баламалар үшін оның мәні жоқ дегенді білдіреді. Оның орнына, өсімнің үнемі төменгі қарқынымен жүретін баяу өсім капитализм мен демократия қатынасы үшін не дайындап тұрғанын анықтауымыз қажет. Капиталистік экономикалық жүйелер, әлеуметтік-экономикалық құрылым негізінің ешбір өзгерісінсіз-ақ, ұзақ уақыт тоқырауда болуы (Жапонияны, Италияны қараңыз) немесе қысқаруы (Грекияны қараңыз) мүмкін. Билік құрылымында ұзақ уақыт аралығында өсім қарқыны әлсіз салыстырмалы тұрақты капитализмнің болуы мүмкін, бірақ бұл демократиялық институттар мен рәсімдердің тұрақтылығына да қатысты ма, бұл – басқа мәселе.

Үшіншіден, қарқынды өсімге оралу мүмкін еместігіне қарамастан, өсім мен капитализмді жалпы сынау және тоқыраудан немесе құлдыраған экономика идеясы – мәселені шешу жолы емес. Оның орнына, функциялық механизмге экономиканың биофизикалық қорын кіріктіретін саналы баяу өсетін жаңа экономика мәселе шешімі бола алар еді. Тоқыраулы немесе құлдыраған экономикада жеңіске жеткендер аз болып, жеңілгендер саны көп болады. Сондықтан, болашақта ұзақ уақыт аралығында баяу тұрақты өсімге кепілдік бере алатын экономикалық әрекет түрі қажет. Біздің ойымызша, баяу өсетін орталықсыздандырылған капитализм тиімді. Мұндай капитализм басқа қаржыландыру нұсқаларынан ерекшеленетін болады. Ол, жалпы алғанда, тұрақты шығындарының ішінде ресурстарды кең пайдалану қарастырылған мекемелер мен ұйымдардың (әскери) көлемін қысқартады және банк саласын жояды. Бұл азаматтар өмір сүруінің лайықты деңгейін, зейнетақыға ерте шығу мүмкіндігін, төменгі жалақының барынша жоғарылауын, еңбекке салықты азайтып, салықты мұраға қалдыру мен сыйға тартудың көбеюін қамтамасыз етер еді. Маңыздысы, пассивті жинақтаудан гөрі әлеуметтік және экологиялық тұрақты инфрақұрылымды белсенді шығынмен қамтамасыз етуге түрткі болар еді. Бұл шынайы сценарий ме? Әзірге, ашық сұрақ.

Әлеуметтану жауап іздеуге қосылуы қажет. 2019 жылғы қыркүйек айының соңында Йена қаласындағы неміс университетінде өтетін «Ұлы трансформация. Заманауи қоғамдардың болашағы» конференциясында талпыныс жасалады. Сонда қарқынды өсімнен тыс болашақ туралы жаһандық пікірталасқа қатысуға әлеуметтанушылар мен экономистер үшін мүмкіндік жасалатын ғылыми-зерттеу желісін құруды қалаймыз. ■

Хаттарды Клаус Дёппре <klaus.doerre@uni-jena.de> жолдауға болады.

> Өсімнен кейінгі жағдай

Эрик Пайно, Монреалдағы Квебек университеті, Канада және Өсімнен кейінгі қоғамдарды зерттеу тобы, Йена университеті, Германия



Экономикалық өсім ұзақ уақыт батыс саясатының негізгі мәселесі болды. Суретті түсірген: [LendingMemo.com /flickr](https://www.flickr.com/photos/lendingmemo/). Кейбір құқықтар қорғалған.

Капиталистік қоғамдағы өсім оның құлдырауы немесе аяқталуы сынды көптеген мағыналар мен салдарға ие. Бұл материалдық дерек, экономикалық масштабтың ақшалай репрезентациясы, сондай-ақ капиталистік қоғамда сыналуы қиын негізгі идея. Өсімнен кейінгі жағдай сынау тек мүмкін емес, сондай-ақ қажет болатын контекстке тиесілі.

Өсім, ең алдымен, ЖІӨ мен басқа да ұлттық шоттардың метрикаларын өлшейтін мәселелерге қатысты: ақша-несие өндірісінің экономикасы ретінде капитализмнің мөлшері мен динамикасы. Оларға өндірілетін (шығарылатын) және тұтынылатын (сұраныс) тауар көлемі; қорлардың жинақталуы және негізгі капиталға салынған материалдық (машина) немесе материалдық емес (ҒЗТҚЖ, патенттер) инвестициялар жатады. Бұл – еңбекақы, табыс, салықтар, пайыздар және дивидендтер үлгісінде ақшалай кірістерді қамтамасыз ететін жұмыс орындары.

Тар экономикалық тұрғыдан өсім – өнім көлемінің ұлғаюы мен өнімді өндіру мүмкіншілігінің артуы. Пайыздық мөлшерлеমেде берілген өсім қарқыны ұлғаюы үрдісінің қарқындылығын көрсетеді. Заманауи капиталистік қоғамдарда өсім – экономиканың «қалыпты» жағдайы,

ал бір ғана көрсеткіш - ЖІӨ - мұны құрайтын түрлі әлеуметтік және материалдық қатынастарды біріктіреді және білдіреді. Өсім деңгейінің төмен болуы капитал, еңбек және мемлекет арасындағы бөлуде шиеленістің орын алуына ықпал етеді. Өсім деңгейінің ұзақ мерзімді төмендеуі (зайырлы стагнация) мемлекеттегі тұрақсыздық пен шиеленістің ұзаққа созылуына алып келеді. Капиталистік экономикалардағы өсім деңгейінің төмендеуі өзін-өзі реттей алатын құбылыс: мемлекет шығындарды қысқартады; корпорациялар инвестицияларды тоқтатады және өндірісті қысқартады; капиталистер пайдасын жинақтайды немесе оны қаржы саласына ауыстырады; қорғанушы күрестерде өздерін бөлектендіктен жұмысшылар таптың ұжымдық күшінен айырылады; жалақы негізінде өсім динамикасына негізделген экономикаларда сұраныс азаяды. Бұл – 2008 жылғы дағдарыстан кейін көптеген негізгі капиталистік мемлекеттердің тәжірибесі.

Осылайша, өсім – капиталистік қоғамдардағы тапшілік қайшылықтарды реттеудің негізгі құралы. Қанау арқылы қор жинауға негізделген капитализм тұрақтылықты өсімнен табады: пайда өскен сайын жалақы да қатар өседі; толық жұмыспен қамту жоғары инвестициялармен қатар жүреді; таптық қатығыстар әлсірейді және басқарылады; өсіп

>>

келе жатқан әл-ауқат көпшілік үшін «өмір сүру деңгейін» жоғарылату, сондай-ақ ауқатты мемлекетті нығайту ретінде ұсынылады. Егер өсім белгілі бір деңгейден төмендесе, мұның бәрі құлдырайды. Өсімнің тежелуі өндірістен жоғары пайданы үнемдей бастайтын капиталистер үшін алаңдаушылық тудырмайды. Әрине, бұл сұраныс пен өсімді одан әрі төмендетеді, себебі еңбекақы шектеулі болады, бірақ жұмысшылар әрдайым несие картасына жүгіне алады немесе өнім басқа жерлердегі «шектеулі емес» тұтынушыларға сатыла бастайды. Осындай жағдайда жұмысшы таптың ұйымдастырылған топтары – «өсім тұтынушылары» – өсімнің жоғары қарқынын туғызатын саясатты ұсынады және сол үшін күреседі: мемлекет тарапынан жоғары әлеуметтік шығындар, еңбекақының өсуі және фирмалардың «шынайы» жұмыс орындарын ұсынуына ықпал ететін инвестицияларды тарту. Егер тамыры терең және нөлдік өсім қарқынына таптық тұрғыда негізделген құрылымдық үрдіс ретінде түсінілген зайырлы тоқырау, шын мәнінде, дамыған капиталистік қоғамдардың болашағын білдірсе, онда біз өсімді қалайтын жұмысшылар мен қоғамдық қозғалыстардан тұратын парадокс, яғни дамуға немқұрайлы қарайтын корпорациялар және ірі капиталистермен бетпе-бет келген прогрессті өсім коалициясы жағдайында қала береміз. Бұл – сыни әлеуметтану және капитализм теориясы үшін сын-тегеурін.

ЖІӨ экономиканың көлемін өзіне қатысты өлшейді. Ол ақша бірліктерінде көрсетілгендіктен, капитализм – өзін-өзі өсіретін автономды жүйе. Алайда, Поланийден білетініміз, капиталистік қатынастар өз логикасына қайшы, одан да кең әлеуметтік қатынастар мен институттарда дамиды, кейде осы үрдістегі даму негізін бұзады. Сондай-ақ, феминистік теория еңбектің, бағаның және капиталдың күтім сияқты «күнсыз» репродукциялық жұмысқа толықтай тәуелділігін көрсетеді. Экономика тек бір нәрсе (әлеуметтік қатынастар) арқылы өсіп қана қоймайды, ол сол нәрсеге негізделе отырып өседі (репродукциялық жұмыс және күтім). Солтүстік-Оңтүстік қатынастарына қатысты, озық капиталистік ядроның өсімі, жаһандық Оңтүстікке немесе периферияға империялық тұрмыс үлгісі ретінде белгілі қысымды мойындату қабілетіне де тәуелді. Күшті, әлдеқайда сенімді және инклюзивтік дамуға сұраныс қайта анықтаған жағдайында прогресшіл даму коалициясы тауарланған әлеуметтік қатынастардың кеңеюіне, экстернализация және «күнсыз» репродукциялық жұмысқа сұраныс көлемінің артуына үлкен алаңдатушылық тудыруы мүмкін.

Өсім материалдық процесс ретінде қарастырылғанда, өндіру мен тұтынудың зиянды әсерлері және экожүйелер мен қоршаған ортаға қалдықтарды тастау және жаһандық биогеохимиялық циклдер, мысалы, климаттың өзгеруі ретінде түсініліп, мойындалған кезде мәселе күрделене түседі. Биофизикалық шкала – экожүйелерге және жаһандық деңгейде өзі тиесілі жер жүйелеріне қатысты экономиканың жиынтық мөлшері және биофизикалық ықпалдың қарқындылығы (сарқылу, ластану, жасандылық) тәуелді және шектелген экономиканың жаңа репрезентациясын береді. Әлеуметтік экологияның дамып келе жатқан саласы

биофизикалық тұрғыда капиталистік экономикалардың өсімі мен масштабын қамтитын өлшемдер мен категорияларға ие. Әлеуметтанулық болжам – жеке адам ретінде біздің метаболизміміз қоғам деңгейіндегі кең әлеуметтік ұйым метаболизмімен байланысты. Әлеуметтік-экономикалық метаболизмді капиталистік қоғамдағы тұтыну және инвестициялық тауарлар мен қызметтерді өндіру үшін қажетті заттар мен энергияны өткізу қабілеті ретінде өлшеуге болады. Біз кез-келген биофизикалық негізден бөлінген ақша-несие экономикасының қалдықтарынан, дематериалданған қор жинақтаудан (егер біз Twitter есебінен өмір сүре алатын болсақ) арылғаннан кейін және биофизикалық өткізу қабілеті мен ақша өндірісінің тығыз байланысын, сондай-ақ, капиталдың артефактілер (ғимараттар, машиналар, инфрақұрылым) арқылы ғана жүзеге асатынын түсінгеннен соң ғана өсімнің биофизикалық шектеулері туралы сұрақ ЖІӨ сынды күрделі және анық екенін аңғарамыз.

Биофизикалық тұрғыдан өсімнен кейінгі жағдай капиталистік қоғам мен оның экономикалық өсіміндегі экологиялық қарама-қайшылықтарды көрсетеді. Бұл қарама-қайшылықтар жеке өмір сүре алады және оны жанама не еңбек пен капитал арасындағы шынайы ішкі қайшылықтардың туындысы ретінде қарастыра алмаймыз. Осылайша, өсімнен кейінгі жағдай Маркс ілімінен келе жатқан сыни теорияға негіз болған дәстүрлі тарихи материализммен байытылған экологияландырылған материализмге алып келеді.

Капитализмді осылай талдау әдісінің соңғы онжылдықта дамуы алдыңғы қатарлы капиталистік қоғамдар метаболизмі қысқаруы керек екендігін анық көрсетті. Дегенмен, капиталистік экономиканың биофизикалық өсімін қысқарту мүмкін емес екендігін айқындаған Джон Беллами Фостер: «тіпті ЖІӨ-нің өсім қарқыны айтарлықтай төмен болғанда да, биофизикалық шкала оған ере қоймайды», – дейді. Экологиялық тұрақсыз метаболизмдік және биофизикалық процестердегі материалданған капитал жинақталуын қамтамасыз ететін көп механизмдер экологияландырылған әлеуметтік теорияда егжей-тегжейлі рәсімделген.


Осындай экологиялық қарама-қайшылықтармен бетпе-бет келу және оларды шешу капиталистік қоғамдардағы экономикалық процестерді қысқарту дегенді білдіреді. Бірақ капиталистік қоғамдардағы өндіріс пен тұтынудың институттанған әлеуметтік қатынастары экономиканың үздіксіз өсіміне және оның салдарын күшейтуге негізделген. Ол дамуында қарама-қайшылықтармен күрделенген және кедергілерге ұрынған сайын, өсім үшін оның негізін құрайтын әлеуметтік таптар ұсынатын шешімдері де арта түседі. Қазіргі капиталистік қоғамдар экономикалық, саяси және мәдени себептерге байланысты өсімді және олардың өзгеруін қажет етеді, бірақ олардың алмасуын биофизикалық себептерге байланысты қысқарту қажет. Осы қарама-қайшылықты өз бетімен түсіндіру үшін оларға саяси сөздік қоры мен қиял жетіспейді. Бұл – өсімнен кейінгі жағдай сыни әлеуметтану және тұтастай сыни теорияға ұсынылатын мәселе. ■

Хаттарды Эрик Пайноға <eric.pineault@uni-jena.de> жолдауға болады.

> АНТИ-ӨСІМ:

түбегейлі әлеуметтік-экологиялық өзгерістерге үндеу

Федерико Демария, Қоршаған орта ғылымдары және технологиялары институты, Барселона автономдық университеті, Испания



Ұлу анти-өсім қозғалысының белгісіне айналды. Суретті түсірген: Барбара Кастро Урро.

«Өсім үшін өсу» барлық үкіметтер мен халықаралық институттардың ұстанымы болып қалып отыр. Экономикалық өсім әлемдегі барлық мәселелердің шешімі сияқты: кедейлік, теңсіздік, тұрақтылық, не деп атасаңыз да. Солшылдар мен оңшылдардың бір-бірінен айырмашылығы тек оған қол жеткізу жолында ғана. Дегенмен, ыңғайсыз ғылыми ақиқат бар: экономикалық өсім экологиялық тұрақсыздыққа алып келіп отыр. Оның үстіне, белгілі бір жағдайда ол әлеуметтік қажеттілік емес. Бұл мәселеден келіп шығатын негізгі сұрақ: экономиканы өсімсіз қалай басқаруға болады?

Бұл мәселе ғылымнан саясатқа дейінгі әр түрлі салада заңды. Мәселен, 2018 жылдың қыркүйегінде Еуропарламенттегі өсімнен кейінгі ахуал бойынша конференцияда 200-ден астам ғалым 100 мыңға жуық азаматпен бірге еуропалық институттарды «Еуропа, өсімге тәуелділікті тоқтататын уақыт келді» деген ашық хатында әрекет етуге шақырды. Бұл бір уақытта пайда болған пікірталас емес. Мұндай талқылаудың кем дегенде жиырма жылдық тарихы бар: 200-ден астам ғылыми мақаланың, арнайы он басылымның болуы және мыңдаған қатысушылар қатысқан екі жылдық халықаралық конференциялардың, жазғы мектептердің өтуі, тіпті осы мәселе бойынша Барселона университетіндегі магистр дәрежесінің болуы – осының айғағы. «*Degrowth: A Vocabulary for a New Era*» еңбегіміз оннан астам тілге аударылды. Қазіргі уақытта маңызды бастамалар төменгі деңгейде жүріп жатыр: қоршаған ортаға зиян келтіретін жобаларға қарсылықтан (олардың 2000-нан астамы Экологиялық әділет

атласына түсірілген, мысалы, Германиядағы *Ende Gelände* компаниясының «Көмірді тоқтатыңыз: климатты қорғаңыз!» науқаны) бастап, ортақ игілік, ынтымақтастық экономикасы және бірлесіп өмір сүру баламаларына дейін. Десек те, анти-өсім деп нені меңзеп отырмыз?

Жалпы алғанда, анти-өсім ілімі экономикалық өсім гегемониясына сын-тегеурін және әлеуметтік әділеттілік пен әл-ауқатқа қол жеткізу құралы ретінде индустриялық дамыған елдерде өндіру мен тұтынудың азаюына, оның демократиялық жолмен қайта қаралуына бағытталған. Анти-өсім ілімі негізінен «шағын нәрсе де әдемі болуы мүмкін» идеясымен байланысты. Дегенмен, баса назар аударатын мәселе – тек аз/шағын емес, сонымен қатар *әртүрлілікте*. Анти-өсім қоғамында барлығы басқаша болады: іс-әрекеттер, энергия түрі мен оны пайдалану, қарым-қатынас, гендерлік рөлдер, ақылы және ақысыз жұмыс арасындағы уақытты бөлу, адами емес әлеммен қарым-қатынас.

Анти-өсімнің мәні – өсім фетишизмін бойына сіңірген қоғамнан арылу. Сондықтан, алшақтық сөздер мен заттарға да, символдық және материалдық практикаларға да, қиялдың деколониялануы және басқа мүмкін әлемдерді іске асыруға да қатысты. Анти-өсім жобасының мақсаты – басқаша өсу, дамудың басқа бір түрі (тұрақты, әлеуметтік, әділ және т.б.) емес, керісінше қоғамның басқа түрінің құрылуына арналған, қарапайым ауқатты қоғам (Serge Latouche), өсімнен кейінгі қоғам (Niko Paech) немесе өсімсіз өмір сүрудің бір түрі (Tim Jackson). Басқаша айтқанда, бұл – басынан бастап экономикалық жоба емес, экономиканы жалғыз шынайылық



Анти-өсім туралы әдебиеттер көп тілде қолжетімді. Суретті түсірген: Федерико Демария.

және империалистік дискурс ретінде қарастырудан арылуға бағытталған әлеуметтік жоба. «Ортақ пайдалану», «қарапайымдылық», «келісімділік», «қамқорлық» және «жалпыға ортақ» – осы қоғамның негізгі ұғымдары.

Экологиялық экономиканы қарастырғанымен, анти-өсім экономикалық тұжырымдама емес. Бір жағынан, анти-өсім қазіргі биофизикалық шектеулерге (табиғи ресурстар мен экожүйенің ассимиляциялық әлеуетіне) қарсы тұру үшін әлеуметтік метаболизмнің төмендеуін білдірсе (экономиканың энергиялық және материалдық өнімділігі), екінші жағынан, анти-өсім қоғамдағы нарықтық қарым-қатынастардың барлық саланы шырмауы және әлеуметтік сананың дамуға негізделуі туралы үндеуді қарапайым ауқаттылық идеясымен алмастыруды ұсынады. Бұл – сондай-ақ, негізгі демократиялық бағыттан тыс технология мәселелеріне қатысты терең демократияға шақыру. Ең соңында, анти-өсім бүкіл Солтүстік пен Оңтүстік, сондай-ақ қазіргі және болашақ ұрпақтар арасында байлықтың әділ қайта бөлінуін білдіреді.

Соңғы онжылдықта ортақ идеяға негізделген өсім идеологиясының салтанат құруы – консенсустық «*тұрақты өсім*» ұранының, жақсы оксиморонның жүзеге асуы. Оның мақсаты – экологиялық дағдарыста экономикалық өсім дінін сақтауға талпыныс және ол постжаһандық қозғалыстар тарапынан жақсы қабылданған сияқты. Ол жаһанданған нарық капитализміне басқа өркениеттік жобаны шұғыл түрде қарсы қойды, немесе, дәлірек айтқанда, ұзақ уақыт бойы іске асырылып жатқан, бірақ төменнен дамып келген жоспарды көрсетті. Осылайша, дамушы елдерде пайдаланылатын өнімділік түрімен, яғни өсіммен байланыстың үзілуі осы балама жобаның негізіне айналды.

«Анти-өсім» ұғымын 1972 жылы саясаттанушы Андре Горз ұсынды және 1979 жылы оны Николас Джорджеску-Руген шығармаларының француз аудармасының атауы ретінде қолданды. Кейін 2001 жылы «анти-өсім» түсінігін француздық табиғат қорғаушылары экологияны саясаттану мәселесіне айналдыру мақсатында ұран ретінде пайдаланды. Анти-өсім ұраны «тұрақты өсімнің» екі жүзділігінен,

кейде мағынасыздығынан арылу қажеттілігінен туындады. Осылайша, бұл сөйлем – негізінен тұжырымдамадан гөрі (кем дегенде, экономикалық өсімге симметриялы емес), шектеулер мәнін естен шығармауға бағытталған ашық саяси ұран. Анти-өсім рецессия да, теріс өсім де емес, оны тура талқылауға да болмайды: құлдырау үшін құлдырау – өсім үшін өсу сияқты сандырақ.

Анти-өсім транзиті бұл құлдыраудың тұрақты траекториясы емес, ол тоғышар қоғамдардың қарапайым, біріге және аз шығынмен өмір сүру жолына өтуі. Мұндай транзитті жеңілдететін және осындай қоғамның өркендеуіне мүмкіндік беретін бірқатар тәжірибелер мен институттар бар. Анти-өсімнің тартымдылығы оның әртүрлі ой (соның ішінде әділеттілік, демократия және экология) бастаулары мен ағындарын табу және қалыптастыру қабілетінде. әртүрлі деңгейдегі стратегияларды қалыптастыру үшін (соның ішінде оппозиция белсенділігі, халықтық қозғалыстар (баламалары) және институттық саясат); агроэкологиядан климаттық әділеттілікке дейінгі әртүрлі мәселелерге бағдарланған гетерогенді акторларды біріктіреді. Анти-өсім жалғыз мәселе саясатынан тыс байланыстырушы ағым (желілер желісі үшін платформа) ретінде жұмыс істейтін тақырыптық салаларды толықтырады және күшейтеді.

Іс жүзінде, анти-өсім – балама емес, керісінше, экономикалық тоталитаризм бетпердесін шешу арқылы адамның шығармашылығына және тағдырлар саналуандығына жол ашатын баламалар матрицасы. Бұл гомоэкономикалық парадигмадан немесе Маркузенің бір өлшемді адамы концепциясынан - планеталық гомогендену және мәдениеттерді өлтірудің негізгі көзі - арылу. Егер «өсім» әлеуметтік өмірдің ұйымдастырушылық принципі болмаса, онда бірнеше принцип үшін орын бар. Ол сапатистердің (Zapatistas) «бірнеше әлемдер сиятын әлемі» болуы әбден ықтимал. Анти-өсім – Buen Vivir, Afrotopia, және Swaraj сияқты өсімнің балама түрлері ретінде әлемдегі көптеген дүниетанымдардың бірі. «*Pluriverse: A Post-Development Dictionary*» атты жаңа кітапта біз бүкіл әлемнен олардың жүзден астамын жинадық. Сондықтан да, анти-өсім үшін «түйінді» шешімдерді тұжырымдау мүмкін емес, тек кез-келген өнімді емес, тұрақты қоғамның негіздерін және өтпелі бағдарламалардың нақты мысалдарын белгілеп шығу ғана мүмкін.

Анти-өсім болжамы түбегейлі әлеуметтік-экологиялық өзгеріс траекториясының қажет, қалаулы және мүмкін екенін тұжырымдайды. Әлеуметтік динамикаға, акторларға, альянстарға, институттарға қатысты саяси сұрақтар мен оларды жүзеге асыру шарттары, анти-өсім транзитін жүзеге асыратын процестер ашық болып қала береді және Еуропа мен одан тыс жерлерде белсенді талқыланады. Ыңғайсыз сұрақтар қоятын анти-өсімді зерттеудің ғылыми бағдарламасын ғана емес, саяси бағдарламаны ұсынатын уақыт келді. Эколог-экономистер Тим Джексон және Питер Виктор «*Нью-Йорк Таймс*» газетінде «Өсімсіз әлемді елестету – қоғам үшін ең маңызды және өзекті міндеттердің бірі» деп жазды.■

Хаттарды Федерико Демарияға <federicodemaria@gmail.com> жолдауға болады.

> Феминизмдер мен Анти-өсім -

Альянс па әлде берік қатынастар ма?

Анна Саави-Харнак, Йена университеті; Германия, **Корина Денглер**, Вехта университеті; Германия және Барбара Мурака, Орегон мемлекеттік университеті, АҚШ

“Анти-өсім» ұғымы 2007 жылы болған қаржы дағдарысынан кейін көпшілікті экономиканың қысқаруы туралы ойларға итермелеуі мүмкін. Бірақ, бұл анти-өсімнің не екендігі туралы емес. «Олардың рецессиясы біздің құлдырауымыз емес!» деген белсенді ұран анти-өсім ұғымын академиялық дискурс және әлеуметтік қозғалыс ретінде өсім парадигмасында (яғни, рецессия) теріс өсімнің сипаттамасы ретінде қате түсінілмеуі керек. Керісінше, анти-өсім ұғымы осы парадигмаға күмәнмен қарайды және қоғамдарды экономикалық өсім диктатурасына тәуелділіктен босату қажеттілігіне баса назар аударады. Бұл – анти-өсім ілімі қазіргі заманғы қоғамдар үшін әлеуметтік және экологиялық қанауды үнемі жеделдету, кеңейту және күшейтуге негізделмей отырып, қайта өндіру үшін мүмкіндіктерді іздейді және айқындайды. Нақты утопия ретінде, анти-өсім саласындағы белсенділік және ғылыми қызмет әлеуметтік әділ және экологиясы тұрақты қоғам үшін төменнен жоғарыға қарай жылжитын трансформацияны болжайды және осы көзқарасқа балама ұжымдық практикалардан негізгі институттарды трансформациялауға дейінгі қадамдарды ұсынады. Сондықтан – бұл белсенділердің тағы бір ұраны – анти-өсім туралы сөз қозғағанда «апаттың емес, құрылымдағы қысқаруды» айтамыз.

Сонымен қатар, Грекиядағы экономикалық құлдыраудың қарқындылығына қарасақ, осы саладағы ғалымдар мен белсенділер ретінде үйренетін нәрселеріміз баршылық. Грекиядағы қаржы дағдарысынан кейінгі өсім қарқынының төмендеуі әлеуметтік және қоғамдық қызмет саласында күрделі әлеуметтік мәселелерді туындатты. Дамушы экономика азаматтық қоғамның мемлекеттік қарызға реакция ретінде үнемдеу саясатын қабылдауға қабілетті екенін көрсетуі тиіс еді. Мемлекеттік шығындардың салдарын жеңілдету үшін ауруханалар, бала-бақшалар және коммуналдық желілер құрылды. Салоникидегі ынтымақтастық клиникасы сияқты экономикалық дағдарыстың (яғни, апаттың азаюы) айқын салдарынан туындаған мұндай бастамалардың көпшілігі

шынымен де анти-өсім «сұлбасы» бойынша құруды қалайды деген идея(лар)ға ұқсас. Бірақ, ол негізделген феминистік алаңдаушылықты растайды: әсіресе, Грекия жағдайында, әйелдерге дағдарыс теріс ықпал етті, себебі олар қатаң үнемдеу саясаты нәтижесінде пайда болған бос орынды толтырды. Ер адамның дәстүрлі жұмыс орындарының бірсыпырасы жоғалғандықтан, әйелдер қоғамдық қызметтің көп бөлігін, әсіресе, күтіп-бағу жұмыстары мен әлеуметтік репродукция саласындағы іс-әрекеттерді өз мойнына алды. Феминистер, Грекия мысалында, апатқа байланысты анти-өсім де, «сұлба» үлгісіндегі анти-өсім де әйелдер үшін өте қауіпті болуы мүмкін, сондай-ақ әлеуметтік репродукция және күтіп-бағу жұмыстарын қайтадан дәстүрлендіруге үлес қосуы ықтимал деп түйіндейді. Феминистік алаңдаушылық, еңбек сияқты негізгі әлеуметтік институттардың түбегейлі өзгеруін және барлық адамдардың жақсы өмір сүруі үшін қажетті шарттарды қайта қарауды талап етпейтін анти-өсім жолын ерекшелейтін іліммен нығайта түсті. Мұндай анти-өсімнің барынша консервативті ұғымына қарсы «Феминизмдер мен Анти-өсім Альянсы» (FaDA) аясындағы жан-жақты талқылау сияқты радикалды перспектива феминизмнің түрлі формалары және дәстүрлерімен шабыттанған негізгі принциптерін құруда анти-өсім қоғамының эмансипациялық әлеуетін көрсетеді.

Анти-өсім пікірталасы қарқын алмастан бұрын ол феминист-белсенділер, ғалымдар мен қоршаған орта қорғаушылары арасында қызу талқыланды. Мысалы, 1980 жылдары Германияда әзірленген күнкөріс минимумы тұжырымдамасында қоршаған орта мәселелері мен әйелдерді және отарларды қанау арасындағы өзара байланыс көрсетілген. 1997 жылы *Экологиялық экономика* журналының «Әйелдер, экология және экономика» атты арнайы шығарылымы осы бастаманың тағы бір маңызды кезеңі болды. Бұл диалог барған сайын анти-өсім жақтастары тұрғысынан қарастырылып жатса да, феминистік ойлау әлі күнге дейін анти-өсім ұсынысының ажырамас бөлігіне айнала алмай отыр.

“Феминистер анти-өсіммен байланысты әділ және ынтымақтастыққа бағытталған әлеуметтік-экологиялық трансформацияның жүзеге асуы үшін елеулі еңбек сіңірді”

Біз анти-өсім ілімі феминистік дәстүрлерден әлі де көп нәрсені үйренуі тиіс деп білеміз; анти-өсім ілімі көздейтін әділетті және ынтымақтастыққа бағдарланған әлеуметтік-экологиялық трансформацияға жету үшін феминизмнің үлесі маңызды. Біріншіден, экологиялық феминизмнің негізгі түсінігі – «табиғат» (Батыстық ой дәстүрінде «әйел» деп конструкцияланады) және «әлеуметтік репродукция» («табиғи» деп есептеледі) капиталистік экономикалардағы әр өндірістің негізі. Дегенмен, капиталистік өсім парадигмасы аясында екеуі де күнделікті өмірде құрылымдық жағынан құнсызданған, еленбейді және жойылған. Анти-өсім әлеуметтік және экологиялық қайта өндірудің пайдаланылуын және құнсыздануын қатар ескеру керек және оларды адам мен табиғат арасында тұрақты қарым-қатынас орнату күресінде негізгі құрамдасқа айналдыруы қажет. Екіншіден, феминистік теория әлдеқашан өсім парадигмасындағы билік қатынастарын ашып көрсеткен. Мәселен, Мария Миестің 1986 жылғы патриархат пен «үздіксіз жинақтау және өсім парадигмасы» арасындағы қарым-қатынасы туралы есебі феминизм және анти-өсім қозғалыстарының арасындағы өзара даму тек мүмкін ғана емес, сонымен қатар капитализмдегі қысым көрсететін құрылымды толықтай қарау үшін қажет екендігін көрсетеді. Үшіншіден, феминизм теорияларды қалыптастырды және күтімнің отбасыға немесе жеке меншікке бөлінуін емес, жалпыға ортақ тәжірибесін қолдады, бұл трансформациясыз экономиканың қысқаруына алып келеді. Амая Перес Ороцконың «өмірдің тұрақтылығы» туралы есебі анти-өсім қоғамындағы күтімді елестету үшін бастапқы нүкте болып табылады. Мысалы, Сильвия Федеричидің «күтімді жалпыға ортақ етуі» жеке тұлғаларды, көбінесе әйел күтушілерді қолдайды және күтушілерге кездесу, ой алмасу және саяси дауыстарын бекітуге арналған әлеуметтік орынмен қамтамасыз етеді. Күтім жұмысын ұйымдастырудың бұл жолы бірқатар анти-өсім тәжірибелерін шабыттандырды.

Феминизм мен анти-өсім ілімі арасындағы диалогты дамыту арқылы көп нәрсеге қол жеткізуге болатындығына

қарамастан, мұнда да қиындықтар бар. Феминизмнің кейбір тармақтарының белсенді қатысу әлеуеті төмен. Тіпті ең мүмкін серіктестердің - экологиялық феминизм мен анти-өсім ілімі - іргетасы болатын терминологияларының әртүрлігі өзара келіспеушілік тудыруы мүмкін.

Сонымен қатар, жедел экологиялық апаттың нақты және сезімтал екендігін ескере отырып, интервенциялар әлеуметтік осал топтар үшін, соның ішінде әдетте әлеуметтік репродукцияны жүзеге асыратын адамдарға тигізетін салдарын елемей қауіпін тудырады. Жакында Федеричи (2018) көрсеткендей, біз бүкіл әлемде әйелдерге, әсіресе жергілікті халықтың күнделікті өміріне, біліміне және күтіміне жауаптыларға қатысты алаңдаушылық тудыратын зорлық-зомбылықтың артуымен бетпе-бет келіп отырмыз. Элитаның өсуін қамтамасыз ету үшін зорлық-зомбылықты неолибералдық крест жорығы аясында жаһандық «қоршаудың» жаңарған толқыны басқарып келеді. Міне, сондықтан да, анти-өсім белсенділігі мен ғылым үшін қысым кезеңіне қарамастан, бұрын көрсеткеніміздей, капиталистік өсім парадигмасымен тығыз байланысты патриархаттың тұзағына *түсіп қалмау* өте маңызды.

Феминизмді анти-өсім қозғалысының ажырамас бөлігіне айналдыру қиыншылығы FaDA желісіндегі жан-жақты талқылаудан көрініс тапты. Кейбір мүшелері екі дискурс пен қозғалыс арасында альянс құру арқылы олардың қарым-қатынасын қарапайым мүмкіндік ретінде белгілеп, жалпы күрестегі айырмашылықтарды ажыратудан гөрі, екеуінің берік қатынасына назар аудару керек деп тұжырымдайды. Өсім парадигмасы аясынан тыс қоғамды түбегейлі трансформациялауға тек капиталистік өсімді және оның терең патриархаттық тамырларын біріктіру арқылы қол жеткізуге болады. Феминизм мен анти-өсім парадигмаларын интеграциялау – әлі де аяқталмаған және бәріміз қатысуға шақырылған жоба. Феминистік анти-өсім қоғамын құру үшін жаһандық диалогқа қатысу - міндетіміз!■

Хаттарды Анна Саави-Харнакқа <anna.saave-harnack@uni-jena.de>

Корина Денглерге <corinna.dengler@uni-vechta.de>

Барбара Муракаға <Barbara.Muraca@oregonstate.edu> жолдауға болады.

> Анти-өсім стратегиясының мәселелері:

Грекия мысалында

Габриэль Сакелларидис, Афина университеті, Грекия



Лондондағы «Грекия Тынықсын!» шеруі, 2015. Шейла / flickr. Кейбір құқықтар қорғалған.

Капиталистік экономикаларда мемлекетке азаматтарының өркендеуі үшін экономикалық өсім қажет деген аксиома бар. Дегенмен, өсімнің тартымдылығын тек қоғамдық дискурс пен ғылыми парадигмалардағы басым идеялардың жиынтығы деп түсінуге болмайды. Өсімді дәріптеу – тек қана дауыс беруге ұмтылатын ықпалды академиялық элиталар мен саясаткерлердің қолдауына ие болған «өсім идеологиясының мәселесі» ғана емес. Керісінше, осы «өсім идеологиясын» генетикалық кодында бәсекелестік, капиталдың қорлануы және пайданың максимизациясы болатын капиталистік өндіріс тәсілін реттейтін мықты заңдар нәтижесі ретінде қарастыру қажет.

Өсімнің қажеттілігі экологиялық қауіпті болдырмау туралы қамқорлық іс-шараларының өсуімен пайда болған анти-өсім идеяларымен қарама-қайшылықта. Қысқаша айтқанда, анти-өсімді әлеуметтік және экологиялық тиімді түрде «өндіріс пен тұтынуды әділетті түрде қысқарту» деп анықтауға болады. Анти-өсім теоретиктері мен белсенділердің пайымдауынша, өсімнің императивімен салыстырып қарағанда, табиғи ресурстардың жеткіліксіздігі, ауа-райының өзгеруі, жұмыс күнінің ұзаруы, өмір сапасының төмендеуі сынды және т.б. факторлар анти-өсімге нақты әлеуметтік шектеулер болып табылады. ЖІӨ дамудың көрсеткіштерін бұрмалайды деп есептеледі, себебі ол ақшалай белгіленбеген маңызды айнымалыларды айналып өткенімен қоймай, сонымен қатар

қоғамды өнімділік және тұтыну бәсекесімен байланыстырады. Қаржы дағдарысынан кейін болған жақындағы жаһандық құлдырау аясында халықаралық өндіріс үлгісі қарсылыққа тап болды. Жаһандық деңгейде ағымдық шоттың теңгерімсіздігі жағдайында бұл құбылысқа экономистер күмәнмен қарағанына қарамастан, «анти-өсім лагерлері» ықпалымен әлеуметтік басымдықтарды өсімге талпынуға қарай қайта бағыттау мүмкіндігін қарастыратын сыни бағалау артып отыр.

Грекия қатал үнемдеудің ықпалы туралы қоғамдық пікірталастардың орталығына айналды, себебі Ұлы дағдарыс кезеңінен кейінгі дамыған капиталистік мемлекеттердің ішіндегі ең терең құлдырауды бастан кешірген мемлекет; ол 2008 жылдан 2017 жылға қарай өзінің шынайы ЖІӨ-нің 28,1% жоғалтты, ал жұмыссыздық деңгейі сол уақыт аралығына 7,8%-дан 21,5%-ға өсті (шарықтау шегі 2013 жылы 27,5% құрады). Экономикалық дағдарыс елді терең әлеуметтік дағдарысқа соқтырды, сонымен қатар қалыптасқан саяси бірегейлік пен партиялар құлдырап, жаңалары қалыптасып жатқан кезеңдегі дағдарыстың терең репрезентациялануы үлгісінде саяси деңгейде де көрініс тапты.

Әлеуметтік жағдайды ескере отырып, негізгі мәселе тұрақты және мақсатты дайындалған анти-өсім стратегиясы жемісті бола алды ма деген болып отыр. Егер жемісті болмаса, қандай маңызды тетіктер оның қиындауына ықпал етті деген сұрақ туындайды. Мұндай қиыншылықтар оны күн тәртібінен алып тастау үшін себеп деп қарастырылмай, керісінше, анти-өсім теоретиктерін өз стратегиясының негіздерін нығайту үшін өтетін кедергілер ретінде қабылдануы тиісті. Келесі екі параграфтан түсінікті болатындай, Тройка саясатының ұстанымдары да солшылдар баламаларында өсім айналасында ой қозғады, сондықтан барлық қоғамдық пікірталастар өсім мәселесі төңірегінде дамыды.

Тройка қабылданған стратегия Грекияға инвестицияларды тартуды ынталандыруға және экономиканы экспорт есебінен дамытуға, ішкі девальвацияны сауықтыруды қолға алуға және

>>

еңбек пен тауарлар нарығындағы құрылымдық реформаларды жылжытуға, сонымен бірге бәсекелестікті арттыру үшін шынайы айырбас курсына мақсатты бағытталған және грек экономикасын даму цикліне қоюды көздейді. Бірақ, нәтижелері грек халқының басым бөлігіне жақсылық әкелмеді.

Тройка ұсынған балама солшыл саясат екіжүзді болып шықты. Бір жағынан, Грекияның евроаймақта қалып, бірақ «катал үнемдеуге қарсы» топта болуын жақтағандар жеке тұтыну мен инвестицияларды ынталандыруға бағытталған мемлекеттік инвестицияларды арттыратын, сонымен қатар сұраныс менеджментін біріктіретін «Жаңа Маршалл жоспарын» ұсынды. Грекияның мемлекеттік қарызын қайта құрастырумен қатар, осы стратегия оны тұрақтылықпен және кейінгі тетіктер арқылы жұмыс орындары және кірістермен қамтамасыз етеді. Екінші жағынан, Grexit жақтастарының пікірінше, евро орнына номиналды девальвацияланған жаңа ұлттық валютаны қабылдау экспортты арттырып, импортты азайтады, көбіне өндіріске негізделі отырып экспортқа бағытталған импортты өсіммен алмастырудың бірігуіне алып келеді.

Грекиядағы сенімді анти-өсім нарративтерінің дамуына бірінші кедергі мемлекеттік қарыздың тұрақтылығы мен оның өндірістің өсуіне қатынасында болып отыр. Грекия мемлекеттік қарызды өтеудегі төлем қабілеттілігі дағдарысына ұшырағаннан бастап, қарыздың тұрақтылығы әңгіме деңгейінде болса да, жүргізіліп отырған саясаттың мақсаты болды. Мемлекеттік қарыз тұрақтылығының негізгі айнымалылары — бюджеттің бастапқы сальдосы және мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша пайыздық мөлшерлеме көрсеткіші мен өндіріс өсімінің номиналды ырғағы арасындағы өзарабайланысы. Егер номиналды өсім өнімділігі деңгейі пайыздық мөлшерлемеден төмен болса, онда тіпті бастапқы профициттің өзінде де мемлекеттік қарызды көтеретін «қар ұшқыны эффектісі» деп аталатын механизм жүзеге асады. Сондықтан өндірістің дамуы мемлекеттік қарыздың тұрақтылығының маңызды айнымалысы болады. Осындай күрмеуі қиын жағдайда «анти-өсім» стратегиясы туралы ұсыныстардың тартымдылығы шамалы.

Екінші мәселе заманауи капитализмнің қаржыланған үлгісінде болып отыр және экономиканы «жеке қарыздың рецессиясы» сияқты жабық шеңберге айналдыратын қарыздың дефляциясымен байланысты. Капиталистік экономика — ақша өндірісі экономикасы, және оның бірліктерінің теңгерімі бір-бірімен күрделі қаржылық желілер арқылы байланысқан. Шамадан тыс жеке қарыздың болуы жағдайында рецессия қарыздың дефляциясына алып келетін қарыздың ауыртпалығын күшейтеді.

Үшінші мәселе жұмыссыздық және онымен байланысты қосалқы әлеуметтік шығындармен байланысты. 2007 жылы 7,8% болған жұмыссыздық деңгейі 2013 жылы 27,5% құрап, өзінің ең жоғары шегіне жетіп, грек қоғамын сілкіндіріп,

едәуір саяси қауіп-қатерге алып келгенін дәлелдеудің қажеті жоқ. Жұмыспен қамтамасыз етудің экономикалық өсімге тәуелділігін ескеретін болсақ, Грекиядағы шынайы саяси күн тәртібі өсім стратегиясына тікелей байланысты болды да, жұмыссыздықтың жоғары деңгейімен күреске қысым көрсету нақты саяси жағдайда осы траекторияға тәуелділіктің артуына алып келді.

Басқаша айтқанда, жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз ете алу қабілеті бар анти-өсім стратегиясына ешқандай дайындық болмағандықтан, «қарапайым бизнес» парадигмасы қоғамдық пікірталастарда үстем болды, яғни, жоғары өсім — көбірек жұмыс орны дегенді білдіретін.

Төртінші мәселе, капиталдың ағылуынан зардап шегетін рецессия кезеңіндегі грек экономикасы инвестицияларды тарту үшін өзінің экологиялық стандарттарын қатты төмендетуімен байланысты. Жедел инвестициялар туралы жаңа заң аталмыш тенденцияны дәлелдеді. Дағдарысқа дейін әлеуметтік қарсылықты туғызатын инвестициялардың көптеген мысалдары бар, бірақ қазіргі кезде олар әлеуметтік тұрғыда заңды болып есептеледі. Мұндай аса белсенді жобалар қатарына Солтүстік Грекиядағы Халкидикидегі жаңа алтын кеніштерін өндіру, немесе Ион және Крит теңіздерінде мұнай мен табиғи газ қорлары өндіру үшін грек үкіметі мұнай компанияларымен бірлесіп жүзеге асырған келісімшарттар кіреді. Өсімге ұмтылудың тағы бір мысалы Хеллиникадағы бұрынғы афиналық әуежайдың концессиясы, шетелдік және отандық инвесторлардың ықпалымен қазіргі үкімет осы әуежайды астаналық саябаққа айналдыру міндеттемесін өз мойнына алды.

«Анти-өсім күн тәртібі» тап болып болып отырған мәселелердің экономикалық табиғаты экономизмді қабылдамайды. Дегенмен, оның «өсіп келе жатқан экономикаға» қоятын маңызды және нақты шектеулерін жақсы түсінуіміз керек. «Экономизмнің қыры» ретінде олардан қашу нақтылықты ескермеуге және анти-өсім стратегиясының мүмкіндіктерін әлсіретуге алып келеді. Дағдарыс кезінде Грекияда өндірісті ұйымдастырудың балама әдістері мен тұтыну құрылымы туралы сұрақ тумалы десек әділетті болмас еді. Керісінше, жергілікті деңгейде болса да, уақытша банктер, қаладағы бағбаншылық, ауылшаруашылық тауарлары үшін «делдалсыз» желілер және өзін-өзі басқарудың іскерлік кәсіпорындары сияқты бірқатар бастамалар пайда болды. Алайда, осы бастамалар көбінде фрагменттік сипатта болды, әсіресе терең рецессия жағдайында өміршең балама бола алмады. Соған қарамастан олар идеологиялық түрде әлеуметтік қажеттіліктердің басымдығына күмән келтіре отырып және оларды қоршаған ортаны қорғау мен экономикалық демократияға қайта бағыттау арқылы әлеуметтік ұйым парадигмасына қарсы парадигманың негізін қалады. Олар экономизмге қарсы тұрады және өндіріс пен тұтыну үлгісінің өзегіне әлеуметтік қажеттіліктерді қояды. ■

Хаттарды Габриэль Сакелларидиске
<Gabriel.sakellaris@gmail.com> жолдауға болады.

> Чили:

Неолиберализмнен пост-даму қоғамына ма?

Хорхе Рохас Эрнандес, Консепсьон университеті, Чили



Өзгеріс жалғасуы үшін тәжірибелік те, утопиялық та идеялар қажет. Times Up Linz/flickr. Кейбір құқықтар қорғалған.

Өзінің салыстырмалы түрде қысқа тарихында Чили әртүрлі экономикалық, әлеуметтік, мәдени және саяси тәртіптерді бастан кешірді. Кейбір үкіметтер реформалар мен революциялар болады деп уәде берген еді, бірақ ол одан да терең шиеленістерге ұласты. Фронттың халықтық үкіметі 1938 жылы солшыл альянстың қолына өткенмен, билікті ұзақ ұстай алмады. 1964 жылы Эдуардо Фрей Монтальва Христиан-демократиялық партияның үміткері ретінде президент сайлауында жеңіске жетті. Оның социализм мен капитализмге балама «Үшінші жол» деп аталатын үкіметтік бағдарламасы құрылымдық реформалар мен қоғамның қатты саясилануымен сипатталды. Негізгі мақсат – аграрлық реформа жасау болды.

1970 жылдан 1973 жылға дейін Сальвадор Альенде социалистерді, коммунистерді және басқа да шағын

солшыл партиялардың одағын біріктірген атақты халықтық үкімет Unidad Popular-ды басқарып, билікте болды. Ол экономиканың негізгі секторларын национализациялады (банк ісі, ауыл шаруашылығы, мыс өндіру және өнеркәсіптің негізгі салалары). Альенденің үкіметі мемлекеттік аппараты арқылы кең теңдікке және жұмысшы табы мен басқа да қоғамның неғұрлым кедей әлеуметтік қабаты үшін әділеттіліктің орнауын көздеген Чилидің «Ұзақ шеруінің» нәтижесі болды. Прогресс парадигмасымен бірге оның реформалары алпысыншы жылдардың саяси азаттық концепциясының бір бөлігі болды. Өкінішке орай, 1973 жылы осы демократиялық социализм бойынша аяқ астынан әскери төңкеріспен аяқталды.

Неолибералды экономистермен бірге әскери диктатура жекешелендірудің радикалды саясатын жүргізді.

>>

Олардың мақсаты тек экономикалық үлгіні өзгерту ғана емес, сонымен қатар Чили қоғамын трансформациялау және жаңа әлеуметтік және мәдени үлгіні жасау болды: жеке прогресс пен бакыт үшін даму мен бәсекелестіктің «акталған» құралдары болатын тұтынушыға бағытталған неолибералды және нарықтық бағытталған қоғам, саясатсыздандырылған және индивидуализацияланған қоғам. Мемлекет экономика мен оның әлеуметтік функцияларынан шығуы керек болды. Осы парадигма 1990 жылдардағы демократизация процесінде жалғасты.

Осы жекешелендіру және индивидуалдандыру саясаты Чили халқының үлкен топтарында өмір мәнінің жоғалуы мен болашағы туралы үрейлі ойларға алып келді. Нәтижесінде 2006 жылы мемлекеттік білім беруді жақсартуды талап еткен студенттер қозғалысы, «Пингвиндер» қозғалысы сияқты наразылық және азаматтық қозғалыстары пайда болды. Одан кейін 2011 жылы тегін университеттік білім беруді талап еткен жаппай студенттер қозғалысы орын алды. Екі қозғалыс та кейінгі мемлекеттік бағдарламаларда өз қолтаңбасын қалдырды. Осы өзгеріс процестері күрделі әрі баяу жүрді, бірақ олар оң саяси және әлеуметтік нәтижесін берді.

XXI ғасырдың басында қазіргі кездегі әлеуметтік-экологиялық, климаттық және институттық дағдарыстарды түсіндіруге бағытталған даму үлгілері түбегейлі жарамсыз болып қалғандай болды. Дегенмен, индустриялық қоғамдарда экожүйелерде, ауа-райында және әлеуметтік өмірде терең өзгерістерге алып келетін өнімді жасаушы Жаһандық Солтүстік пен Жаһандық Оңтүстіктегі аймақтарда өндіруші адам қызметін табиғаттан бөлетін құралдық рационалдылық басым болды. Модернизацияға және жаһанданудың жаңа парадигмасына ұмтылыстан қолдау табатын прогресс пен өсімнің жақында айналымға енген неолибералды идеологиясы Жер шарының экологиялық шекаралары мен әлеуметтік жарамды шектерін қиып өтеді. Осы даму Чилидің шекараларында тоқтап қалмайды. Бүгін біз экологиялық және әлеуметтік жауапты және тұрақты әлеуметтік жүйеден алыста қалдық.

Чилидегі күшпен жүзеге асқан төңкерістің нәтижесінде орын алған өзгерістер қазіргі кезде көптеген мемлекеттерде жаһанданумен байланысты баяу, бірақ тұрақты неолибералды өзгеріс процестері формасында орын алып отыр. 1980 жылдардағы Чилилік неолибералды модель бізге өндірістің экстернализациясы неғұрлым икемді жұмысшы орта мен жаңа прекариаттың құрылуына алып келетіндігін ертерек көрсетті. Қазіргі кезде де жаһандану процестері осыған ұқсас жұмыс жасайды. Бұған бүкіл әлемде жұмыс орындарының азаюымен сипатталатын, жаңадан басталған жаңа технологиялық революцияның (4.0) ықпалы қосылады. Экологиялық дағдарыстар мен климаттың өзгерісі бізді ауа-райының өзгеруі нәтижесінде болған қоршаған ортаға зиян келтіру мен апаттардың көбеюі жұмысқа қалай ықпал етеді

деген мәселеге назар аудартты. Аталмыш факторлардың барлығы әлеуметтік дезинтеграция мен жаңа теңсіздікке алып келеді. Нәтижесінде азаматтардың наразылықтары арта түседі. Көптеген елдерде байқалатын әлеуметтік интеграцияның жетіспеушілігі қазіргі кезде қалыптасқан демократияға, жеке және азаматтық құқыққа қауіп төндіреді және соңында қоғамның ыдырауына алып келуі мүмкін. Бірақ әлемнің көптеген бөліктерінде, Чили мен Латын Америкасында да тек нақты бір мәселені шешуді ғана емес, сонымен қатар азаматтарға қолайлы жарқын келешегі үшін реформалардың қабылдануын талап ететін әлеуметтік және экологиялық қозғалыстар құрылууда.

Неолиберализмнің және қазіргі өсім моделінің дағдарысы жаңа анти-өсім үлгілерінің пайда болуына алып келеді ме? Бірнеше мемлекеттерде көрініс тапқан оңшыл популистік аландататын үрдістер әртүрлі бағыттарды көрсетеді. Олар басталып қойған әлеуметтік-экологиялық және либералды трансформациялық процестерге қарсылық күшін құрайды. Дегенмен, қазіргі дағдарыстарға жауап ретінде және оңшыл популистік саясатқа құрылған әлеуметтік және экологиялық қозғалыстар одан ары нығайып, ынтымақтасуы да мүмкін. Мысалы, Чилидегі соңғы президенттік және парламенттік сайлауға жаңа солшыл альянс, Фронт Амплио қатысты. Құрылғанына екі жылдан кем уақыт болғанына қарағанда, партия сайлауда 20% дауыс жинап, қазір парламентте отыр. Дәстүрлі солшылдарға қарағанда, бұл топ саясат, қоғам мен табиғаттың жаңа концепцияларын жүзеге асыруда. Бірақ, қазіргі кезде басқа да қызық құбылыстар орын алуда: Чили қазіргі кезде жоғары дәрежеде әлеуметтік және экологиялық тұрғыда ақпараттанған жас, жаңа ұрпақ бастаған «Empresas B» («B корпорациялары» немесе «мәртебелер корпорациясы») деп аталатын бизнестің жаңа балама түрлерін дамытушы алдыңғы қатарлы мемлекет. Олардың нарықтағы үлесі үнемі өсіп отыр. Қазіргі уақытта бүкіл Латын Америкасында адаптацияланған халықаралық сертификацияның үлгілері экологиялық және әлеуметтік тұрақтылық, инновациялық әлеует және компаниядағы жұмыс сапасы сияқты факторларды есепке алады. Осы жаңа динамизм жаңа жұмыс мәдениеті мен өмір сүру бейнелерінің қалыптасуына мүмкіндік береді.

2017 жылдың соңына қарай Латын Америкасында 450-ден астам сертификатталған «Empresas B» болды, Чилиде оның 130 орналасты. Олар – әлеуметтік-экологиялық этикаға негізделген жаңа B жаһандық қозғалысы мен B бизнес үлгісінің бір бөлігі. Олардың тиімділігі қоғамдық әл-ауқат, қалыптасқан экожүйелермен жұмыс істеудің тұрақты әдісі, қалдықтарды қайта өңдеу мен биоэкономика негіздерін ұстану, сонымен бірге ынтымақтастықтың жаңа формалары сияқты көрсеткіштер арқылы бағаланады. Осылайша, B ұлттық Жүйелері құрылады және B Академиялары деп аталатын желі оларды ғылыми зерттеулермен қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта Чили азаматтарды оқытуға және білікті жұмыс орындарын

ашуға бағытталған Экономика, Даму Министрлігі мен Өндірістік Туризмді Дамыту Корпорациясы (CORFO) бағдарламалары аясында осы іске қолдау көрсетіп отыр.

2018 жылдың соңында Чилидің оңтүстігіндегі Пуэрто-Монтт, Пуэрто-Варас және Фрутильярдегі В қозғалысының Бірінші дүниежүзілік кездесуіне 30 мемлекеттен 1000-нан астам адам қатысты. Осыған ұқсас бастамалар соңғы онжылдықтағы мәдени және саяси өзгерістерінің нәтижесі болып отыр. Қазіргі жас ұрпақ тәуелсіздік, еркіндік,

халықтық қозғалыстар, креатив пен бастамашылдық, сыйластық, ынтымақтастық және экологиялық сана сияқты құндылықтарды бағалайды.

Чилиде байқауға болатын осы жаңа, тұрақты бағыттар келешекте де саяси қолдау табады және алдағы мемлекеттік бағдарламалар мен саяси шараларда көрініс табады деп үміттенеміз. ■

Хаттарды Хорхе Рохас Эрнандеске <jrojas@udec.cl> жолдауға болады.

> Жаңа тапты талдаудағы

экофеминистік әлеуметтану

Ариэль Салле, Сидней Университеті, Аустралия және ХӘҚ Қоршаған табиғи орта мен Қоғам (ЗК24) және Әлеуметтік қозғалыстар, Ұжымдық әрекеттер мен Әлеуметтік өзгерістер бойынша (ЗК48) зерттеу комитеттерінің мүшесі



Экологиялық феминистік талдау күнделікті өмірдің тәжірибесіне сүйенеді, сондықтан олар жоғарыдан төменге дейін саяси идеологиялармен шырмалған әлеуметтік қозғалыстардың алғышарттарына көбіне күмәнмен қарайды. Мысалы, 1980 және 1990 жылдары экофеминистер «терең экология» философиясындағы сексуалды-гендерлік білімнің кемшіліктеріне қатысты дауласты. Экофеминистер Бағдарламаның экологиялық мақсатын жоққа шығарып ғана қойған жоқ, олар негізінен ғаламшардың дағдарысы капиталистік патриархаттық институттар мен құндылықтардың жедел жаһандануынан бастау алып отыр деп тұжырымдады. Осы себепке байланысты дағдарыстық шешімдер аталмыш жүйені қолдай отырып, «ер адам құқығы мәдениетін» өзгертуі тиіс. «Экофеминизм/терең экология» деген атпен белгілі бұл дау америкалық журнал *Environmental Ethics*-те он жылдан астам уақыт созылып келеді. Саналылықты арттыру мақсатындағы осы бір әрекетте феминист

теоретиктер маркстіл ғылыммен де сыни тұрғыда байланыста болды. Соңғы онжылдықтарда *Capitalism Nature Socialism* және *Journal of World-Systems Research* сияқты журналдардағы мақалалар экофеминизмді сыни әлеуметтану ретінде қабылдайтын қоғамдық түсінікті кеңейтті. Заманауи жаһандық конъюнктура жаңа әлеуметтанулық *таптық* талдауды талап етеді деген тұжырым – менің ұстанымым. Сондықтан төменде «Қарапайым материализм» деп атаған тарихи траекторияның қысқаша сипаттамасын ұсынамын.

> Қарапайым материализм

Кез келген қоғамның негізі – репродукциялық еңбек. Осы еңбегінің тәжірибесіне сүйеніп ана ағзасындағы биологиялық циклдерді қадағалап, қамқорлыққа алып отыруға үйренеді. Бұл тура шаруалар мен терімшілердің жер-ана циклдерін қалпына келтіруі мен күтуі сияқты. Көп жағдайда осы тегін жұмыскерлер әлемдік экономикада байқалмайды, әлеуметтануда да, марксизмде де өзіне лайықты мойындалмай келеді. Дегенмен, осы үш еңбек тобы, яғни – аналар, шаруалар мен терімшілер – Жердегі өмірді қамтамасыз ететін материалдық дағдыларды игергендіктен заманы туған тапты құрайды.

Экологиялық феминизм ұғымы экология мен феминизмді біртұтас күрес ретінде қарастыратын саясатты сипаттау үшін кеңінен қолданылады. Ол қала орамдары мен ауылдық қауымдардағы өмір сүру жағдайлары қауіпті болған жағдайда қалыптасады. Әйелдер мен ерлер өмір сүруді қамтамасыз ететін жұмыстарға қатысуы мүмкін, бірақ күтім жасаушы және азық-түлікті өндіруші ретінде әлеуметтік орынды иемденетін әйелдер әдетте, қоршаған органы қорғаумен байланысты шараларды жүзеге асыруда бірінші кезекте тұрады. Осы сияқты әрекеттер – әмбебап, аймаққа, тапқа немесе этникалық тегіне тәуелсіз; яғни олар

>>



«Мета-өнеркәсіптік еңбектің» экологиялық тұрақтылық пен экономикалық игілікке жетелейтініне мысал. Суретті түсірген: Ариэль Салле.

ерекше жіктелген. Капиталистік тұтыну мен даму үлгілеріне Екінші дүниежүзілік соғыстың алып келген зардабына қарсы әйелдердің 1970-жылдардан бастап әрбір құрлықта пайда болған әрекеттері «экофеминизм» деп атала бастады. Олардың саясаты умен ластауға, ормандардың азаюына, ядролық энергетикаға немесе агроөнеркәсіпке қарсы екеніне байланысты емес және барлық кезде тек «жергілікті» және «жаһандықтың» өзарабайланысы болып табылады. Мария Мис сияқты неміс экофеминистері өз жұмыстарын тіпті Роза Люксембургтің социалистік ықпалында жасады.

1980-жылдары – ядролық қаруға қарсы, Қара Билік, Либерал Әйелдер, Байырғы халықтардың жерге құқығы сияқты «жаңа әлеуметтік қозғалыстардың» жылдам өсуі байқалды және маркстілдердің скепсисі орынды еді. Радикалды экологияны Жасылдар партиясы мен технократ мамандар жақтады. Либералдық индивидуализм феминизмді мойындамады және ол мемлекетпен бірге тең құқықтар жөніндегі біртұтас мәселеге айналды. Экофеминизмнің келесі кезеңі Жаһандық Солтүстік табиғатын қорғау мақсатындағы неоколониялық саясатты жандандырған 1992 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының Жер Саммитінен кейін пайда болды. Қазіргі кезде жергілікті келісімдердің әлемдік бас жоспары жерасты қазба байлығын бірлесе игеру мен жергілікті дәрілік шөптерді корпорациялық патенттеуге жол ашты. Вандана Шива сияқты басқа да экофеминистер Риодағы Жер Саммитіне қатысып, қолдарынан келгенше аталмыш шараларға қарсылық көрсетті. Перулік әлеуметтанушы Ана Исла атап өткендей, климаттың өзгеруі туралы БҰҰ Рамалық конвенциясы әлсіздер тарапынан жеңілдіктерге итермелейді. Жиырмасыншы ғасыр халықаралық бұқаралық қозғалыстың Әлемдік сауда ұйымымен қарсыласқан кездегі Сиэтл үшін күресімен аяқталды. Жаһандануға халықтық балама үшін қозғалыстың ішіндегі осы ең кең қозғалыс өзінің Әлемдік әлеуметтік форумын 2001 жылы өткізді.

> Жаһандану: деколониялану

Неолиберал еркін сауданың кенеюі метрополидағы пролетариаттың ахуалын қиындатты, олардың жұмыс орны Жаһандық Оңтүстіктегі экспортты өңдеу аймағына төменгі жалақымен көшірілді. Алайда, геосаяси перифериядағы көптеген адамдар үшін күн тәртібіндегі жағымды оқиға, яғни деколониялану еді.

Жерсіз адамдардың Бразилиядағы белсенді қозғалысы эко-ауылдар мен азық-түлік тәуелсіздігі туралы айта бастады. Эквадордағы *Asociación Ecológica* әйелдері табиғи ресурстарды отарлық ұрлаудың 500-жылдық тарихын сипаттау үшін «экологиялық парыз» концепциясын жасады; ұрлықтың заманауи түрі – Әлемдік банктің дамуға берілетін несиесінің пайыздары; және сонымен бірге өмір сүру құралдарының экономикалық экстрактивизм нәтижесінде құлдырауының жалғасуы. Өнеркәсіптік молшылық жағдайында өмір сүрудің баламасын қамтамасыз етудің андтық әдістері ұсынылған 2010 жылғы Ауа райы бойынша Кочабамба Саммитінде әділдік пен тұрақтылық мәселесі қойылды. Индустрияландыруды прогреспен теңестіру сұрақ деңгейінде қалды. 2008 жылғы жылғы қаржылық дағдарыстан кейін қолында ақпараты бар жастар капиталистер табына қарсы күресу үшін Уолл-стрит қор биржасының қасына шатыр тігіп, «Басып ал» қозғалысын бастады; Германияда олар франкфурт банктерін қоршап алды. Шынайы «репродукциялық құндылықтарға» негізделген басқа саясат Еуропалық Одақтың қатан үнемдеу бағдарламаларына қарсылық көрсетуші Жерорта теңізі мемлекеттерінде қалыптасты. Испандық *indignadostar* көршілердікіне ұқсас өзіндік экономиканың нұсқаларын жасады. 2012 жылы «Рио+20» конференциясында бизнес-топтар, саясаткерлер мен БҰҰ қоршаған орта Бағдарламасы өздерінің «Жаңа жасыл курс» бойынша ұсыныстарын күшейтті - нанотехнологиялық биоэкономика үшін пиар-тренинг; және тағы да экофеминистер оларға қарсы шықты.

Вероника Беннхольдт-Томсен сияқты экофеминист ойшылдардың болжамдары әлі мойындалмағанына да қарамастан ғалымдар кейінірек Лейпциг пен Берлинде постдамуды талқылау үшін бас қосты. Бүгінгі күні *Rosa-Luxemburg-Stiftung* экофеминизм мен саясаткерлер қауымдастығына бағытталған Оңтүстік Америкадағы *buen vivir*, Оңтүстік Африкадағы *ubuntu*, Үндістандағы *swaraj* сияқтылардың жақындасуын зерттейді.

Экофеминистердің қолында университетте оқытылатын және капиталистік патриархаттық мәдениет жағдайында еңбекші әйелдердің жағдайын жасыру мен коммодификациялау табиғатты оқшаулау және коммодификациялаумен ұштасып жататынын баяндайтын мол әдебиет бар. Әдеттегідей бәрін Табиғат-анаға жаба салатын емеурін – жәй қызыл сөз, одан

баска ештеңе де емес. Грета Гаард көрсеткендей, қазіргі кезде экофеминистік желіде мүсіркеуші вегетариандық этика тараған және Minding Animals тақырыбында халықаралық кездесулер өткізіліп тұрады. Ауылдарының маңынан пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты өмір сүрудің қауіпі пайда болған Африкалық әйелдер ауа райының өзгерісі туралы дербес экофеминистік манифесі бар құрылықтық антиэкстрактивистік желі WoMin-ді құрды. АҚШ-та аппалач әйелдері көмір өнеркәсібінің тау асуларын жоюына қарсы тікелей акциясын ұйымдастыруда. Экотұрақтылыққа маманданған «Навданыя» үнді мектебі фармацевтикалық дәрілерді патенттеуден қорғау үшін дәстүрлі тұқымдарды «сақтайды». Қытай қаласы Сычуанда шаруа әйелдер ғасырлық тарихы бар табиғи әдістерді жаңғыртып, жер қойнауының құнарлылығын қалпына келтіруде. Лондонның үй шаруасындағы әйелдері болса, ғасырлар бойы аяусыз пайдаланылған Темза өзенінің су жинақтайтын арнасын ретке келтіру үшін өз еріктерімен уақытын жұмсайды.

> Антропоцентризм: экоцентризм

Ұдайы өндіру логикасы экологияны, жұмысшы, әйелдер және жергілікті байырғы тұрғындар қозғалыстары байланысын көрсетіп отырғанын белсенділер немесе айталық, ХӘҚ ЗК48 әлеуметтанушылары байқағысы келмегенде, бір топ пен екінші топтың құқықтарын бір-біріне қарсы қоятын жойқын біртұтас «бірегейлік саясаты» пайда болады. Осы бір шектеулі әлеуметтанулық қиял әрбір жаңа ұрпақтың әлеуметтенуімен қайта жаңғыратын «адамзат» «табиғатқа» қарсы деген батыстық антропоцентристік дуализмнің көрінісі.

Өкінішке орай, әлі де жаһандану дөңгелегі қоғамдық өмірдің ұшар биігіне әйелдерді, байырғы тұрғындарды және табиғатты билеп-төстейтін құдайларды, патшалар мен ерлерді қоятын Аристотельдің «Болмыстың ұлы бұғауымен», көне дискурстық негізбен майланған. Көне аристотелдік қағидат ғасырлар бойы тарихи бағытты әйелдер мен басып алған құлдарды қарапайым затқа айналдыратын етіп құрылымдады. Дін және құқық, экономика және ғылымға дейінгі еуроцентристік институттар либералдар мен социалистер үшін қалыпты жағдайдағы тұрақты ұстанымға айналған «маскулиндік құқыққа» қызмет ету үшін жасалды. Экофеминист тарихшы Кэролайн Мёрчент жазғандай, Ағарту дәуірінде тән мен табиғат математикалық формулалармен басқарылуы тиіс машина ретінде зерделенді. Осы бір өмірден оқшауланған мәдениет капитализмнің қызметі үшін аса қажет және әлеуметтануда технологиялық инновациялар қоршаған ортаны сақтай алады деп санайтын кейбір ХӘҚ ЗК24 модернист-экологтары тарапынан қолдау тауып отыр. Алайда, автоматтандырылған болашақ тұрақтылыққа да, әділеттілікке де оп-оңай «дематериалданбайды». Тура осылай жең ұшынан жалғасқан экономика немесе феминист экономистер тарапынан жоғары баға алып

жүрген күтім сияқты әрекеттер де капиталдың қисынына жем болады. Экологиялық дағдарыс кезінде адамдар эгоцентризм аясында ойлануға дағдылануы керек. Бұл әлеуметтануды үйретушілерге күрделі міндет жүктеген кезде, радикалды шәкірттер көбіне саяси экологияға немесе тіпті адами географияға бет бұрып кетеді. Бірақ модернист мамандар байырғы халықтардың эпистемологиясы эгоцентризмі мен кәдімгі күтіммен айналысатын әйелдердің тәжірибесіне негізделген талдаудан көп нәрсеге үйрене алады.

«Адамзат» «табиғатқа» қарсы дискурсы солшылдар мен әсіресе, постмодернист феминистерге осы маргинал репродукциялық жұмыс күшін саяси акторлар ретінде шынайы қабылдауға мүмкіндік бермейді. Кәдуілгі солшыл айыптау экофеминистерге «әйелге тән» тума саяси көзқарастарды танудан тұрады, бұл – мәні жоқ, далбаса әрекет. Адам қызметіне ықпал ететініне қарамастан биологиялық болмыс та, экономикалық құрылымдар да, мәдени ұстанымдар да экофеминистік пайымдаудың қайнар көзі болып табылмайды. Ең дұрысы, экофеминистік эпистемология еңбекке негізделген: тірі табиғи материалдық әлеммен өзараықпалдастық арқылы түсіну мен дағдыларды қалыптастыру және қайта пайымдау. Ірі өндірістік үдерістерден тыс тәуелсіз жұмыс жасайтын адамдар – қамқоршылар, фермерлер, терімшілер – өздерінің барлық сезімдік қабілеттерін қолдана алады және бір заттың екіншісімен қалай байланысты екенінің резонансты үлгісін дәлірек жасауға қабілетті.

> Жаңғыртушы еңбек

Осы эгоцентристік таптың мерзімдік шекарасы – ұрпақаралық, яғни осылайша ол мәні тұрғысынан – ескертуші. Оның көлемі жұмыскердің табиғаттағы материалдық-энергетикалық байланыстарға немесе табиғи ретінде адам тәніне сезімталдығының артуына жақынырақ. Тұжырым экожүйенің немесе табиғи денсаулықтың ахуалын бағалауды қолдана отырып, тексеру және қателесу әдістеріне құралған тәжірибеге негізделген. Түрлердің немесе жасына қарай топтардың саналуан қажеттіліктері үйлестірілген және келісілген. Отандық экономикада және өмір сүруді қамтамасыз ететін экономикада мәселелерді шешудің синергетикалық әдісі қолданылған кезде көпөлшемді шешім ақылға сыйымды. Ой және дене еңбегі арасында бөлініс болмаған жағдайда жауапкершілік ашық; еңбек өнімі капитализмдегідей жұмысшыдан оқшауланбайды, ол басқалармен айырбасталады. Бұл жерде өндірістің сызықтық логикасы ұдайы өндірістің шеңберлі логикасымен алмасады. Шындығында, осындай әдіс арқылы әлеуметтік қамсыздандыру бір мезетте халықтық ғылым және тікелей саяси әрекет болып табылады.

Экологиялық феминизм өмір сүруге қажетті құралдарды, білікті жұмыс орындарын, ынтымақтастықты, мәдени

автономияны, жыныстық-гендерлік ағартуды, оқуды, құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейту және рухани жаңғыруды қамтамасыз ететін синергетикалық саясатты жақтайды. Осындай үлгіні Эквадорда Набон шоқыларындағы дүмпуден зардап шеккен аналар мен әжелер арасынан кездестіруге болады. Өздерін-өзі басқаратын осы әйелдер тиянақтылықтарының және жасампаздық ұстанымдарының арқасында ескі тоғандар мен арналарды қалпына келтіру үшін көшеттер отырғызып, тозуды, суды пайдалануды, жердің құнарлығын және азық-түлікпен қамтамасыз етудегі тәуелсіздікті бақылауға қол жеткізді. Осы арқылы олар жаһандық ауа-райының дағдарысына үлес қосты. Халықаралық шаруа Одағы Via Campesina да «біздің шағын аумақты қамтуымыз Жерді демалдырады» дегеннен таймай отыр.

Репродукциялық жұмыс батыстық құралдық ақыл-ойдың механицистік үстемдігіне қарсы тұратын реляциялық «таным әдістерін» жасайды. Егер радикал саясат қызмет көрсетуші еңбекті басшылыққа алмаса, онда ол Жер мен оның тұрғындарын өсу үстіндегі экономиканың таусылмайтын ресурсы ретінде қарастыратын Ағартудың түріне ойланбастан қайтып оралады. Заманауи өнеркәсіптің сызықтық сипаты тәртіпсіздік пен энтропияны артқа тастап, табиғи метаболизмді кесіп өтетінін назарға ала отырып, өмірлік процестерді жандандыратын метайндустриалдар адами шығармашылықтың балама түрін көрсететін үндемес

эпистемологияны дамытады. Капитал өзіндік ішкі және сондай-ақ географиялық перифериядан еркін иемдене алатын осындай еңбек – шындығында, капиталистік өндіріс әдісінің алғышарты. Яғни, жұмыскерлердің осы ерекше табы өз еңбегі арқылы қосымша құн жасап жатқанда «капитализмнің ішінде»; сонымен қатар репродукциялық қамтамасыз ету «капитализмнен тыс» та оның өзі үшін жеткілікті дәрежеде бар. Менің «мета» деген ұғымым қосалқы қызметке тірек іргелі құрылымды білдіреді.

Табиғатқа қамқор экономикалар басқа денелерді қанай отырып, шығындарды экстернализация жасамайды және осы жағдайда қалдықтарды «ласталған» ретінде шығармайды. Регенеративті еңбектің осы дағдысы тұрақты жаһандық болашақ үшін қажет және әлемдегі жұмысшылардың басым бөлігі оны әлден тәжірибеде қолданып жүргені керемет дерек. Мұны мойындау метаөнеркәсіптік *тапқа* халықаралық саяси аренада тарихи ойыншы ретінде қомақты стратегиялық билік береді. Қанаушы «өндірістік қатынастарға» классикалық социалистік қамқорлық сыни тұрғыда аса маңызды, себебі ол репрессиялық «ұдайы өндіріс қатынастарына» қатысты мазасыздықтан ерекшеленді. Соған қарамастан, Маркстің еңбектерінде, егер оның гуманистік бағыты тарырақ, патриархаттық және еуроцентристік болса, «метаөнеркәсіптік жұмысшы табы» деп сипаттауға әбден болатын үзінділер бар. ■

Хаттарды Ариэль Саллеге <ariel.salleh@sydney.edu.au> жолдауға болады.

> 2018 жылғы Бразилия:

орта таптың оңшылдарға қарай ығысуы

Лена Лавинас, Рио-де-Жанейро Федералды университеті, Бразилия және **Гильерме Лейте Гонсалвес**, Рио-де-Жанейро Мемлекеттік университеті, Бразилия



2018 жылдың ақпанынан бастап Рио-де-Жанейро көшелерінде әскер мен полиция қарасының көбеюі күнделікті қалыпты жағдайға айналды. Суретті түсірген: EBC – Empresa Brasil de Comunicação/Agência Brasil. Creative Commons.

де Мелло әскери саяси тәртіпті қолдайтын элитаның мұрагері еді. 1992 жылы Коллорды жемқорлық жасады деп айыптаған кезде, орта тап топтары Бразилияның бірінші неолибералды президентінің импичментін қолдау мақсатымен жаппай жұмылды.

1990 жылдары Фернандо Энрике Кардозадан 1994 және 1998 жылдары жеңіліс тапқан Лулуды қолдауын орта тап жалғастыра берді. 1994 жылы берілген дауыстың басым бөлігін ең аз жалақының екіден онға дейінгі көрсеткішіне ие және білімі неғұрлым жоғары сайлаушылар берді. Кардозоны кірістеріне байланысты екі топ та мықты қолдады. 1998 жылы Кардозо, әсіресе білім деңгейі неғұрлым төмен адамдардың арасында нәтижелі науқан жүргізіп, кіріс көздерінің барлық категориялары бойынша жеңіске жетті. Лула болса, ең білімділер арасында сайлау науқанын жүргізуді жалғастыра берді.

Кардозо дәуірі қаржылық тұрақтылық, толық жекешелендіру және қатаң бюджеттік үнемдеу саясатымен сипатталды және осы саясат Бразилияны рецессияға алып келді. Экономиканы түбегейлі қайта құру нәтижесінде орта тап дәстүрлі мамандықтардың қысқаруы,

40

Латын Америкасында ондаған жылдар әлеуметтік өзгеріс күштерін басып-жаншып отырған әскери диктатура 1980 жылдары жойылды. Дегенмен, демократияға өту азаматтықтың ресми шеңберін кеңейтіп ғана қойған жоқ, сонымен қатар экономикалық дағдарыстар мен элиталар келісімін де алып келді.

Бразилиядағы екінші әскери президент Эрнесто Гейзельдің билікке келуін паш еткен *баяу, сатылы* және *қауіпсіз* өтпелі кезең осындай қарама-қарсылықтардан тұрды. Саяси және экономикалық көшбасшылар және қарулы күштер арасында жасалған Рақымшылық жасау туралы заң зорлық құрбандары мен із-түзсіз жоғалған отбасыларды қамтыған жоқ. Аргентина, Боливия, Чили, Гватемала, Перу және Уругвай сияқты елдер осыған ұқсас келісімдерден бас тартуы, кейбір жағдайларда бұрынғы

мемлекет басшыларына қатысты күш қолданылып, түрмеге қамауға себеп болды. Бразилияда ақиқатты орнату Комиссиясы (2011–2014 жылдар) саясатта мемлекеттік зорлық-зомбылықты есте сақтауды бекітуге тырысты, алайда оның ұсыныстары тек жалаң сөз деңгейінде қалды.

Шектеулерге қарамастан, Бразилияның қайта демократиялануы саяси белсенділікті арттыру мақсатында кеңістік құра алды. Орта тап азаматтық қоғамның қайта ұйымдастырылуында, нәсілшілдікке қарсы және феминистік саясат үшін күресте негізгі рөлді атқарды. Сонымен қатар, олар 1987 жылғы Құрылтай Жиналысында да және диктатурадан кейінгі сайлауларда шешуші мәнге ие болды. 1989 жылы орта тап президенттікке Жұмысшы партиясынан үміткер Луис Инасиу Лула да Силваны қолдады, ал жеңіске жеткен үміткер Фернандо Коллор

импорталмастыру үлгісінің бұзылуы (техникалық және бюрократиялық позицияларды кеңейткен), жалақыдан айырылу және жақсы жұмыс орындарының аздығымен сипатталатын қысымның астына алды.

Әлеуметтік статустың жоғалуы 2002 жылғы сайлауда орта тапты Луланы қолдауға итермеледі, олардың дауысы Бразилияның билік басына тұңғыш жұмысшы президентті алып келді. 2006 жылға қарай орта таптың Луланы қолдауы әлсірей бастады. Осы үрдіс 2010 және 2014 жылдары, Жұмысшы партиясынан үміткер Дилма Руссефф (екі сайлауда да жеңіске жеткен) болғанда үдей түсті. Орта тап сайлаушылары баяу, бірақ құлшына оңшылдарға қарай ығыса бастады.

> Лула/Дилма дәуіріндегі нарықтың кеңеюі

«Плано Реал» қол жеткізген ақшанесие саясатының тұрақтылығына қарамастан, Лула 2003 жылы экономиканың бәсеңдеуі мен өсім қарқыны баяулауы тұсында президент лауазымына келді. Елдің инфляцияны жеңуі кедейлік пен теңсіздікті қысқарта алмады және орта таптың әлеуметтік мобилдігін арттыруға жағдай жасай алмады.

Луланың алғашқы мерзіміндегі (2003-06) экономикалық даму оның екінші мерзіміне (2007-10) қарағанда, тұрақты болды. Алғашында шикізат тауарларына бағаның шарықтауы экспортқа қолайлы жағдай туғызды және өсімді ынталандырды. Осы жылдар ресми жұмыспен қамтылудың айтарлықтай кеңеюімен және орта кіріс көзінің өсуімен сипатталды. Ең аз жалақы деңгейінде шынайы өсім 70% құрады, бұл инфляциядан әлдеқайда жоғары болды. Сондай-ақ, кедейлікпен күрес бағдарламалары 14 миллион отбасына аз, бірақ тұрақты пайда алып келді. Жаңа несие желілеріне қолжетімділіктің болуы қаржылық интеграцияның әдеттегіден тыс процесінің жүзеге асуына мүмкіндік жасады. Әлемге әйгілі

«Bolsa Família» бағдарламасының жетістікке жетуі – қоғамның әлжуаз топтарының қаржылық деңгейінің кенеттен жоғарылауы нәтижесінде жаппай тұтыну нарығына шығуымен байланысты.

Осы кезде жекешелендіру процесі жүріп жатты. Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесін жеткіліксіз қаржыландырумен қатар жүрген денсаулық сақтауды жекешелендіру жеке үміткерлер тарапынан сұраныстың таңқаларлық жоғары көрсеткішіне алып келді. Жоғары білім беру саласында студенттер мемлекеттік оқу орындарынан жеке білім беру ұйымдарына жиі ауысатын болды: 2015 жылға қарай студенттердің 75% жеке оқу орындарында білім алды. Студенттік несиелер бойынша мәліметтер осының айқын дәлелі: 51% дефолт жариялады (жалпы құны 5 млрд. АҚШ доллары төңірегінде), және осы топтың жартысынан көбінде оқу ақысын төлеуді жалғастыруға қаржылық мүмкіншілігі болмады.

Нақты қолдау тапқан өнеркәсіп тауарларын импорттауды тым жоғары деңгейде қайта бағалау ақыр соңында өнеркәсіп қызметі қайтарымының төмендеуіне жол ашты. Жұмысшы партиясынан қалған мұраның бірі шикізатқа әлемдік сұраныс ғана емес, сонымен бірге билік коалициясының агробизнеспен тығыз одағы ықпал еткен жаңартылған бастапқы сектордың негізгі ойыншы болуы еді.

Экономикалық өсім Дилманың билік еткен алғашқы жылында (2011) төмендеді. Көше– кірісі төмен топтардың да орта тап сияқты тұтынуын, әлеуметтік мобилдікке тосқауылдар жойылғандығын көрсететін «жаңа орта таптың» қанағаттанбауын сипаттай бастады. Одан кейін қоғамдық көліктің, денсаулық сақтау саласының, білім беру мен баспананың жақсаруын талап еткен бұқаралық қозғалыспен 2013 жылдың маусымы туды.

Осы процесті жақсы түсіну үшін мына мәселелерді естен шығармаған жөн, кірістер өскенімен, 2006

жылдан 2013 жылға қарай өнеркәсіп тауарларына баға төмендегенмен, білім алу, денсаулық сақтау, күндізгі күтім мен қарттарға күтім жасауға кететін шығын инфляция мен жалақы деңгейінің орта көрсеткішінен әлдеқайда жоғары болды. Қолжетімді, бірақ қымбат несие тұтыну армандарын орындағанмен, күннен күнге адамдар өз отбасылық кірісінің басым бөлігін жұтатын несиенің құрбандарына айналды. Қазір Бразилиядағы 63 миллион ересектің көбісі төлем қабілетінен жүрдай.

> Орта тап және әсіре оңшыл

Қарызға батқан орта тапқа қайта демократияландырудан кейінгі нарықтық кеңейтудің сатылы кезеңдерінің карама-қарсылығы ұнамады. Дүмпуге тән саясатсызданумен бірге осы ахуал оларды саяси платформаларға қатысты қайшылықты, тұрақсыз жағдайға қойды және әсіре оңшылдармен келіссөздер жүргізуге дайын болуға итермеледі. Осы дискурстың бірінші элементі Бразилия тарихындағы ең жақсы кезең деп аталатын әскери диктатураға қайтып оралуға үндеу болды. Бұл жағдай қайта демократияландыру тұсында мемлекеттік күштеуге қатысты элитаның келісімімен жүзеге асқан үнсіздік саясаты арқысында мүмкін болды.

Сонымен бірге, әсіре оңшылдар ұлтшыл, шовинистік және этнонацистік кемсітуде әлеуметтік шиеленіске жаңа серпін берді. Бұл қоғам үшін жауапты деп саналатын солшылдар, әйелдер, гомосексуалдар, қара нәсілділер, байырғы тұрғындар және бұрын қолжетімсіз болған әлеуметтік-саяси статуска көтеріле алғандарды жаусынған орта таптың жағдайы қауіпсіз емес екенін білдіреді. «Басқаны» қанай отырып, әлеуметтік жағдайын нарық төмендеткендердің мәртебесін сақтап қалуға тырысады. Ең маңыздысы, әсіре оңшылдар орта таптың Лула мен Дилманың әкімшілігінен түңілуін де қоштап қояды: «антипетизм» (анти-ПТИЗМ) – саяси және экономикалық түңілудің жеке өшпенділік пен зорлыққа ауысуы.

>>

Оңшылдардың өшіге айтқан сөздері мемлекеттік саясат ретінде кедейлер мен жұмысшы тапқа қарсы зорлықтың қалыпты жағдайға айналғанына негізделгені масқара деректерден байқалады: 2018 жылдың ақпанынан бастап Рио-де-Жанейрода әскер полиция ісіне араласуы немесе әскерилердің әрбір алты сағат сайын бір адамды өлтіруі. Олардың көздегендері – фавелада тұратын қаранәсілді жас ерлер. Зорлықты зорлықпен басу стратегиялары тиімсіздігіне қарамастан, қалалардағы қауіпсіздіктің болмауын мемлекеттік

биліктің жеткіліксіздігімен байланыстыратын және қоғам үшін қандай да болмасын жолмен дұрыстау керек деп есептейтін орта топтар үшін қалыпты болды.

Жақында болған сайлауда жеңген оңшыл үміткер, әскердің бұрынғы капитаны Жаир Больсонаро кірісі жоғары, білімді жоғары орта тап дауыс берушілері арасында үстем болса, Жұмысшы партиясынан үміткер Фернандо Хаддад ең кедей және ең сауатсыз адамдар арасында қолдау тапты, осы жағдай

саяси алаңдағы позициялардың қаншалықты бір-бірінен алшақ екендігін көрсетті. Алайда, енді Бразилияның саяси ойынында бір-бірімен тығыз байланысқан екі жаңа элементті бақылай аламыз. Біріншісі бүкіл әлеуметтік салаларда орын алған Больсонароның жоғары деңгейдегі тиімділігімен байланысты. Екіншісі – Бразилияны қайта демократияландыруда маңызды орын алған таптар арасында демократиялық ережелерге деген немқұрайлылық пен жек көру сезімінің арта түсуі. ■

Хаттарды Лена Лавинасқа <lenalavinas@gmail.com> және Гильерме Лейте Гонсалвеске <lguilherme.leite@uerj.br> жолдауға болады.

> Популизм, бірегейлену және нарық

Айше Бугра, Босфор университеті, Түркия



Жақында Түркияда болған валюталық дағдарыс орталық банк автономиясын сақтау мақсатында заңды бұзудың экономикаға елеулі зиян келтіруі мүмкін екендігін көрсетті. Суретті түсірген: Айше Бугра.

1990 жылдардан бастап популизм әр түрлі елдердегі белгілі бір саяси партиялар менолардың көшбасшыларын сипаттайтын неоллибералды идеологияның жаңа типін белгілеуде кең пайдаланылатын термин болды. Барлық оппозиция легитимдігін жоққа шығаруы мүмкін эксклюзивті репрезентацияға қойылатын моральдық талап популизмнің негізгі сипаттамаларының бірі ретінде көрінеді және демократиялық жолмен сайланған үкімет демократияға қауіп төндіруі мүмкін деген алаңдаушылық бақылаудың негізін құрайды. Дегенмен, билікке алғаш рет келген популистік партияның дискурсы және саяси бағдарында қауіп айқын көрінбеуі мүмкін; популистік саясатқа тиесілі негізгі сипаттамалар көбіне репрезентативті демократияның нормалары мен институттарынан біртіндеп ауытқуының қарқынды үрдісінде қалыптасады. Демек, популизмнің табиғаты осы қасиеттердің жиынтығы бар идеология емес, процесс ретінде қарастыру арқылы түсінікті болуы мүмкін.

> Түркиядағы оңшыл популизм процесі

2002 жылы Түркия билігіне Әділет және демократия партиясы (ӘДП) келгенде идеологиялық позицияларын түсіндіру үшін өз көшбасшыларының бұрынғы исламдық ұстанымы туралы алаңдаушылықтарды болдырмау мақсатында «консервативті демократия» ұғымын пайдаланды. Партияның негізін қалаушылардың саяси қалыптасуы шынында Исламдық Ұлттық Көзқарас Қозғалысы аясында өткен және олардың көпшілігі 1997 жылы өзінің антисекулярлық көзқарастары үшін қамауға алынған Қайырымдылық Партиясы (ҚП) басқаратын коалициялық үкімет құрамында маңызды лауазымдарға ие болды. Дегенмен, ӘДП басшыларының исламдық позициясын партия артта қалдырды деген мәлімдемесі елдегі және шетелдегі көптеген адамдарға сенімді көрінді. Нарыққа бағытталған экономикалық стратегияны ұстанатындығы туралы сөздер, сондай-ақ, ӘДП-ны қалыпты оңшыл партия ретінде қабылдауға дайын адамдарды үміттендірді.

Бүгінгі күні ӘДП және оның көшбасшысы Ердоған демократияға популистік қауіп туралы пікірталастарда көрнекті үлгі болып табылады. Қабылдаудың мұндай өзгерісі жасырын исламистік бағдарламаның пайда болуынан гөрі, қоғамды жіктеуге бағытталған үрдістің пайда болуына байланысты. Бұл үрдіс, алғашында, елдің мәдени кеңістігіне енген мен көпшілік сайлаған үкіметке қарсы авторитарлық секулярлық күштерден тұратын оппозиция ретінде ұсынылған қорғаныс дәйектемесі болып қалыптасты.

ӘДП 1990-шы жылдардағы ҚП сияқты зайырлы республикалық басқару тұсындағы елдің мұсылман көпшілігінің қолайсыз жағдайына талап қоюда мойындау саясатын ұстанды. Шын мәнінде, популистік жеңімпаздар құрбандар сияқты әрекет етті және көпшіліктің азшылықпен қатыгез қатынасын көрсетті, бұл туралы Жан-Вернер Мюллер өзінің «Популизм дегеніміз не?» деген кітабында айтады. Дегенмен, ол кезеңдегі бірегейлену саясаты



оңшыл және солшыл саясаткерлер арасындағы бөліну арқылы кеңінен тараған жағдайда, кейбіреулер сондай-ақ, ӘДП дискурсының бұл элементін секулярлық позициясының даулы универсализміне қарсы мәдени айырмашылықтарды мойындауға демократиялық үндеу ретінде интерпретациялады. Сонымен қатар, ӘДП бірегейлену саясатына көзқарасы этникалық азшылықтарға да қатысты болды – кем дегенде дискурс деңгейінде олардың әлі күнге дейін мойындалмаған мәдени айырмашылықтарын тану және құрметтеуге уәде берді. Біраз уақыт бойына бұл партияға халықтың әртүрлі сегменттерінің, оның ішінде солшыл либералды интеллигенция мен кейбір күрд азаматтарының қолдауына ие болуға көмектесті.

ӘДП алғашқы үкіметі қалыптасқанына онжылдан астам уақыт өткеннен кейін ғана топтар айырмашылықтарына қатысты партияның көзқарасына тән мәселелерді анықтау мүмкін болды. Мәдени айырмашылықты тану әділеттіліктің негізгі өлшемі ретінде ұсынылғанда жай репрезентациялану мәселесі сайланған партия немесе оның көшбасшысының барлық топтар саяси репрезентациялануының заңды монополиясына таңылды.

> Оңшылдардың бірегейлік саясатын қолдануы

Түркиядағы жақында болған саяси оқиғалар аясында Шери Берман

көтерген сұрақ өзекті болып отыр: «Неліктен бірегейлену саясаты солшылдардан гөрі оңшылдарға артықшылық береді?» деп жазылған. Эрик Хобсбаум 1996 жылы *The New Left Review* басылымында жариялаған мақаласында ұлтшылдықтың азаматтардың көпшілігіне ортақ өтінішке негізделген бірегейлену саясатының жалғыз түрі екендігін және «құқық, әсіресе биліктегі құқық әрдайым оны монополияландыруды мәлімдейтінін» айтады. ӘДП жағдайында бірегейлену саясаты тілін сәтті пайдалану, сайып келгенде оппозициялық партиялар ұлттық мүддеге қауіп төндіретін ұлтшылдық формасына айналды. Оның көрінісі ретінде, мысалы, 2015 жылғы жалпы сайлау алдындағы сайлау науқанында сөйлеген сөздерінен байқауға болады.

Мәдени айырмашылықты растаудан ұлттық тілге дейінгі дискурстық өзгерістермен қатар, 2007, 2010 және 2017 жылдары өткізілген үш референдумнан кейін дәйекті түрде енгізілген маңызды институттық өзгерістер болды. Шын мәнінде, Түркиядағы популизм кезеңі референдумдардың да кезеңі болып табылатындығын көрсетті. Популизмнің және саяси шешім қабылдау түрі ретінде референдумдардың жаһандық деңгейде байқалған үнсіздігінің қазіргі кезде артуы репрезентативті демократия кеңінен таратқан халық наразылықтарының көрінісі ретінде түсіндіруге болады. Осылайша,

бұл екеуі де халықтық егемендік формасы туралы либералды ортада бақылау және тепе-теңдік жүйесімен байланысты емес ұқсас үрейлер тудырады. Түркияда референдум атқарушы билікке қатысты бюрократиялық және құқықтық шектеулерді кезең-кезеңмен жоюда, сайып келгенде, сайланған президенттің шешім қабылдауда ықпалды билігі бар президенттік жүйені құруда елеулі рөл атқарды.

Бір қызығы, елдің жаһандық нарықтық экономикаға енуі сайланған билеушінің абсолютті шешім қабылдау билігін шектейтін маңызды фактор болып қала берді. Түркиядағы жақында болған валюталық дағдарыс заң үстемдігінің бұзылуы мен орталық банктің автономиясын елемеу инвесторлар сенімнің төмендеуін және экономикаға елеулі зиян келтіргендігін көрсетті. Енді дағдарысты елге қарсы күштерге қайта сілтеме жасау арқылы еңсеру мүмкін еместігі анықталғандықтан, авторитарлық популистік саясаткерлерге олардың ережелері нарықтық экономиканың қалыпты жұмыс істеуіне қайшы екенін мойындауы мүмкін. Саяси және экономикалық саясат саласындағы қандай өзгерістерді күтуге болатындығы әлі де белгісіз. ■

Хаттарды Айше Буграға
bugray@boun.edu.tr жолдауға болады.

> Латын Америкасындағы оңшыл популизм:

әлеуметтік қамтамасыз етуге жеке мүдде

Рамиро Карлос Умберто Каджано Бланко, Сан-Паулу университеті, Бразилия және Наталья Тереза Берти, Росарио университеті, Колумбия



Аргентинадағы наразылық. Суретті түсірген: Рамиро Карлос Умберто Каджано Бланко

2000-жылдардағы тауар дүмпуі Аргентина мен Бразилия үкіметіне әлеуметтік интеграциямен үйлестірілген қайта индустрияландыру саясатын қабылдауға мүмкіндік берді. Бұл үкіметтер орта таптың өсуі мен халықтың ең көп бөлігіндегі кедейлікті жеңуге мүмкіндік берген іс-шараларды жүзеге асырды: стратегиялық компанияларды қайта национализациялады, еңбек нарығын ішінара қайтадан реттеді, ең аз кіріс деңгейіне қолдау көрсетті, мемлекеттік білім беру жүйесін нығайтты және тұрғын үй несиелерін қолдады. Дегенмен, экономиканың жандануы мен маңызды инвестициялық ағынның келуі осы экономикалар шоғырлануының жоғары деңгейін сақтап қалды. 2008 жылдағы дағдарыс орта тап қол жеткізген мәртебенің осалдығын көрсетті. Сол жылы Кристина Фернандес де Киршнер мен Дилма Руссеффті қолдауды тоқтатуда және

оңшыл популистік үкіметтердің одан ары қарай канат жаюында маңызды рөлге ие болған Аргентинадағы *caceroleros* пен Бразилиядағы *paneiros* (наразылық білдірушілер) тарапынан авторитарлық мазмұндағы және бірін-бірі жоққа шығарушы айыптаулар пайда болды.

2008 жылы наурызда Аргентинада астықты экспорттаумен айналысатын топтар технологиялық сипатта артта қалып келе жатқан әртүрлі секторлар мен жоғары бәсекелестікке түсе алатын аграрлық сектор арасындағы теңсіздікті жоюға бағытталған, жаңа салық жүйесіне қарсы наразылықтар легін ұйымдастырып, бақылау-өткізу тіректерін енгізу туралы бастаманы ұсынды. Ауылшаруашылық аудандарындағы жергілікті наразылықтардың кең өріс алуы және олардың ұзаққа созылуы нәтижесінде кейбір қалалық орталықтарда азық-түліктің жетіспеушілігі пайда болады. Буэнос-Айрестегі жоғары және

орта тап өкілдерінің «өздігінен ұйымдасқан» шерулері, қазан мен тапалардың салдырымен басқа қалаларға тараған наразылық легінің бастауы болды. 2012 жылға қарай олар бұқаралық сипат алды, бірақ содан кейін біртіндеп бәсеңдей түсті. Бұл шерулер #13S #8N #18A #8A #13N и #18F¹ деген атпен белгілі болып, саналуан мәселелердің басын ашты — жемқорлық пен бостандықтың шектеулігі, балаларға арналған әмбебап жәрдемақы және т.б. — олардың барлығы президент пен билеуші партияға қарсы агрессиялық әндер мен үндеулерден көрініс тапты. 2013 жылдың мамыры мен маусымында Бразилияда тегін ұжымдық көлікті талап еткен наразылық акциялары негізгі назарға ілінді және әлем Кубогына және мемлекеттік қызмет көрсетудің тұрақсыздығына қарсы орта тап ереуілдеріне айналды. Наразылықтар 2015 және 2016 жылдары Президент Дилма Руссефф пен Жұмысшы

>>

партиясына және 2002 жылдан бері ұсынылған әлеуметтік саясатқа қарсы аса агрессивалық реңкке ие болып, сипатын өзгерте отырып, барлық ірі бразилиялық қалаларды қамтыды. Осы шерулер Руссеффтің импичментіне, диктатураны жаңғыртудың фашистік позициясына және солшылдарға қарсы қоғамдық ынтымақтастыққа шақырды. Көптеген топтар тікелей «тез арада әскери күшті қоладануға» үндеді.

Әлеуметтік алшақтықты қысқарту мақсатында екі үкімет те жүргізген циклге қарсы саясат пен еңбек нарығын реттеуге орта және жоғары тап қарсылығын білдірді. Шағын және орта кәсіпкерлер жұмысшы құқықтары мүмкіндіктерінің кеңейтілуіне, ал жалданушы тап тіркелмеген үй қызметшілерін ұстауға тыйым салынғанына қарсы болды. Сонымен қатар әлеуметтік саясатты жеке адамдар мен мемлекеттің жемқорлығымен байланыстырды. Олар әлеуметтік теңсіздікті қалыпқа келтіру және кедейлікті жалқаулық пен тәжірибенің болмауы себебінен болатын сәтсіздік деп заңдастыру үшін «меритократия теориясын» пайдаланды. Бұл Пентекостал шіркеуі ұстанатын Құдай еңбегіңізді қолдайды деген «өркендеу теологиясымен» және «кәсіпкерлік» дискурстарымен үндеседі.

Манихейзм мен Аргентинадағы Киришнердің және Бразилиядағы Петистаның (Жұмысшы партиясы) жемқорлығына қатысты ерекшеленген, аяусыз айыптау ретінде басталған осы наразылық – көшбасшыларға тән «мінезден ауытқу» белгісі ретінде бірнеше фундаменталистік теорияның тууына

негіз болды. Сонымен қатар екі қоғамда да құрылымдық сипатына күмән келтірместен, жемқорлыққа кім бейім екендігі туралы жеке пікірлер айтыла бастады.

Фундаментализм – кез келген пікірталастар мүмкіндігіне жол бермейтін ашық ақиқат бар деп қабылдау. Антикоммунистік фундаментализм Аргентина мен Бразилияда *antichavismo* бетпердесімен жаңғырды. Қазіргі уақытта жалпы «батыс капитализмі» және «дәстүрлі отбасы» негіздерін құртуға кез-келген талпыныс ретінде түсінілетін «венесуэлану» және «боливарлану» қауіп төндіруде. Бразилиядағы кедейлер, феминистер, гейлер мен кара нәсілділер, Аргентинадағы біліксіз, надан және сатқын деп айыпталатын *villeros*-тар (лашықта тұратындар) тобын жек көретін антикоммунист фундаменталистер әлеуметтік және гендерлік теңдікке қарсы:

Бұл бразилиялық әлеуметтік зерттеуші Карапана түсіндіргендей, австриялық мектептен бастау алатын «ең төменгі ахуал» және *pacta sunt servanda* сияқты екі қағидатқа негізделген барлық құқықтардың сақталуы екі жақтың бір-бірімен «еркін» келісу дегенді білдіретін ультралибералды идеологияның таралуына жол ашты. Содан келіп оңшыл нарықтың еркіндігін солшыл мемлекетте шектеу деп аударылатын қарапайым дихотомия *sui generis* орнықты. Біріншісі «теңдікті» қауіп ретінде көрсетсе, екіншісі «мемлекеттің болмауы» ретіндегі еркіндік концепциясынан бас тартады.

Оңшыл популизмді құрастырудағы екінші сәт ультралиберализм мен христиандық фундаментализмнің барлық нұсқалары арасындағы «есепке негізделген неке» болды. Мемлекетке көз аларту – мәселенің негізгі бастауы, себебі ол «еркіндік саласын шектейді», сонымен қатар мемлекет өз тетіктері арқылы патриархаттық билікті, тіпті жекеменшік білім беру саласын да шектейді. Ультралиберализмді қорғаушы МЕҰ мен нео-Пентекостал шіркеу арасындағы альянс Аргентина мен Бразилияда әлеуметтік саясат пен мемлекеттің экономикаға араласуына, «гендерлік идеологияны» айыптауға және «мұғалімдердің оқушыларды тәрбиелеуін» айыптау мен шабуылдарға ауысты.

Бразилиялық әлеуметтанушы Камила Рочаның айтуынша, талдау мен демократиялық диалогтың кез-келген мүмкіндігін жоққа шығаратын жек көрудің субъективті тәртібін орнатуды сәтті жүргізуді жаңа технологиялық құралдарды тиімді қолдану мен гегемониялық БАҚ ұсынатын кеңістіктің ұлғаюы МЕҰ және саяси партиялар сияқты дәстүрлі саяси ұйымдардың бойлай енуі идеясымен түсіндіруге болады. Осылайша, екі мемлекетте (1983 жылы Аргентинада, 1986 жылы Бразилияда) де демократияның оралуымен еңсерілген күреске қатысты ымыраға қол жеткізді: адам құқығы үшін күрес және әлеуметтік теңсіздікпен күрес. Және бұл ымыра осы қоғамдарда волонтаризмнің жоғары деңгейі, жалған қағидаттар, тұрпайы ауытқулар пен бітпейтін «жалған жаңалықтар» арқылы орнықты. ■

¹ Тиісінше: 2012 жылғы 13 қыркүйек және 8 қараша; 2013 жылғы 18 сәуір, 8 тамыз және 13 қараша және 2014 жылғы 8 ақпан.

Хаттарды Рамиро Карлос Умберто Каджано Бланкоға <ramirocaggiano@gmail.com> және Наталья Тереза Бертиге <natalia.berti@urosario.edu.co> жолдауға болады.

> Польшадағы радикалды ұлтшылдық жаңа контрмәдениет пе?

Жустина Кайта, Вроцлав университеті, Польша



Ұлтшыл күштер ұйымдастырған
Тәуелсіздік күні шеруі, Варшава, Польша,
2011. Уикипедия, Creative Commons

Соңғы жылдары ұлтшыл және оңшыл популистік партияларды қолдаудың артуы көп елдердің әлеуметтанушылары мен саясаткерлері арасында қобалжу туындатып отыр. Польшада радикалды ұлтшыл ұйымдар 2015 жылдан бері, яғни «Заң және әділеттілік» (PiS) консервативті партиясы парламенттік сайлауда жеңіске жеткеннен соң, айқын бола бастады. Ұлтшыл пікірталастардың көбейгендігін Еуропа және радикалды оңшыл партиялардың көші-қон мен егемендік сияқты тақырыптар айналасында белсенді болып, дауыс жинайтын басқа мемлекеттерінен байқауға болады.

Қазіргі заманда Польшадағы радикалды ұлтшылдық дегеніміз

не? «Ұлы Польша» үшін күрес нені білдіреді? Осы сұрақтарға жауап беру үшін ұлтшыл ұйымдар мүшелеріне зерттеу жүргіздім. Ұйымға мүше болғанына дейінгі өмір жолын, мотивтері мен дүниетанымын сипаттайтын өмірбаяндық нарративті сұқбат алдым.

Ұлтшылдардың өздерін және қызметін сипаттағанына қарап, өзарабайланысы жоқ төрт негізгі категорияны ажырата аламыз. Біріншіден, олар өздерін поляк тарихын білетін және оның саяси дұрыс нұсқасын ұсынатын патриоттар жаңа ұрпағының ұстаздары деп есептейді. Екіншіден, олар – тек дәстүр мен католиктік құндылықтар негізінде поляк сәйкестенуінің қорғаушылары/ (қайта) қалыптастырушылары. Үшіншіден, ұлтшылдар – ЕО, саяси

истеблишмент, 1989 жылдан кейінгі саясат және либералды БАҚ ретінде ұғынылатын «жүйеге» қарсылық білдіретін жүйеге қарсы белсенділер. Төртіншіден, өздерін, поляк қоғамының басым бөлігінен гөрі, мүмкін болатын қауіп туралы білетін және оларды алдын алатын әлеуметтік және саяси белсенді азаматтар деп санайтындар.

Әңгімелері мен ұйымдарының веб-сайттарында жарияланған материалдарды талдай отырып, Польшадағы заманауи ұлтшыл қозғалыс – либерализмге қарсы тұратын және дәстүрлерге бет бұрған контрпостмодерндік әлеуметтік қозғалыс. Мұны контрмәдениеттің ерекше түрі: либералдыққа (солшыл либералдық дискурс пен саясаттың басымдығын «сезінуге»

негізделген), истеблишментке, ЕО-қа, гетерогендікке қарсы – ретінде қарастыруға болады. 1960-шы жылдардағы контрмәдениет прогресшіл ұрандарға негізделген болса, қазір өткенке (мүмкін емес) бетбұрысты байқаймыз, сол уақыттан бері болған өзгерістерді ескерсек, бұл – мүлдем қиын. Осы контрмәдениетті айрықша ететін нәрсе – үкіметтің (PiS) оның бөлшегі болуы. Оның қайтуға ұмтылып жатқан өткен/дәстүрлі құрылым кезеңін нақты анықтай алмауы – тағы бір мәселе: өткен шақ – есеп басталатын нақты сәті емес, абстрактілі ұғым. Заманауи ұлтшыл қозғалыс – саяси тап пен 1989 жылдан кейін нақты, терең өзгерістердің болмауына (декоммунизмдену мен саяси элитаның ұлттық элитаға жеңіл ауысуы) қарсы шыққан жүйеге қарсы қозғалыс. Қозғалыс мүшелері экономикамен емес, мәдениетпен, сәйкестенумен, саясатпен байланысты. Оларға (1) еуропалық өркениет пен поляктылық негізін құрайтын құндылықтарға (ұлт, дін,

дәстүрлі отбасы, тарих) қауіп төну; (2) саяси алаңды екіжүзділік жалмап алғандығына сенімділік; (3) поляк ұлтының толық еркін емес екендігі туралы сезімдері ортақ.

Шынайылық абсолютті дихотомия тұрғысынан қарастырылады: жалпы деңгейде әлем «жақсы» және «жаман» болып бөлінеді (1 кестені қараңыз). «Жақсылық» жағында ұйым үшін ең маңызды құндылықтар: еуропалық өркениет, дін (христиандық), ұлт және отбасы орналасқан. Құндылықтар дәстүр, қауым және моралдық тәртіп қатынасында сипатталған. Олар – жақын, табиғи, мәңгі, сондықтан, шынайы. Сондай-ақ, поляк ұлтшылдығындағы діннің орталық орнын көрсететін категориялардың ажырамайтын екі жұбын байқауымызға болады: (1) поляк ұлты мен католик діні және (2) еуропалық өркениет пен христиандық. «Жамандық» жағында дәстүрлі дүниетанымға қарсы келетін және (басқалардың ішінде) Еуропалық

одақпен сәйкестендірілетін либерализм бар. Материализм, релятивизм және эгалитаризммен бірге либерализм бұрынғы тәртіпті бұзып, қауымның құлдырауына алып келеді. «Жақсы» категорияларға қарағанда, «жамандары» әзірленеді және сыртқы билікпен/топпен «мәжбүрлі» таңылады. Осындай шындықта саяси тап, Еуропалық одақ, гомосексуалистер мен босқындар негізгі жауға айналады. Олар біртекті, ұйысқан және егеменді ұлтқа қауіпті деп танылған ерекшеліктер мен құбылыстарды персонификациялайды.

Радикалды ұлтшылдық екі маңызды эмоцияға: сенімсіздік пен абыройға негізделген. Ұлттық, еуропалық, жаһандық деңгейлерде болып жатқан саяси, экономикалық және мәдени өзгерістерді ескерсек, сенімсіздік – ортақ және жиынтық сезім және ұлтшылдық үшін жеткілікті шарт емес. Алайда, әлемді дихотомиялық түсінумен байланысты

Кесте 1. Ұлтшыл қозғалыс дискурсында нақтылықты дихотомиялық пайымдау

ЖАҚСЫ	ЖАМАН
дәстүр, қауымдастық және тәртіп	либерализм, эгоизм және азғындық
Еуропалық өркениет (шынайы, мәңгілік, тамырланған дәстүрлер)	Либералдық демократия (ЕО тәртіп ретінде, тоталитаризм, өшпенділік, беймәлім, өтірік, қауіптілік)
Өміршең христиандық құндылықтар (Католик діні, адамгершіліктің қайнар көзі, табиғилық)	Адам құқықтарының Ағарту идеологиясы және релятивизм (жасандылық, объективті ақиқаттың болмауы)
Ұлттық қауымдастық (органикалық біртұтастық, иерархия, бостандық, жоғары билік, тәртіп)	Космополиттік хаос және эгалитаризм (материализм, мифтенген/қиялдан туған эгалитаризм, қауымдастық пен тәртіптің құлдырауы)
Дәстүрлі отбасы (деннің саулығы, қауымдастық)	Қатынастардың либералдық/солшыл үлгісі (саясаткерлер, БАҚ, феминистер, гомосексуал лобби; аурушаңдық, азғындық, зиян)

Дереккөз: Жалпы Поляк Жастары, Польшаның Ұлттық Өркендеуі және Ұлттық Радикал Топтың өкілдерімен 2011-15 жылдары жүргізілген 30 нарративті сұхбаттың талдауы, материал ұйымдардың ресми сайттарында жарияланады



Ұлтшыл күштер ұйымдастырған
Тәуелсіздік күні шеруі, Варшава, Польша,
2015. П.Драбик/flickr. Кейбір құқықтар
қорғалған.

радикалды ұлтшылдық дискурс күнделікті мәселелердің, оның ішінде лайықты жұмыс, баспана және өмірді сақтап қалумен байланысты қиындықтардың, шешіміне айналуы мүмкін. Қауіпті босқындар өз мәдениетін танып, әлеуметтік баспана мен жұмыс орындарын тартып алатындығы; сексуалды азшылық балаларды қорлайтындығы; халықаралық корпорациялар поляк жұмысшыларын қанайтындығы; либералдар поляк дәстүрлері мен құндылықтарына әдейі шабуыл жасайтындығы туралы аңыздарды поляк қоғамының кейбір бөліктері жақсы қабылдайды. Осындай пікірлер қарапайым жауап пен берік бағдарларды ұсынады да, сенімсіздік ауыртпалығын ойдан шығарылған жауларды жек көруге бағыттайды. Ұлтшылдық – ұлт абыройы:

Польшаның әлемдегі жартылай периферия позициясына қарсылық сезімі. Заң және әділеттіліктің сайлаушыларын зерттеген Мацей Гдула зерттеуі көрсеткен сияқты, радикалды ұлтшылдық – Польшаның символдық мәнін іздеу және «бас көтеру» әдісі. Өзін басқалардан жоғары сезіну мен ғажап – тарихи саналы және бекітілген – мемлекеттілікті құрудың қажеттілігі бар.

Поляк қоғамы ұлтшылдық контрмәдениет билігінің құрсауында қалады ма? Бір жағынан, радикалды ұлтшылдық қолдаудан кем қалайын деп тұрған жоқ, сондай-ақ, оны қандай дискурс алмастырып, заманауи әлем күрделілігін оңай түсіндіретінін анықтау қиын. 2018 жылдың 11 қарашасында наурызында ұлтшыл

ұйымдар поляк үкіметімен бірге Тәуелсіздік күні шеруіне шығып, саяси мүмкіндіктер құрылымының олардың дамуы үшін жайлы екенін көрсетті. Екінші жағынан, оппозициялық, либералды және солшыл көзқарасты ұстанушылар, саясаттағы жағдайының нашар екендігіне қарамастан, поляк қоғамында әлі де белді және белсенді. Олардың беделінің жоғалмағанын жақында өткен жергілікті сайлау нәтижелерінен көреміз: «Заң және әділеттілік» партиясы аймақтық билік органдарында көп орынды жеңіп алғанымен, Польша ірі қалаларының тұрғындары дауыстарын либералды үміткерлерге берген. Келер бірнеше жылда қоғамдық пікірді радикалды ұлтшылдық басып алмай, мәдениеттер пікірталасы арасындағы қарбаластық пен шиеленістің өсуін күте аламыз. ■

Хаттарды Жустина Кайтаға
<juskajta@gmail.com> жолдауға болады.

> Мари Яходадан шабыт алу

Йоханн Бахер, Иоганн Кеплер атындағы Линц университеті, Австрия, **Юлия Хофман**, Венадағы Еңбек Палатасы, Австрия және **Джордж Хубман**, Яхода Бауер Институты, Австрия



Мари Яхода 1937 жылы. Ұсынған: AGSÖ
(Австрия әлеуметтануы тарихының мұрағаты).

социал-демократиялық қозғалысқа қатысуына тыйым салды. Тек халықаралық күштердің араласуы ғана оның кашуына мүмкіндік берді.

Яхода алдымен Ұлыбританияға көшіп келді, ол жұмыссыздық деңгейі жоғары Уэлсттың тау-кен өнеркәсібінде табиғи өндіріс сызбасын зерттеу сынды бірнеше қолданбалы ғылыми жобаларға қатысты. 1945 жылы АҚШ-қа көше салысымен Америкалық еврей комитетінің зерттеу бөлімінде жұмыс істеп, бірнеше эмпириялық зерттеулерді жүзеге асырды. 1947 жылдың соңында Колумбия университетінің қолданбалы әлеуметтік зерттеулер бюросына ауысып, Роберт К.Мертонмен жемісті ынтымақтастықты бастады. 1949 жылы Нью-Йорк университетінде доцент, ал 1953 жылы әлеуметтік психология профессоры болды. 1958 жылы жеке басына қатысты Ұлыбританияға оралып, Брунел университетінің профессоры қызметін атқарды; 1965 жылы Сассекс университетіне әлеуметтік психология фулл-профессор лауазымына қабылданады. Яхода 2001 жылы Ұлыбританияда қайтыс болды. Туған елі Австрияда оның ерекше жетістіктері, тек 1980-ші жылдардың соңында ғана, өте кеш бағаланды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ол Австрияға оралғысы келгенімен, оған ешқандай жұмыс ұсынылмады.

Мари Яхода әртүрлі салаларды қамтитын 250-ден астам мақалалардың авторы: жұмыспен қамту және жұмыссыздық; антисемитизмге қатысты қатынастар мен оларды өзгерту; сәйкестік және авторитаризм; қоғамдық денсаулық сақтау; зерттеу әдістері мен әдіснамасы және психоталдау. Белгілі журналдардағы шолуларының көптігі әртүрлі ғылыми салаларға жан-жақты қызығушылығын көрсетеді.

> Мари Яходадан біз нені үйренеміз

Әлеуметтік зерттеушілер және саясатпен айналысатын азаматтар ретінде, оның ғылыми жұмыстары мен өмірбаянынан не білуге болады? Біріншіден, авторлар ретінде әртүрлі сала өкілдеріміз екенімізді айтқымыз келеді. Біреуіміз университетте әлеуметтану профессоры,

2017 жылы осы мақаланың авторлары белгілі австриялық әлеуметтанушы Мари Яходаның 1931 жылдың соңында Карл және Шарлот Бюлердің жетекшілігімен жазылған, әлі күнге дейін белгісіз докторлық диссертациясын редакциялауға, қаржыландыруға және ұсынуға қатысты. 1932 жылы Вена университеті диссертацияны мақұлдады. Диссертациялық жұмыс Венадағы *Versorgungshäuser* деп аталатын кедей және науқас адамдарға арналған қарттар үйі тұрғындарымен жүргізілген 52 сапалы сұхбатқа негізделген. Бұл жұмысшы тап өмірбаянына құрылған алғашқы эмпириялық зерттеу болды. Сұхбаттар және диссертация XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы онжылдығында жұмысшы таптың қанауда өмір сүру жағдайына ерекше көзқарасты ұсынады.

Сондай-ақ, Яхода Пол Лазарсфельд және Ганс Цейзельмен бірге «Мариенталь: жұмыссыз қауымдастықтың социографиясы» атты әйгілі зерттеуге қатысты. Ол осы баяндаманың негізгі бөлімін 1932 жылдың жазында жазған.

1937 жылы австрофашистік билік оны Австриядан қауырт кетуге мәжбүрледі, ал кетерінің алдында қамауға отырды. 1934 жылдан бері австрофашистік билік оның



MARIE JAHODA

Lebensgeschichtliche Protokolle
der arbeitenden Klassen 1850-1930
Dissertation 1932

Mikroskopischer Porträt über die Autoren von Christian Fleck

Hanser-Verlag

Мари Яходаның 1932 жылғы диссертациясының мұқабасы, жақында, яғни 2017 жылы StudienVerlag жариялады: Marie Jahoda Lebensgeschichtliche Protokolle der arbeitenden Klassen 1850-1930 [Мари Яхода, Жұмысшы табы туралы өмірбаяндық-тарихи жазбалар, 1850-1930], Иоганн Бахер, Вальтрауд Фан және Мейнрад Циглердің редакциясымен.

қажеттіліктеріне негізделуі керек. Осыны ескере отырып, өз талдауларымызды жанды және нәтижелерімізді сенімдірек етеміз (Жаһандық Диалог 8.2 сараптамалық орталықтар туралы пікірталастарды қараңыз). Нәтижелеріміз үлкен аудиторияны тауып, қоғамдық талқылауды ынталандырады (бәріне жағу міндетті емес!).

Соңында біздің талдау адамзаттың дамуына бағытталуы тиіс. Біздің ойымызша, осы уақытқа дейін әлеуметтік ғылымдар, ең алдымен, неліктен қоғам адамзаттың дамуына кедергі жасайды деген мәселеге назар аударып келді. Бұл талдау – жаһандық қоғамдар алдында тұрған күрделі және әртүрлі әлеуметтік мәселелерді қарастыру кезінде өзекті болғанымен, әдетте теріс немесе пессимистік болжам жасауға алып келеді де осындай теріс көзқарас әлеуметтанушылар сәйкестенуінің құрамдас бөлігіне айналып отыр. Яхода ізімен жүре отырып, бір жағынан, ғылыми зерттеулерімізді нақты өмірлік мәселелермен тығыз байланыстыруымыз, екінші жағынан, оптимистік тұрғыдан дамытуымыз қажет. Сондай-ақ, бұл – неолибералдық сараптамалық орталықтар ықпалының артып келе жатқан уақытында ғылыми және саяси пікірталаста академиялық сараптама рөлін нығайтуға көмектеседі. Біздің талдауымыз мына сұраққа жартылай жауап беруі керек: адамзатты дамытуымыз үшін қандай әлеуметтік жағдайлар жасалуы қажет? ■

GD 9 / 1 / CƏYIP 2019

> Португалиядағы Еңбек

Қатынастары және Әлеуметтік Диалог

Элисио Эстанк, Коимбра Университеті, Португалия, және ХӘҚ Еңбек Қозғалыстары (ЗК44) және Әлеуметтік Таптар мен Әлеуметтік Қозғалыстар жөніндегі Зерттеу Комитеттерінің мүшесі (ЗК47) және **Антонио Казими́ро Феррейра**, Коимбра Университеті, Португалия



1974 жылдың 25 сәуіріндегі Қалампыр революциясы бейнеленген Лиссабон көшелеріндегі фреска. Суретті түсірген: Кимбл Янг, Creative Commons.

Португалия – диктатуралық ұзақ кезеңнен кейін (1926 жылдан бастап) 1974 жылы демократиялық өзгерістерге көшуді бастан өткерген жартылай перифериялық ел. Авторитарлық «Estado Novo» («Жаңа мемлекет») кәсіподақтарға мемлекеттік бақылауды заңдастырған және жұмысшыларға қарсы зорлық-зомбылықты жақтаған фашистік корпоратизмнің нормативтік негізін жасаған 1933 жылғы Конституцияға сүйеніп құрылды.

48 жылға созылған авторитаризм кезінде жұмысшы таптың наразылығы сирек және кездейсоқ сипатта болды. Тек 1960 жылдардың соңына таман корпоратистік одақтардың ішінде кейбір ұйымдасқан қарсылық топтары байқалды. Урбанизацияның, жағалаудағы аудандарда тұрғындардың шоғырлануы, кейбір мемлекеттік қызметтердің өсуі және экономиканың үшінші секторының ұлғаюы нәтижесінде жұмыс күшінің арасындағы жаңа ассоциациялық қозғалыс үшін кеңістік ашты (бұрынғыдай жасырын болса да). Оның аясында бүгінгі күнге дейін үстемдік еткен кәсіподақ конфедерациясы (Intersindical Nacional, қазіргі CGTP – Португал жұмысшыларының Жалпы Конфедерациясы деп аталатын) 1970 жылы пайда болды. Алайда, осы кезеңде (1960 жылдың соңынан бастап 1974 жылдың 25 сәуіріне дейін) экономиканың салыстырмалы түрде ашықтығы мен қызмет көрсету секторының өсуіне қарамастан Португалия негізінен ауылшаруашылықты ел болып қалды. Басталған сала мемлекет бақылауындағы экономикасы және жұмыскерлер, кәсіподақтар мен тұтастай алғанда қоғамды бақылауда ұстайтын репрессиялық және күзет режимі арқылы құрылған арзан еңбекке негізделген.

Еңбек қатынастары мен еңбек құқықтарының қазіргі жүйесінің пайда болуына жағдай жасаған Қалампыр Революциясы (1974 жылғы 25 сәуір) болды. Сол кезден бастап ғана португал қоғамында әлеуметтік диалог пен еңбек туралы айтыла бастады. Оған қоса, Португалияның 1976 жылғы Конституциясында мойындалған социалистік жобаны ашық қабылдаған сирек батыс елі болуы сол кезеңдегі (1974-5) әлеуметтік және танымал қозғалыстардың күшеюі арқасында жүзеге асты. Алайда, бұл қақтығыстар мен революциялық кезеңдер де елге қатты ықпал етті (жақсы да, жаман да), қарама-қарсы әлеуметтік үлгілер арасындағы құрылымдық алшақтықты құрады. Ол саяси саладағы антижүйелік идеологиялар арасында бөлінуге ұласты – ПКП (Коммунистік

>>

партия) мен әсіре солшылдар және социал-демократиялық немесе либералдық идеология – СП (Социалистік партия) мен СДП (Социал-демократиялық партия). Бұл қақтығыстар кәсіподақтарда, бір жағынан, CGTP («таптық-негізделген» кәсіподағы қозғалысы мен коммунистік ықпалдағы) және екінші жағынан, 1978 жылы құрылған кәсіподақ қозғалысын басшылыққа ала отырып, Жалпы еңбекшілер Одағынан (UGT – реформистік және диалогқа құрылған тредюнионизм) көрініс тапты.

Жаңа Конституцияға сәйкес құрылған Еңбек құқығы, әсіресе, ертеректе революциялық кезеңдегі қарқынды таптық қақтығысқа ықпал етті. Конституция макроәлеуметтік деңгейде үшжақты құрылымды институцияландырды: 1984 жылы құрылған Әлеуметтік диалогтың Тұрақты Комитеті (КПСС) болды, кейін 1991 жылы Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес (КЕК) болып ауыстырылды. Іс жүзінде әлеуметтік диалог үлгісі және еңбек қатынастары әр түрлі саяси жағдайларға және әлеуметтік әріптестер арасындағы билік қатынастары динамикасына, сондай-ақ экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің дамуына байланысты қатынастар өзгерді. Еңбектің бытыраңқылығы, икемділігі пен сегменттелуінің жалпы үрдісіне сәйкес соңғы 30 жылда әлемдік экономика үшін дағдарыс пен оның салдары әлеуметтік саясатты шектейтін бірқатар заңнамалық өзгерістерге әкеліп соқтырды.

Жақында болған қаржылық-экономикалық дағдарыс Португалияға, әсіресе, Құтқару бағдарламасына (2011-14) қатты әсер етті. Осы кезеңде Португалияда «төтенше жағдай» қалыптасты. Тройка (Еуропалық Комиссия, Еуропалық Орталық Банк және Халықаралық Валюта Қоры) енгізген және алдыңғы оңшыл үкімет ынталы түрде қолдған (бұрынғы Премьер-Министр Пассос Коэльомен басқарған PSD/CDS) қатаң үнемдеу шаралары әлеуметтік және еңбек қозғалыстары арқылы туындаған наразылықтар мен ереуілдер циклына байланысты әлеуметтік шиеленістер тұрғысынан әлеуметтік теңсіздік пен оқшаулануды күшейте түсті.

Осы қатаң үнемдеу жүйесі бюджеттік тапшылықты сақтай отырып және әлеуметтік диалог механизмдерін бұзу арқылы нарықты қалпына тыныштандыруға және тұрақтандыруға бағытталған әлеуметтік ұйым мен саяси және құқықтық институционализмнен тұрды. Қатал үнемдеу шаралары мен «реформистік» неолиберализм күн тәртібі еңбек шығындарын азайту және жұмыстан босату үшін өтемақы, жұмыс уақытын икемді түрде пайдалану және ұжымдық келісімшартты шектеу ниетімен біріктірілді. Атап айтқанда, жұмысшы табына қолданылатын жеңілдіктерді азайту үшін бірқатар символдық заңнамалық өзгерістер жасалды. Конституцияда көзделген кәсіподақ құрылымдарының рөлі де шектелді, оның орнына ол жұмысшы кеңестері мен компания кәсіподақтарына артықшылық берді.

Сонымен бірге еңбек қатынастарын реттеудің басым түрі – «ұжымдық келіссөздер» – еңбек келісімшартының және ұжымдық келісімдердің шектеулілігіне байланысты қатаң тыйымнан зардап шекті. Олар келіссөздер кезеңіне

тәуелді болғандықтан – келіссе де, келіспесе де – жұмыс берушілерге объективті түрде аса қолайлы. Қатал үнемдеу кезеңіндегі ұжымдық келіссөздер жүргізу барысындағы ахуал жұмысшылар мен жұмыс берушілер арасындағы биліктің асимметриясын күшейту арқылы әлеуметтік диалогты бұғаттаудан көрініс тапты. Екінші жағынан, макроәлеуметтік деңгейде Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес (ЭӘК) Тройканың алдында өзіне алған міндеттерінің ықпалы арқылы еңбек қатынастары шеңберін шектеуде маңызды рөл атқарды. Демек, «құрылымдық реформалар» деп аталатын кеңірек процеске енген элементтер еңбек заңнамасының саяси және құқықтық сәйкестігін жоғалтпастан мұндай шешімдерге төтеп бере алмайды.

Нарықтық фундаментализммен сипатталатын қатаң үнемдеу еңбек құқықтарын және әлеуметтік әділеттілікті қорғаудың әлеуметтік рухын көрсететін кез келген заңнамалық бағдарламаларды бұғаттау арқылы қалыптасқан жағдайдың баламалы мүмкіндіктерін заңдастырмайды. Әлеуметтік диалог пен азаматтық қоғам институттары мен ұйымдары өздерінің біріккенін және жаңа үнемдеуді заңдастыруға арналған құралдарға айналдырылғанын қалайды.

Демократияландыру процесінен кейін (1974 ж.), төрт сәтті атап өтуге болады: 1970-1980 жылдар арасында макроәлеуметтік диалогтың кеңеюі және сарқылуы; 1990-шы жылдардағы Еуропалық интеграция және жаһандану процестеріне қатысты әлеуметтік диалогтың қайта орнығуы; үнемдеу шараларының және кейінгі заңнамалық реформалардың енгізілуіне қатысуымен айқындалатын әлеуметтік диалогтағы дағдарыс кезеңі; және соңғысы, қазіргі уақыт, Социалистік Партия, Коммунистік Партия және Солшыл Блоктың арасындағы парламенттік келісімдер арқылы келіссөздер оң келіссөз механизмдерінің маңыздылығы (ұжымдық келіссөздер мен үшжақты механизмдер сияқты) біртіндеп төмендеуі арқылы парламентке көшуі.

Қорытындылай келе, пост-Тройка кезеңі әлеуметтік диалогты қалпына келтіруге жаңа жағдайлар жасайтын жаңа саяси шешім қабылдау үшін кеңістік ашқанын атап өту керек. Осы себепті, бүгінде еліміз әртүрлі солшыл саяси күштері бірлестіктерінің керемет өміршеңдігін көрсете отырып, Еуропалық тұрғыда оппозицияның үлгісі болып саналады. Аталмыш жаңа саяси-еңбек конфигурациясында әңгіме саяси партизандар мен әлеуметтік наразылықтың қозғалыстары туралы ғана болып отырған жоқ, сонымен қатар, одақтар мен келіссөздер процестеріне игі ықпал ететін ахуалды тудыратын кәсіподақ әрекеттері де туралы. Осы шешімге байланысты туындаған күмән мен түсінікке қарамастан, Португалияның тәжірибесі әлеуметтік диалогтың болашағы әлеуметтік және саяси мәселелерді қамтитын әлеуметтік құрылымдар арасында жаңа өзгерістерді болжайды. Бұл экономикалық және қаржылық сауықтыру, оның қайшылықтарына қарамастан, жанжал мен келіссөздер ажырамас, әлеуметтік саясатты қалпына келтіруге және альянстың өкілетті демократия саясатын жандандыруға байланысты болуы мүмкін екендігін көрсетеді. ■

Хаттарды Элисио Эстанк <elisio.estanque@gmail.com> және Антонио Казими́ро Феррейраға <acasimiroferreira@gmail.com> жолдауға болады.

> Жаһандық Диалогтың бенгал тобын таныстыру



Рокея Актер



Асиф Бин Эли



Евнус Эли



Абдулла-Хилл-Мухаймин
Чаудури



Ишрат Жаһан Аймун



Қази Фадия Икбал



Хабибул Хак Хандак



Хасан Махмұд



Мұстафафизур Рахман



Хайрун Нахар



Жувел Рана



Тоуфика Султана



Мд. Хелал Уддин



Рокея Ахтер – ұлттық кеңесші және Бангладештегі даму жобалары бойынша маман. Мамандану аясы – гендерлік мәселелер бойынша шаралардың жоспары, жасөспірімдердің тамақтануы, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ауа райының өзгеруіне төтеп беру. Бангладештегі Дакка Университетінде философия докторы. Докторлық зерттеуі Даккадағы тіл, мәдениет және оқыту саласына арналған. Дакка университетінде «Әлеуметтану» мамандығы бойынша магистратура тәмамдаған.

Әсиф бин Әли – Даккадағы Шығыс университетінде әлеуметтанудан дәріс береді және Бангладештегі ағылшын тілді *Daily Observer* газетінде редактордың көмекшісі. Сонымен қатар 2017 жылдан бері Аустралияның Квинсленд Орталық университетінде ғылыми қызметкер ретінде жұмыс атқарып жүр. Ол әлеуметтану магистрі дәрежесін Үндістандағы Нью-Делидің Оңтүстік Азия университетінде алған. Ғылыми қызығушылықтары аясына ұлтшылдық, терроризм, идентификацияның қалыптасуы, дін әлеуметтануы және табиғи апаттардың тарихы енеді.

Мд.Жүніс Әли – Дакка Университеті әлеуметтану факультетінің студенті. Ғылыми қызығушылықтары: гендерлік мәселелер мен даму, қоғамдық денсаулық сақтау және балалардың әлеуметтенуі.

Абдулла-Хилл-Мухаймин Чаудхури – қазіргі кезде Quantum Consumer Solutions қызметкері болып жұмыс істейтін нарықтың сапасын зерттеуші. Әлеуметтанудан бакалавр және магистр дәрежесін Дакка Университетінде алған. Оны зерттеуші ретінде Бангладештегі әлеуметтік конструкциялармен байланысты діни нарративтердің өзгеруші үлгілері қызықтырады.

Еашрат Жаһан Айамун – Дакка Университеті әлеуметтану кафедрасының оқытушысы. Дакка Университетінде бакалавр және магистр дәрежесін алған. Оның зерттеу аясына гендерлік қатынастар мен азық-түлік қауіпсіздігі жатады.

Казі Фадия Икбал – әлеуметтанудан бакалавр және магистр дәрежесін алған, енді философия магистрі дәрежесін алуға дайындалып жүр. Қазіргі таңда Оңтүстік Азиядағы әлеуметтік өзгерістер Институтында адвокация бойынша директор және желілік бөлімінде жұмыс жасайды.

Хабибул Хак Хондкер, философия докторы (Питтсбург Университеті), БАЭ, Әбу-Даби, Зайед университетінде әлеуметтану профессоры және Халықаралық Әлеуметтанушылар Қауымдастығы әлеуметтік өзгерістер мен даму әлеуметтануы зерттеу комитетінің (ЗКО9) тең төрағасы. Ғылыми қызығушылықтары аясына жаһандану теориялары, миграция, мемлекет, азаматтық қоғам, десократия, саясаттағы әскерилер мен ашаршылық енеді. Хондкер Брайан Тернермен бірге *Globalization: East/West* (SAGE, 2010) шығарды, сонымен қатар Горан Терборнмен бірге *Asia and Europe in Globalization: Continents, Regions, and Nations* (Brill, 2006) кітабын редакциялады және Ян Недервин Питерспен бірге *21st Century Globalization: Perspectives from the Gulf* (Dubai and Abu Dhabi: Zayed University Press, 2010) жазды.

Хасан Махмуд – Катардағы Солтүстік-Батыс университеті

резиденциясында доцент. Ол Лос-Анджелестегі Калифорния университетінде әлеуметтану бойынша доктор дәрежесін, жаһандық зерттеулер бойынша магистр дәрежесін Токионың София университетінде, сонымен қатар әлеуметтану бакалавры және магистрі дәрежесін Бангладештегі Дакка Университетінде алған. АҚШ-тағы Болл-Стейт-Университетінің әлеуметтану факультетінде шақырылған оқытушы болды. Оның педагогикалық және ғылыми қызығушылықтары аясына әлеуметтанулық теориялар, жаһандану, халықаралық миграция мен даму, идентификация сасаты мен жаһандық этнография енеді. Оның зерттеулері *Current Sociology*, *Migration and Development*, *Contemporary Justice Review* және *Journal of Socioeconomic Research and Development* басылымдарында жарияланды.

Мұстафизур Рахман – Дакка Университеті әлеуметтану факультетінің магистратурасында оқиды. 2018 жылы оқудағы орасан зор жетістіктері үшін алтын медаль алды. Зерттеулері медициналық әлеуметтану мен денсаулық сақтау салаларын қамтиды.

Хайрун Нахар – CS Care Limited–те логопед. Оның лингвистика бойынша бакалавр (үздік) және магистр дәрежесі, сонымен қатар Дакка Университетінің логопедия мен сөйлеу терапиясы саласындағы әлеуметтік ғылымдар магистрі дәрежесі бар.

Жувель Рана – Erasmus зерттеушісі, Франциядағы EHESP қоғамдық денсаулық сақтау Мектебінде оқуын жалғастыруда. Ғылыми қызығушылықтарына ластаушы заттардың, улы металдардың, эндокриндік ауытқулардың табиғи ортаға әсері және сонымен байланысты балалардың табиғи және когнитивті денсаулығы факторлары жатады. Ол қоршаған табиғи орта тазалығы, әйелдер мен балалар денсаулығы, жүрек-қан тамыры мәселелері, темекі шегу, денсаулықтың әлеуметтік себептері және денсаулықпен байланысты теңсіздік туралы мақалалар мен кітап тарауларын әртүрлі ұлттық және халықаралық журналдарда жариялады. *South Asian Journal of Social Sciences* журналының атқарушы редакторы және Даккадағы SAIST-тың тең құрылтайшысы.

Туфика Сұлтана Канаданың Саскатчеван Университетінің Әлеуметтану бойынша PhD студенті. Ғылыми қызығушылықтарына қартаю және психикалық денсаулық, денсаулық және аурулар әлеуметтануы, демография, әлеуметтік теңсіздік, табиғи апаттарды басқару және оларға төтеп беруді зерттеу жатады. Ол Канадаға PhD бағдарламаға кеткенге дейін Бангладештегі Шығыс Университетінде әлеуметтанудан дәріс берді. Сонымен қатар Бангладеште BRAC-тың Зерттеулерді бағалау Бөлімінде (RED) жұмыс жасады. *South Asian Journal of Social Sciences* журналының тең редакторы және Даккадағы SAIST-тың тең құрылтайшысы.

Мд. Хелал Уддин – Шығыс университетінде әлеуметтану оқытушысы, Бангладеш. Дакка Университетінде әлеуметтану бакалавры және магистрі дәрежесін алған. *South Asian Journal of Social Sciences* журналында редактор көмекшісі және SAIST-та директор көмекшісі (зерттеулер мен инновациялар бөлімі). Ғылыми қызығушылықтарына қоршаған орта әлеуметтануы, денсаулық әлеуметтануы мен постмодернизм жатады.